

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

Х.В.Бекбосынова

**ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА ҰҒЫМДАРЫМЕН ЕТІСТІҢ
ҰШТАСУЫ (КӨРКЕМ ШЫҒАРМА МӘТІНДЕР НЕГІЗІНДЕ)**

**6М020500 – Филология магистрі
академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған**

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

Павлодар – 2015

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Инновациялық Еуразия университеті

«Қорғауға жіберілді»
«Журналистика және филология»
кафедрасының меңгерушісі,
филол. ғ. д., проф.
_____ А.Р.Бейсембаев
«__» _____ 2015__ж

МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ

**ТАҚЫРЫБЫ: ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА
ҰҒЫМДАРЫМЕН ЕТІСТІҢ ҰШТАСУЫ (КӨРКЕМ ШЫҒАРМА
МӘТІНДЕР НЕГІЗІНДЕ)**

Мамандығы: 6М020500 – Филология

**Орындаған ФИЛк(М)-201 тобының
магистранты _____ Х.В.Бекбосынова**
(қолы)

**Ғылыми жетекшісі
филол. ғ. д., профессор _____ Ғ.Е.Имамбаева**
(қолы)

Павлодар – 2015

АНДАТПА

Бұл магистрлік диссертация етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасу ерекшеліктерін қарастырады. Магистрлік жұмыстың өзектілігі қазақ жазушыларының көркем шығарма тіліндегі етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуын табу және анықтау болып табылады.

Магистрлік диссертацияның бірінші бөлігінде етіс категориясының теориялық негіздері, етістің функционалды грамматикадағы орны және етіс категориясының семантикалық-синтаксистік сипаты қарастырылған.

Диссертацияның екінші бөлігі қазақ жазушыларының шығармаларындағы етіс тұлғалары жинақталып, оның стильдік сипатын көрсетуді және етісті оқытудағы инновациялық технологияларды қолдануын қарастырған.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы қазақ тіл білімінде лингводидактикалық аспектіде және ғалымдардың теориялық көзқарастарын, ой-тұжырымдарын, ұстанған бағыттарын арнайы зерттеу сол ғылым саласының қалыптасу, даму тарихын қазіргі тіл білімінің жетістіктері және жаңа салаларымен сабақтастығын теориялық тұрғыдан пайымдауға жол ашады.

Зерттеуде алынған нәтижелер және зерттеу материалдары оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда, морфология пәні, функционалды грамматика бойынша лекциялар курсына кеңінен қолдануға болады. Диссертацияның кейбір деректері мектеп оқушыларына арналған қазақ тілі бойынша оқу-әдістемелік құралдар құрастыруға, арнаулы курстар мен факультативтік сабақтарға бағдарлама жасауға қолдануға болады.

АННОТАЦИЯ

Данная магистерская диссертация рассматривает особенности соотносительности залога и понятий функциональной грамматики. Актуальность магистерской работы состоит в определении и обосновании соотносительности залога и понятий функциональной грамматики на языковом материале художественных текстов казахских писателей.

В первой главе магистерской диссертации рассматриваются теоретические основы категории залога, его семантико-синтаксические характеристики и место в функциональной грамматике.

Вторая глава магистерской диссертации рассматривает материалы исследования языковых единиц, извлеченные методом сплошной выборки из текстов художественных произведений казахских писателей, а также раскрывает инновационные технологии при изучении залога.

Теоретическая значимость диссертационного исследования заключается в дальнейшей разработке и конкретизации проблем изучения категории залога в общетеоретическом и лингводидактическом аспектах. Результаты исследования могут быть использованы в практических целях при изучении и исследовании казахского языка, отдельные положения работы могут быть использованы в вузовских курсах по общему и сопоставительному языкознанию, в написании статей.

Практическая значимость диссертации состоит в возможности использования ее материалов и результатов в составлении учебников и учебных пособий по морфологии, функциональной грамматике, факультативов и спецкурсов по углубленному изучению казахского языка.

ABSTRACT

This master thesis examines particular correlation of voice and concepts of functional grammar. The urgency of the master's work is to determine the justification of correlation and concepts of functional grammar linguistic material of Kazakh writers' art texts.

In the first chapter of master's thesis deals with the theoretical basis of the categories of voice, the place of voice category in the functional grammar and semantic and syntactic characteristics of the category of voice .

The second chapter of the master's work consists of study materials of the language units extracted by continuous sampling of the texts of artistic works of Kazakh writers, as well as disclose the innovative technologies in the training of voice.

The theoretical significance of the research is to further the development and concretization of the problems of studying the category of voice in general theoretical and linguadidactical aspects. The results can be used for practical purposes in the study and research of the Kazakh language, certain provisions of the work can be used in university courses in general and comparative linguistics, writing articles.

The practical significance of the work lies in the possibility of using its materials and results in the preparation of textbooks and manuals on the morphology, functional grammar, specialized courses and electives in-depth study of the Kazakh language.

АНЫҚТАМАЛАР

Морфология	сөздердің морфологиялық құрылымы мен типтері, морфемалар мен олардың түрлері, сөздердің түрленуі, олардың формалары мен сөздердің лексика-грамматикалық топтары туралы ілім.
Етіс	тілде қатынас идеясын репрезентациялайтын, субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы.
Етіс категориясы	деп амалдың (істің) субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ, керісінше субъекті мен объектінің амалға (іске) қатысын білдіретін формалардың жүйесін айтамыз.
Грамматика	Грамматикалық құрылыстағы тіл бірліктерінің функцияларын (қызметін) және олардың заңдылықтарын объектетіп зерттейтін грамматика түрі.
Функционалды грамматика	негізгі объектісі – грамматиканың ішінде «мазмұнын – тұлға, ұғымнан – үлгіге» сияқты тілдік бірліктерді зерттейтін бағыт.
Семантика	сөз мағынасын, сөз құрамындағы элементтердің өзара мағыналық қарым-қатынасын, сөз мағынасы түрлерінің даму заңдылықтарын зерттейді.
Функционалды-семантикалық өріс	дегеніміз «белгілі бір семантикалық категорияға негізделіп, семантикалық қызметінің ортақтығына қарай өзара әрекеттес келетін грамматикалық және лексика-грамматикалық, сондай-ақ әр түрлі аралас (лексика-синтаксистік т.б) тілдік құралдар тобы».

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 1 Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 жарлығы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы»
- 2 Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І «Тіл туралы» Заңы

МАЗМҰНЫ

Нормативті сілтемелер	
Анықтамалар	
Кіріспе	9
1 Етіс категориясын зерттеудің теориялық негіздері және негізгі ұғымдарының анықтамасы	12
1.1 Етістің функционалды грамматикадағы орны.	12
1.2 Етіс категориясының семантикалық-синтаксистік сипаты	29
1.3 Модальділік категориямен етістің ұштасуы	35
2 Етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуының негіздемесі	43
2.1 Ортақ етістің жақтылық категориямен арақатынасы	43
2.2 Етісті оқытудағы инновациялық технологиялар	52
2.3 Етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуы бойынша эксперимент	68
Қорытынды	70
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	72

КІРІСПЕ

Бұл магистрлік диссертация етістің функционалдық грамматика ұғымдарымен ұштасу ерекшеліктерін қарастырады. Қазіргі заман тіл білімі – дамудың биік шыңына көтеріліп келе жатқан кең салалы, көп тармақты ілім. Оның құрамында әртүрлі лингвистикалық бағыттар, мектептер, зерттеудің әртүрлі әдіс-тәсілдері бар. Оның сипатын, бүгінгі күйін басқаларынан бөлініп алынған жеке бір мектеп, я зерттеудің жеке бір әдіс-тәсілі көрсете алмайды, оған өресі жетпейді. Сол бағыттарды, мектептерді, әдіс-тәсілдерді бірлікте алып қараған жағдайда ғана тіл білімінің қазіргі күйін, сипатын толық түсінуге болады.

Осыған орай, жекелеген ғалымдардың мұрасын оқып-үйрену – ғылым үшін, оның болашағы үшін аса маңызды қажеттілік. Лингвистикалық мұраны зерттеу жалпы тіл білімінде, соның бірі түркі тілдерінде, ғылым туралы ғылым ретінде әбден орныққан, қалыптасқан дәстүр болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген, «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін негізгі міндетті шешу ұсынылған болатын. Солардың бірінде: «Тілдің, ең алдымен мемлекеттік тілдің, елімізде қоғамдық өмірде қызмет ету аясын кеңейту. Тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу және тілді оқу орындарында оқыту мен үйрену әдістемелерінің сапасын жақсарту тілдерді оқытудың төлтума бағдарламалары тіл үйрету мен оқытудың жаңа әдістемелерінің қажеттілігіне мән берілген болатын.

Зерттеудің өзектілігі:

Әр сөз табын нақты оқушыларға түсіндіру барысындағы ең қиыны етістік және тікелей етістікке қатысты етіс категориясы. Грамматикалық формаларының көптігі мен мазмұнының байлығы жағынан және қызметтерінің қарымдылығы мен сан-салалығы жағынан етістіктер тіліміздегі сөз таптарының жүйесінде төтенше орын алады. Грамматикалық категориялар берілетін мағынасы жағынан үш түрге бөлінеді: объективті, субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қатынасын білдіретін (жақ, шақ категориясы) қимылдың орындалуын қарастырады (етіс, оның түрі және т.б.). Етіс категориясы субъекті мен объектінің өзара әр түрлі қатынаста болуынан, яғни бастауыш пен толықтауыштың сөйлемдегі қатынасынан пайда болатын категория. Етіс категориясы тіл білімінде аз зерттелген. Оқушылардың тілін дамыту үшін қазақ тілі сабағында өздері бағдарлама бойынша өтетін қазақ әдебиеті сабақтарында етіс тұлғаларын жинап, оның стильдік сипатын көрсету.

Басқаша айтқанда, шығармалар арқылы етісті қолдану ерекшеліктерін зерттеу. Бұл диссертациялық жұмыстың өзекті мәселеге арналғанын білдіреді.

Зерттеу нысаны. Функционалды грамматикадағы етіс теориясы

Зерттеу пәні. Қазақ әдебиеттегі етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасу ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Етіс категорияларының қолданылуын ғылыми тұрғыда зерделеп, етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуын қарастыру.

Зерттеу міндеттері.

- ұсынылған тақырыптың ғылыми-теориялық негізін айқындау;
- етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуын көрсету.

Зерттеудің дереккөздері. 5,6 сыныптың қазақ әдебиетінің оқулығы бойынша көркем шығармалардан етістер теріліп, карточкалар жасалды. 1980 жылы Алматыда «Жазушы» баспасында жарық көрген, жазушының «Ақбілек», «Қартқожа» романдағы ортақ етістерді теріп, 200 карточкалар жасалды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негіздері. Жалпы тіл білімі жекелеген тілдерді зерттеудің негізінде дамиды. Сондықтан жекелеген тіл білімі өкілдерінің зерттеулері ұлттық тіл ғылымының тарихындағы теориялық бағыттар мен мектептердің, оның көрнекті өкілдерінің алатын орны мен рөлін анықтауда ерекше маңызды болып табылады. Қазақ тіл білімінде ғалымдардың теориялық көзқарастарын, ой-тұжырымдарын, ұстанған бағыттарын арнайы зерттеу сол ғылым саласының қалыптасу, даму тарихын қазіргі тіл білімінің жетістіктері және жаңа салаларымен сабақтастығын теориялық тұрғыдан пайымдауға жол ашады. Жұмыстың ғылыми негіздері ретінде тіл теориясы бойынша (Бахтин М.М., Бейсембаев А.Р., Маслов М.Ю., Дмитрюк Н.В.); жалпы тіл білімі (Соссюр Ф., Гумбольдт В., Балли Ш., Щерба Л.В.); қазақ тіл білімі (А. Байтұрсынов, С.Аманжолов, А.Қалыбаева, С.Исаев); қазақ тілін оқыту мәселелері бойынша практикалық және теориялық зерттеулер (Қ. Бітібаева, Р. Әміренова, Ж. Мұсаұлы, А. Зейнуллина, Ғ. Имамбаева); лингвокультурология (Момынова Б.К., Бейсембаева С.Б., Мағжан С., Ешимов М.) бағыттары негізге алынды.

Зерттеу әдістері. Жұмыстың зерттеу әдістеріне тіл білімінде қалыптасқан бірқатар ілгерінді әдіс-тәсілдер алынды. Тарихи-салыстырмалы, бақылау, жинақтау, сипаттау, индуктивті-салғастырмалы, дедуктивтік салғастырмалы әдістер де қолданылды.

Зерттеуде алынған нәтижелер және зерттеу материалдары оқулықтар мен оқу құралдарын жасауда, морфология пәні, функционалды грамматика бойынша лекциялар курсына кеңінен қолданылады. Жұмыстың кейбір деректері ғалымның еңбектері туралы энциклопедияларда, қазақ тілі бойынша анықтағыштарда қолданылады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Көркем шығарма тіліндегі етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуын табу және анықтау

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар. Диссертациялық жұмысты қорғау төмендегідей тұжырымдар ұсынылып отыр:

- Көркем шығарма тілінде етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуы арқылы туынды мазмұнын ашуда өзіндік рөлі анықталады.
- Жақтылық пен модальділік категорияларымен байланысы бар.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Зерттеу нәтижелерін мектептерде факультатив сабақтарыда, арнайы курс, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында, қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту сыныптарында, лицей, колледж, жас ғалымдарға немесе филология факультетіндегі қазақ бөлімі студенттері үшін курстар мен семинарлар жүргізуге қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының жариялануы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдеріне, сонымен қатар қала мектептерінің өзге ұлт өкілдерінің басқа да пән мұғалімдеріне оқыту семинар ретінде ұсынылды.

- Диссертациялық жұмыс келесідей публикация ретінде жарияланды:
- Функционалды грамматика:етіс категориясының жүзеге асырылуы.// «Голоса молодых» (опыи лингвистических исследований). – Павлодар қ.,2014 ж. – 33-37 б.
- Функционалды грамматика:етіс категориясының жүзеге асырылуы.// «Collegu.usoz.ru» интернет-журналы. 02.12.2014ж. [http:// Collegu.usoz.ru/publ/45-1-0-19648](http://Collegu.usoz.ru/publ/45-1-0-19648)
- Ж.Аймауытовтың шығармаларындағы ортақ етіс тұлғаларының стильдік сипаты.//«ХҮ Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференция. – Павлодар қ., 2015 ж. – 247-254 б.
- Ж.Аймауытовтың шығармаларындағы ортақ етіс тұлғаларының стильдік сипаты.// «Collegu.usoz.ru» интернет-журналы. 15.12.2014ж. [http:// Collegu.usoz.ru/publ/45-1-0-19650](http://Collegu.usoz.ru/publ/45-1-0-19650)
- Функционалды грамматикадағы етістің ерекшеліктері // «Үздіксіз білім берудің өзекті мәселелері» атты Т.С.Садықовтың еске алуға арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Павлодар қ.,2015 ж. – 162-166 б.
- Функционалды грамматикадағы етістің ерекшеліктері// «Collegu.usoz.ru» интернет-журналы. 27.11.2014ж. [http:// Collegu.usoz.ru/publ/45-1-0-19647](http://Collegu.usoz.ru/publ/45-1-0-19647)

- Етіс категориясының қолдану аясы// «Голоса молодых» (опыи лингвистических исследований). – Павлодар қ., 2015 ж. – 40-44 б.
- Етіс категориясының қолданыс аясы.// «Collegu.ucoz.ru» интернет-журналы. 11.03.2015ж. [http:// Collegu.ucoz.ru/publ/45-1-0-19649](http://Collegu.ucoz.ru/publ/45-1-0-19649).

Зерттеу жұмысының құрылымы. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан тұрады. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі берілген.

1 Етіс категориясын зерттеудің теориялық негіздері және негізгі ұғымдардың анықтамасы

1.1 Етістің функционалды грамматикадағы орны

Қазақ тілі қазіргі кезде он миллионан астам халықтың қарым-қатынас тілі болып отыр. Ұлан ғасыр ата мекеніміз қандай кең болса, жеріміз де, пейіліміз де, сондай бай. Тіл – табиғаттың адамға берген сыйы. Тілсіз қоғам болмақ емес, тіл тағдыры – ел тағдыры. Ұлтымыздың бүгінгі, ертеңі ана тіліміздің дамуына байланысты. Яғни әдемі сөйлеу, қатесіз жазу, тілді білудің бастамасы. Бүгінгі ұстаздардың алдындаға басты проблемасы осы. «Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектебінің қандай негізінде болуына барып тіреледі», - деп атақты ақын педагог М. Жұмабаев айтқан. Қазақстан Республикасының жаңа «Білім туралы» Заңына мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық даму, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер еңгізіліп отыр.

Дарынды да талапты жастар – бүгінгі егеменді елеміздің жарқын болашағы. Осыған орай, елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Бізге керегі – шын дарындылар. Нарқы қол – аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», - деп жеткіншектер болашағына үлкен мән берген. Ондай оқушыны тек қана тіл арқылы өсіруге болады.

Тіл білу ұлтаралық қарым-қатынасты, мәдениетті жақсарттады. әрбір халықтың жылдар бойы жасаған мәдениетінің, оның озық үлгілерін таныту арқылы баланы сол уақытқа құрметтеп қарауға тәрбиелеумен бірге, оның тілге деген сүйіспеншілік сезімін оятады. «Тіл туралы» Заңға сәйкес республикада мемлекеттік тіл-қазақ тілін дамыту, қоғамдық ортада оның әлеуметтік қолдану аясын кеңейту, республикада тұратын түрлі ұлттардың қарым-қатынас құралына айналдыру мақсатында көптеген маңызды істер жүзеге асырылды. Соның бірі – ұлт мектептерінде қазақ тілін оқыту заңды жүйеге көшті. Ана тілі білімнің кілті дегендей ана сүтімен бойымызға дарыған

қазақ тілінің құдіреттілігі-оның орындылығында, өрлігінде, орасан зор байлығында. Тіл тазалығы барлық уақытта керек. Бағымызға қарай тілді үйрену, өмірлік қажеттіліктің ақ жолы қазақ тілі үшін енді басталды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл-қазақ тілін білу- әрбір азаматтың міндеті. «Өнер алды – қызыл тіл», - дейді халқымыз сол өнердің де, білімнің де алды адамдар қарым-қатынасында, басты құралы тілде талай-татлай қызық бар. Пайымдап қарасақ, ана тіліміздің сөздік қоры мол, оралымызды екенін көреміз. Тіліміздің сан алуан сырын, қызық құбылысын оқушыларға грамматиканы оқып үйрету арқылы меңгере аламыз. Ал қазақ тілінің грамматикасы екі үлкен саласыдан тұрады: морфология сөздің құрамын, сөз тұлғасы ерекшеліктері, мен сөз табы қасиеттерін зерттесе, синтаксис сөздердің байланысу заңдылықтарын, сөз тіркесі және сөйлем синтаксисін қарастырады.

Адам санасында түйінделген ұғымдар сөзбен белгіленгенімен, органикалық бірлікте емес. Сол себептен әр халықтың тілі әр басқа. Әр тіл өзінің ішкі дамуына сәйкес әр алуан өзгеріске түсіп, тілдің грамматикалық құрылысы қалыптасады. Сөз және сөздің грамматикалық құрылымы туралы анықтама беру үшін, басқа тілдерде қолданылатын кейбір грамматикалық терминдерді қолданбас бұрын, тілдік материал негізінде анықтап алу қажет.

Қорыта келе айтарымыз, Әр халықтың тілі басқа, тіл ішкі дамуға сәйкес өзгеріске түсіп, грамматикалық мағынасы қалыптасады. Ал грамматикалық мағынаны түсіну үшін оның зерттелуіне келесі жолдарда қысқаша тоқтала кетеміз.

Сөздердің грамматикалық құрылымын қарастырмас бұрын, «сөз» дегеніміз не және ол қандай тұлғаларға бөлінеді деген мәселеге тоқталады. Сөзге анықтама берудің әртүрлілігі қай ғалымның қандай тілді зерттеп, қай тұрғыдан айтқан пікіріне байланысты әртүрлі болып келе береді. Сол сияқты түркі тілдерін зерттеуші мамандар тарапынан сөзге берілген анықтамалар ішінде де айырмашылықтар кездесіп отырады. Оған Н.А.Баскаков (1963), Э.В. Севортян (1971) берген анықтамаларды, сондай-ақ белгілі қазақ ғалымы Н.Сауранбаев дәлелдемелерін келтіруге болады. Тілші-ғалым Ы. Мамановтың сөз, морфема туралы пікірі жоғарыда айтылған анықтамалардан басқаша. «Қазіргі қазақ тілі» еңбегі мен «Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік» атты мақаласында түбір сөз бен түбір морфеманың өзіндік айырмашылықтарын ғылыми негізде сипаттап көрсетеді [1, 18-20], [2, 6-8].

Белгілі лингвист ғалымдардың «морфема тілде дербес қолданылмайтын, тек сөз құрамында қолданылатын сөз бөлігі» дейтін анықтаманың флексивті тілдерге бірдей ортақ қағида екендігіне назар аударады.

Орыс тілі – флектив (жүйелі) тіл, ал қазақ тілі – аглютинативтік (жалғамалы) тіл. Орыс тілінің сөздік құрамына енетін атауыш сөздер лексика-грамматикалық формалар (словоформа), яғни орыс тіліндегі сөздер түбір сөз және сөздің грамматикалық формалары деп екі топқа бөлінбейді. Ы.Е.Мамановтың көрсетуінше, қазақ тіліндегі негізгі түбір сөздерді, орыс тілінің үлгісімен механикалық түрде, морфемаға жатқызу дұрыс емес. Орыс тілінде түбір сөз (корень) дербес сөз емес, ол – «сөз мұқылы» ғана. Орыс тілінде сөз бөлшектеріне бөлінбейтін мужской род формасындағы зат есімдер ғана. Олар грамматикалық формалармен түрленгенде, қазақ тіліндегі түбір сөздер тәрізді өзінің бастапқы қалпын сақтайды. Бірақ бұлар зат есімнің мужской родын білдіретін грамматикалық форма болып саналады. Ал, қазақ тіліндегі түбір сөздер грамматикалық форма емес, олар сөз таптарының форма тудырушы қосымшаларымен түрленгенде ғана грамматикалық формаға енеді [1, 8].

Грамматикалық құбылыстар жөнінде пікір алалығы түркі тілдерін зерттеушілер арасында жиі кездеседі. Осымен байланысты форма тудырушы қосымшалар мен жалғауларға берілген түсініктемелер әлі де жеткіліксіз бе деген ойға саяды. Сөйтіп, қазақ тіліндегі қосымшаларды тілдік материалға сәйкес, тілдің аглютинативті табиғатына сүйенген ғалым Ы.Е.Маманов сөз тудырушы және форма тудырушы деп екі топқа бөліп қарау арқылы ғана сөздің морфологиялық құрылымын лингвистикалық тұрғыдан дұрыс тануға болады деп есептейді.

Қазақ тілі аглютинативті тілдер тобына жатады. Сонымен байланысты сөзжасам және сөзтүрленім қызметін көбінесе қосымшалар атқарады. Қосымша термині алғашқы грамматикаларда «приставка», «послелог», «частица» делініп түрліше аталды. «Қосымша» терминін алғаш қазақ тіліне енгізген белгілі ғалым А.Байтұрсынұлы жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейтіндерді – жұрнақ деп атаған. Қ.Жұбанов болса, жұрнақ терминінің орнына «үстеу» терминін қолдануды ұсынған. Ал Ы.Е.Маманов қосымшаларды, ең алдымен, не сөз жасайтын қосымшалар не форма ғана жасайтын қосымшалар деп жіктеу қажет деген концептуалды пікір ұсынады. Кейін Ы.Мамановтың осы концепциясын дамытқан ғалым С.Исаев қосымшаларды осы негізде бөліп көрсеткен. Ғалым еңбегінде қосымшаларды осы үлгіде жіктеуде өзгешелік кездеседі. Ол сөзжасам қосымшаларының бір тармағы етіп – функциялық қосымшалар деген бөлікті қосады. Бұл қосымшалар - *-дай*, *-дей*, *-ша*, *-ше*, *-сыз*, *-сіз*, *-ғы*, *-гі* қосымшалары. Ғалым бұл қосымшаларды жаңа сөз де тудырмайтын, форма да тудырмайтын, контексте ғана өмір сүретін сөзжасам қосымшаларының ерекше қолданысы деп атайды [5, 226].

Қазақ тіл білімінде жоғарыда аталған қосымшалар Ә. Болғанбаев, Ә.Төлеуов, Ибатов, Ғ.Қалиев, М.Томанов, А.Ысқақов т.б. ғалымдар еңбектерінде сөзжасамдық қырынан біржақты ғана қарастырылған.

Бұл аффикстердің форма тудыру қызметін ашып айтпағанмен, өзіндік ерекшелігіне баса назар аударған Ғ.Мұсабаев пен Н.Оралбаева болды.

Бәрімізге мәлім: ең қиыны морфология саласында етістік бөлімін меңгеру. Соның ішінде етістіктің етіс категориясын оқыту. Белгілі қазақ зерттеуші Аққал

Қалыбаева – Хасенова өз еңбектерінде осы туралы мынадай пікір айтқан: «Етістік деген тұтас ұғыммен оның түбірін айырып, ғылыми тұрғыдан шегін анықтап, дәлелдеп, жүйелі түрде көрсету үстінде бұлардан басқа да толып жатқан ерекшеліктер мен қиыншылықтар, даулы мәселелер мен қайшылықтар кездеседі. Соның бірі етістіктің етіс категориясы. Бұл категория жөнінде қазақ, қарақалпақ, башқұрт, өзбек, түркімен, азербайжан, қырғыз т.б. түрік тілдерінде арнайы зерттеліп жеке еңбектер, мақалалар жарияланып, тюркологтар бас қосып, айтыс, жиналыстар өткізіп, белгілі топшылаулармен ғылыми қорытындылар жасап, әрі қарай зерттеуді керек ететін даулы мәселердің бетін ашып салды». /3-6/ Етіс категориясының зерттелуіндегі осындай жетістіктерге қарамай, қазақ тілі грамматикасында бұл мәселе күңгірт қалып өз орнын ала алмай келеді. Қазіргі кезде мектепте тіл оқыту барысында да етістіктің етіс категориясына көп көңіл бөлінбейді. А.Хасенова айтқандай: «Ең алдымен етіс категориясының бөлінуі, сөз жасау және сөздерді түрлендіру категорияларына қатысы, сабақты және салт етістіктер мен ауыстүйгесі, етістіктердің басқа грамматикалық категориясымен байланысы, сондай-ақ, лексика мен грамматиканы, морфологиямен синтаксисті жақындастырудағы рөлі». Орта мектептерде қазақ тілін жүргізетін ұстаздар етіс категориясы туралы көптеген сұрақтар қойып жүреді, өйткені мектеп грамматикасында, жоғары оқу орнындарына арналған құралдарда да ғылыми тұрғыдан жеткілікті мағлұмат аз [3].

Р. Сыздыкова етіс категориясының тарихын зерттеп айтса, өз кітабында етіс туралы мынадай мағлұмат береді: «Қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіретін етістіктің түрін етіс дейміз» [4].

А. С. Аманжолов орыс тілінде жазған «Глагольное управление в языке древнетюрских памятников» деген еңбегінде етіс туралы осылай жазған: «Өзара бірлескен етіс аффикспен бірліскен қимыл, екі немесе бірнеше субъектік қосылған қимылы (көпше түрге сәйкес келеді) айтылса тура ауыспалы етістіктің тура толықтауышпен меңгеруі өзгермейді (форма жасауы) мысалы: үлэ «бөлу» - үләш -үләс-бірге болу , бөлісу (салыстыру қазақша үлес бөлу, тарату) Сөзлэ - сөйлеу, айту - сөзләш- «бірнемені» бірлесіп айту, яғни таллқылау, «кэс»- кесу , аралау -кәсім- кесуге көмектесу немесе кесуде жарысу, тут- ұстау, тұту, ұстап алу - тутум - бірге ұстау , бірлесіп ұстау, ұстауға көмек көрсету және т.б. Руникалық мәтін тілінде өзіне назар аударылатың ауыспалы етістік йоққыш жою, құрту, ол йоқ «жоқ» атауынан-қыш форманта арқылы жасалған, онда -қ тарихи етістіктің интенсивтік аффиксі болып табылады, ал -ыш- аффиксі өзара бірлескен етіс

аффиксі. Жалпы йоққыш етістігі интенсивтік жинау қимылын білдіреді.(құрту, жою) және тура объектіні меңгереді.

Мысалы: Булмыш түші-н тәң үлхүр біз. (USP-28) Одан (сол жерден) алынған тән бөлшектерге бөлеміз; Ол маңа йығач кәсіліді (МК2, 110, үзб. бас) Ол маған ағашты кесуге көмектесті, ол мана кәйік тутушды (МК-2, 94 үзб. бас), ол маған аңды ұстауға көмектесті. Ортақ етіс аффиксімен бір-бірімен бірлескен қимыл, екі немесе субъектерледің қосылған қимылы айтылады. Бірлескен қимылдың екінші субъекті жиі грамматикалық жалама септікпен көрсетеледі(аты көмектес, барыс септіктірде немесе бірлэ деген шылаумен) Сонымен бірге ортақ етіс аффиксі тура ауыспалы етістікті жалама ауыспалы етістікке айналдырып жібереді: соқ-соғу , ұру>соқуш «қағысу, біреумен кездесу , біреумен кездесіп қалу» Мысалы: Утру әкі айлығ кіші оғлы- н-соқушмыш (ThS,2) Ол екіайлық баламен кездесіп қалды; Бай эр қоны үркүрэт бармыш бөрікэ сооқушмыш (ThS,40), Байдың қойы, үркіп, қашты да қасқырмен кездесіп қалды;

Егер бірлескен қимыл субъектілері логика арқылы бір біріне тура объекті болса, бірақ грамматикалық бұл көрсетілмесе, онда ортақ етіс тура ауыспалы етістікпен ауыспалы емес өзара ортақ өздік етістік ретінде уғыға болады, мысалы; көр-көру>көруш - өзара көрісу, кездесу. Мысалы; олар іккі тутушдылар (МК-2,94үзб.басыл.), ол екеуі бір-бірімен ұстасып қалды.

М. Кашгарский сөздігінде ортақ етіс аффиксі қимыл етістігінде бірлескен, қос қимыл күй етістігі -бастау, біртелігі, интенсификациясы және т.б. орта бірліскен (медиялдық) мазмұнын білдіріп ауыспалы емес етістікке қосыла алады. Мысалы: тэз-«жүгіру»>тэзім -«бірге жүгіру», қачө «қашу» қағыш - «бір-бірінен қашу», бар- «кету, жүру» барыш» бару, біреу-біреуге бару; жүріге көмектесу немесе жарысу», сүчі- «тәтті болу» сүчүш- «тәттіге айналу» (МК-2, 107, 98, 100, 92 үзб. бас. қара) [5].

Тіл білімінің атасы А. Байтұрсыновтың «Тіл тағылымы» деген еңбегінен қарасақ, етістікте 10 түрлі етіс бар деп

жазады. Олар: сабақты, салт, ортақ, өздік, өзгелік, беделді, ырықсыз, шығыс, дүркінді, өсіңкі етістер. Ортақ етіске ғалым осындай анықтама береді: «Ортақ етіс дейміз – іс жеке істелмесе, мәселен, бала жарысты, жау соғысты, балуан күресті. Бала жалғыз жарысуға болмайды, біреумен жарысады, жау өзімен өзі соғыспайды, біреумен соғысады; балуан өзімен-өзі күреспейді, біреумен күреседі». Осындай жеке істелмейтін екі жақтан істейтін істерді көрсететін сөздерді ортақ етіс дейміз [6]. Академиялық грамматикада етіс категориясы осылай көрсетіледі: «Мектеп оқулықтары мен арнаулы курстарда негізінен 4 түрге бөлініп баяндалып келген бұл категория арнаулы зерттеушілер еңбегінде 5-ке бөлініп тұр. Мұның өзі соңғы жылдары дәстүрге айналып отыр. Мағыналық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметіне және тұлғалық ерекшеліктеріне негізделіп, қазақ тіліндегі етістерді де: негізгі етіс, өздік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс және өзгелік етіс деп 5-ке бөлуге болады» [7]. Бұл пікірді А.Ысқақов та толық қолдайды: «Етістер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналары мен қызметіне қарай төмендегідей 5 түрге бөлінеді: 1) негізгі етіс 2) ортақ етіс 3) өзгелік етіс 4) ырықсыз етіс 5) өздік етіс.

Оның ойынша, ортақ етіс – с (ыс, - іс) жұрнағы арқылы негізгі етіс формасынан (етістік негізінен) жасалады. Бұл жұрнақ негізгі етістікке амалды (істі) кем екі я онан да аса субъекті қатысып жүзеге асыратындықты білдіретін мән үстейді, демек, бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді. Мысалы: айтыс, әкеліс, ат салыс, апарыс, көріс, келіс, қарас, таныс, артыс т.б [8].

М.Ә.Қараев өз пікірі осындай: «Тілімізде жылқы тебісті, сиыр сүзісті, Әбіш Шәкенмен сөйлесті дегендер дағдылы құбылыс. Тебісу, сүзісу, сөйлесу қимылдарын екі жақтан бірдей болғандықты көрсетеді, сондықтан мұндағы қимылдар бір ғана субъектінің жеке қимылы емес, бірнеше субъектіге тән ортақ қимыл.

Бір ғана субъекті тарапынан істелмей, бірнеше субъект арқылы ортақ істелетін, я болатын іс-қимыл туралы ұғымды

білдіретін етістіктің семантикалық құбылуы ортақ етіс деп аталады. Ортақ етіс түбір етістікке және есім негізді, кейде етістік негізді туынды етістіктерде – с (- ыс, - іс) жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: көр-көріс, өр-өріс, таны-таныс, сүй-сүйіс, сана- санас, сұра-сұрас т.б.

Ортақ етіс формасындағы сөздердің туынды етістік, етіс я есім мағыналары ерекше формалармен сараланбайды, айтылмайды, олардың грамматикалық құбылуынан (жіктелуінен, септелуінен т.б.) айқындалады: Бөліс, жарыс, егіс, алыс дегендер етістік, етіс мағынасында жіктеледі де, шаққа, райға түрленеді. Ал есім мағынасында бұлар септеледі, тәуелденеді.

Ортақ етіс – с (ыс, - іс) жұрнағы арқылы негізгі етіс формасынан (етістік негізінен) жасалады. Бұл жұрнақ негізгі етістікке амалды (істі) кем екі я онан да аса субъекті қатысып жүзеге асыратындықты білдіретін мән үстейді, демек, бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді. Мысалы: айтыс, әкеліс, ат салыс, апарыс, көріс, келіс, қарас, таныс, артыс т.б [8].

Кесте 1 - Етіс категориясының түрленуі

Етістік	Етіс	Есім
Жарыст ым Жарыст ың Жарыст ы	Жарыстық Жарыстыңда р Жарысыпты	Жарысқа түсті Жарысқа қатысты Жарыс басталды
Жарысад ы Жарысқа н Жарысты	Жарысып келеді.	Жарыс бастады Жарыстың нәтижесі Жарыстан қалмайды

Ортақ етіс формасындағы сөздердің кейбіреулері көбінесе, етіс сөз болып қалыптасып кеткен. Мысалы: сөгіс, туыс, жиналыс, отырыс, мәжіліс, жел + іс, ағыс (заманның ағысы) [9].

Жоғары оқу орындарына арналған проф. С. Аманжолов «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» атты еңбегі күні бүгінгі дейін үлкен мәнге ие болған.

Ғылыми еңбекте етістердің туралы маңызды сөз болады. Әсіресе автордың: «Бұл жұрнақтар жалғанған етістіктер де сөйлемдегі өзінен бұрыңғы жалғаулы сөздерді өзіне тартатын солай болса, басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсетін ерекше қасиеті бар дәнекерлер», - деген ойларына назар аударайық. Мысалы: ортақ етіс жұрнағы туралы айтқанда, ғалым оның негізінде бір түрлі: - л, - ыл, -іл екендігін көрсетеді. Автордың пікірі бойынша: «Бұлар етістік түбіріне жалғанып, табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларды керек қылады» - дейді. Аманжоловтың айтуынша, барлық - с, - ыс, - іс жұрнақтары жалғанған етістіктің бәрі ортақ етіс бола бермейді.

Мысалы: «Ат жемін жеп тауысты» дегенді «Мен оның түйісің қарастым» дегенмен салыстырыңыз. Алдыңғысы ортақ етіс бола алмайды, түбірі айқын емес. Алдыңғы «тауысу» жалпы айтылған, белгілі бір субъектің қимылына дербес қатысы жоқ.

Ал, соңғынікі, біреудің істеп жатқан ісіне дербес қатынасып, істеу бар екенін көрсетеді. Білекке - білек, іске - іс жалғасады. Міне осындай ғана ортақ қимыл (етіс) дей аламыз. Қазақ тіл білімінің негізгі салушы, белгілі түркітанушы С. Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» еңбегінде етіс категориясына берген анықтамасы тарихта болған басқа зерттеулердің етіс категориясына деген көзқарастарынан өзгеше екендігін аңғарамыз. Бұл туралы тілші - ғалым А.Қалыбаева «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» деген еңбегінде С. Аманжоловтың өз сөзімен өзгешелікті келтіріп жазады: «Кемі екі субъектінің қимылы қатыспаған етістік етіс қатарына қосылмайды кейбіреулердің ойында, жұрнақ жалғанған етістік түбірі түгелімен етіс болатын сияқты. Бұл нағыз формализм, мағынаны керексіз қылушылық, - деп етісті: өзгерек, ырықсыз және ортақ деген үш түрге бөлген» [3].

Өз еңбегінде С.Аманжолов ең алдымен етістердің жұрнақтары негізінде үшеу екенін көрсетеді. Олар: өзгелік етіс жұрнақтары, ырықсыз етіс жұрнақтары, ортақ етіс жұрнақтары. Сонымен қатар, автор осы еңбегінде етіс жұрнақтарының әрқайсысына толық мынадай сипаттама береді:

- Өзгелік етіс жұрнақтарының өзі үш түрлі:
- -қыз, -ғыз, -кіз, -гіз;
- -дыр, -дір, -тыр, -тір;
- -т;
- Ырықсыз етіс жұрнақтары. Бұлар екі түрлі:
- -л, -ыл, -іл;
- -н, -ын, -ін;
- Ортақ етіс жұрнағы. Бұл негізінде бір түрлі: -л, -ыл, -іл; [2].

Сонымен, етіс категориясының қазіргі қазақ тілінің грамматикасынан алатын орнын белгілей отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Орыс ғалымдары XIX ғасырдың екінші жартысынан түрік тілдерін зерттей бастады. Сол кезден бері жазылған еңбектерде тілдің басқа салаларымен бірге етіс категориясы да сөз етілді. Бұл мәселе жөнінде қазақ тілін зерттеушілер түрік жүйелі тілдерді тексеруге алғашқы қадам болған бұл ғалымдарды, олардың ішінде «Алтай тілі грамматикасының» авторы А.Архангельский және П.М.Мелиоранский, тағы басқалардың кейбір пікірлеріне сүйеніп, күні бүгінгі дейін пайдаланып келді. Бұл жерде етіс категориясын беруде профессор С. Аманжоловтың рөлі ерекше. Өйткені етіс саласындағы басқа зерттеулерге қарағанда проф. С.Аманжолов негізінен етістің үш түрін қалыптастырды. Бұлар осы күнге дейін кеңінен қолданылуда. Қазіргі таңға дейін С. Аманжоловтың қазақ тілінің етіс категориясының зерттеу еңбегі мектеп оқулықтарында ғана емес, жоғары оқу орындарының оқу құралдырында да тиісті орнын алып келеді [2].

С.Аманжоловтың зерттеуіне сүйене отырып, қазақ тілідегі етіс - өз алдына белгілі мағыналық ерекшелігі мен тұлғалық көрсеткіштері бар, қалыптасқан синтаксистік категория екендігін анықтаймыз. Қорытынды: етіс – грамматикалық

құрылыста әбден қалыптасқан, қызметі мен мағынасына сай, белгілі тұлғасы бар, етістіктің синтаксистік категориясының бірі.

Қазақ тіліндегі етіс категориясының зерттелу тарихына шолу жасасақ етіс категориясы туралы көптеген еңбектер жазылғанмен, оның синтаксистік құрылысынан нақты зерттелу болған жоқ екендігін аңғарамыз. Мәселен, М.А. Казем-Бектің жазған еңбегінде біріншіден, «етіс деген терминді дұрыс пайдаланбағандықтан, етістің болымсыз түрін «отрицательный залог» деп қате айтса, етіске жататын атауларды «етіс» деп атамай, «етістік» деумен қанағаттанғанын көреміз. Екіншіден, М. А. Казем-Бектің өздік пен ырықсыз етістердің жасалуындағы тұлғалық ұқсастығының себебін көрсетпек болып, тілдің ерекшеліктерін, мазмұнның тілден алатын орнын жоққа шығарғаны» [2-74].

Қазақ тіліндегі етіс категориясы туралы ең үлкен зерттеу еңбектерінің бірі – А. Қалыбаеваның «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» деген кітабы. Мұнда еңбек авторының қойып отырған ең басты мәселесі: түрік системалы тілдерде бір түбірге бір ғана емес, екі не бірнеше етіс жұрнақтарының қатар қосылып, айтылуы заңды екендігі.

Етістің морфологиялық кейбір негізгі белгілерін көрсетіп, «етіс» деген терминді дұрыс қолданып, етісті:

1) өздік, 2) ырықсыз, 3) ортақ, 4) өзгелік, - деп төрт түрге бөліп қараған П.М. Мелиоранский мен А.К. Боровков [2-75].

Тіл маманы А. Қалыбаева етістіктің салт және сабақты болып бөлінуін өз алдына бір мәселе екендігін, ал етіс те өз алдына тиянақты дербес категория екендігін анықтай отырып, бұл екеуінің бір-бірімен тығыз байланыста болатындағын көрсеткен.

Етіс категориясын мүмкіншілігімізше жан-жақты зерттеуіміз қажет. Етіс категориясын етістіктің тұлғалық ерешеліктерінің негізгі етістіктің негізгі бір саласы екендігін айқындап жүйеге салумен ғана тыңбай, оның беретін мағынасы мен сөйлемде атқаратын қызметтің ерекшеліктеріне де кеңінен тоқталуымыз керек.

Осы мақсатпен біз өз мүмкіншілігімізге қарай ортақ етіс тұлғалардың Ж.Аймауытовтың шығармалары арқылы ерекшеліктеріне және стильдік сипатына көңіл бөлдік.

Шағын нәрседен бастау керек. Қазақ филологиясында Ж.Аймауытовтың шығармаларының тілі аз зерттелген, әсіресе ортақ етістің қызметі. Ж. Аймауытовтың жазықсыз жазаға тартылып. Оның шығармаларын оқуға тыйым салынғалы (1929 жылы ол ұсталып, 1931 жылы арамызда кетті). 1989 жылы 60 жыл толыпты. «Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті Республикада 30 жылдары орын алған зорлық – зомбылықтың, социалистік Заңдылықты бұзудың құрбаны болып, жазықсыз жазаға ұшыраған қазақ мәдинетімен әдебиетінің бір топ қайраткерлерін ақтау туралы қаулы қабылдады» - деп атақты сыңшы академик С. Қирабаев сол қаулы бойынша ақталған кейін 1989 жылы шыққан Ж. Аймауытовтың ең тұңғыш шығармаларының алғы сөзінде жазған. Ғалым айтуынша, Жүсіпбек қазақ қоғамы дауының ең бір күрделі кезінде, әлеуметтік революциялар дәуірінде өмір сүрді. Сол дәуірдің қайшылықты сипаттарында бойына сіңірді. Сондықтан оның шығармаларындағы, көз қарасындағы қайшылықты, сәттерді көргенде, оның себебін алдымен дәуірдің күрделігіне іздеуіміз керек. Сонымен бірге жалпы өнер адамына тән сезім ырқында кетіп, өңірді өз ыңғайына, ұғымына лайықтап түсіндірілген тырысуда Жүсіпбек басында болды. Сондықтан оның кейбір пікірлері өз дәуіріндегі Совет саясатымен қиғаш келіп қалған тұстары да жасырын емес.

Бұл ең алдымен жазушының кедейлер мүддесін жырлап, оларды шығармаларына кейіпкер етіп аяғымен үнемі тап тартысы, кедей мен байдың күресі идеясына ашық бара берметінен көрінеді. Ол тап көлеміне шығып, жалпы қазақтың тұтастығын, елдігін көздеуге, адам балалсының бәріне ортақ гуманистік идеяларға ауысып кетеді. Көңілдегі ойын толық жеткізбей, басқа нәрселерді суреттеуге бұрыла салады. Бұл өзгешілікті жазушы шығармаларынан тану қиын емес. Бір кезде Жүсіпбек осы үшін сыналды, таяқ жеді. Бүгін жеке адамға табыну кезінде, социализм принциптерінің бұзылғаның анық

көріп отырған тұста, Жүсіпбек шығармаларындағы жалпы адамдық (оның ішінде қазақтық) идеяның туу заңдылығының түсінгендей боламыз. Жүсіпбек шығармаларын байындап оқыған адам, оның қателіктері мен қайшылықтары емес, біз үшін ең маңыздысы жазушының жаңа советтік шындықты танып, мойындап, оның келемегін айқын болжаудан туған еңбектерң екенін көре алады. Сонда ғана советтік дәуірінде туған қазақтың жаңа әдебиетінің өркен жаюындағы Жүсіпбектің орнын және ролін айқын түсінетін боламыз [12-6]

Енді сол үшін Ж. Аймауытовтың шығармаларына көңіл бөлейік. Жүсіпбек Аймауытов – қазақтың тұңғыш психолог ғалымы, «Мен Жүсіпбектей шебер жазушыны бұрын-сонды көрген емеспін» – деп атақты қазақ жазушысы Б. Майлинде айтып кеткен ғалым, профессор А. Ф. Зейнуллинаның «Ж. Аймауытұлының шығармашылық шеберлігі деген еңбегінде қазақ романының тууы және ондағы Ж. Аймауытұлының тарихи ролін және романдағы психологизмін өте үлкен шеберлікпен жазған.

Ғалымның айтуынша, 1920 жылдары жарық көрген көрген романдарын тақырып жағынан үш жікке айқындауға болады. Біріншісі – қазақ қыз –келіншектерінің бас бостандығы, екіншісі – халықтың әлеуметтік теңсіздігі, таптық күресі, үшіншісі – бұқараның жаңа заман, жаңа өмір құрыға күресу жолы, оның қалыптасқан бейнесін жасау шеберлігі ескеріледі.

Осындай ізденіс толқыннан кейін, қазақ әдебиетіндегі роман жазуға алғашқы ұмтылысты құңарлы қалам, күрделі талант иесі – Ж.Аймауытұлы жасады. Жүсіпбек Аймауытұлы әдебидамудың шкі заңдылықтарын тереңнен игере отырып, үлкен прозаның тұңғыш ретінде «Қартқожа» романын жазады. Жүсіпбек Аймауытұлының «Қартқожа» романы алғашқы қазақ романы деген әқиқатты академик С.Қирабаев «Ж.Аймауытов» атты монографиясында: «Қазақ әдебиеттегі роман жасауға ұмытылыс жиырмасынша жылдардың орта тұсынан басталады. Оның алғашқы үлгісін Ж. Аймауытов жасады. Оның «Қартқожасы – тек жазушының бұл жаңырдағы алғашқы туындысы ғана емес, бүкіл қазақ совет романының төл басы.

1926 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылды. Бұдан бір жыл кейін С. Сейсулиннің «Тар жол, тайғақ кешуі шықты. Бірақ бұл тарихи мемуарлық кітап еді. Онда жзушы революция жылдары өзі көрген, қатысқан әлеуметтік тартыс оқиғаларын ешбір әдеби қоспасыз декеті фактілер көлемінде суреттеді. Көркем шығарма тән оқиғаны жинақтап, бейнелеп, тиісті әсерін жазушы қиялымен жетілдіріп, суреттеу әдісінен Сәкен саналы түрде бас тартты. Ол шығарманың деректілігін тарихилығын сақтады. Жазылу, басылу мерзімі қатарлас болғанымен «Қартқожаның», «Тар жол, тайғақ кешуден» жанрлық форма жағынан айырысатын жері осы. Әйтпесе, екеуі де, үлкен прозаның үлгілеріне жатады» [13-15-16].

Жүсіпбек Аймауытұлының шығрамаларында лирикалық шегіну, пікір қозғау, көсілтіп, баядау, кемелдеп суреттеу, табиғат құдіретін, портретті толығырақ бейнелеу, ұтымды, монологтарды беру шеберлігі кеңірек көрінеді. Жазушы өзіне елеулі еркіндік беріп, кеңістікті, уақытты, ортаны, өмір – құбылыс – жаңалықтарын атты аталған шығармаларында тиісінше қамтиды.

Адам мінезін-келбетін даралап ашқызатын тартым, мінез қақтығыстары нанымды, құнырықты жайлар сан қырынан баяндалады.

Ж.Аймауытов – Мағжантанудың, Сұлтанмахмұттанудың негізін салушысы, қара сөзден жыр құйған сөз зергері, көркем әдебиетінің шыны. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов Ж. Аймауытовты ұстаз деп санаған.

Профессор А.Зейнуллина айтуынша: «...әдебиеттің көк жиегінен қос қырандай көрінген М.Әуезов пен Ж.Аймауытұлының сырлы, сұлу сөздерін ежектеп түсіндермеу керек, оны елтіп түсіну керек. Ол үшін тек қана тебіре оқу, тербеле тыңдай керек. Сонда ғана шапағатты сөз нұры. Сіздің көкірегіңізге кеп ұялайды, мәңгі сақталады.

Әлемнің халықтардың, ұлттық рухани жетімсіздігін ұлы тұлғалар толтырыды. Азат ел ұрының, алашордашылар, аманатын арына айнаодырған өз ұлты шарқ ұрып таппай

жүрген жоғарыдағы идеяны – «қазақ идеясын» Ж. Аймауытұлы көркем шығармашылықпен – ақ уағыздай білді» [13-17].

Осы салада жас ұрпақты Ж.Аймауытовтың шығармаларын әдебиетті тереңдетіп оқыту жайында неге көңіл бөлуіміз керегін белгілі ғалым – ұстаз Қ.Бітібаева: Ж.Аймауытов – ақын жазушы, драматург, сыншы, публицист, аудармашы. Өзінің қоғамдық саяси ғылыми педагогикалық еңбегімен тарихымызда өшпес із қалдырған, патшаның отарлау саясатына қарсы күреске, бүкіл өмірін қазақ халқының ұттық мүдделеріне арнаған, сол үшін жазықсыз жапа шегіп, құрбан болған үлкен қайраткер, әнші домбырашы, актерлік қабілеті бар, «сегіз қырлы бір сырлы» тума талант екендігін деп жазады [15-247].

Ұстаз ғалым: Ж.Аймауытов жазықсыз жаламен қырық екі жасында 1931 жылы мерт болып, халқына қайта оралып, Жүсіпбектану ғылымының басталуына көңіл бөлу керек дейді.

Романдарына тоқталғанда мектепте қалай оқытуға ғалым арнайы бағдарлама жазған.

«Қартқожа» романы. Роман қазақтың эпикалық үлгіде жазылған алғашқы шығармаларының бірі. Қазақ кедейінің қарапайым халықтың ауыр тұрмысын көрсеткен, 1916 жылы ұлт азаттық қозғалысы, 1917 жылы революциялардың шындықпен көрінді, қазақ кедейі Қартқожаның өсіп – өркендеуі. Қартқожа – елі үшін күйген, еңбекті сүйнен ер жүректі, жұртшылдық көсемі [14-22].

Романның көркемдігіне, Жүсіпбекке тән шешендік, тіл шеберлігіне тоқталуына керек.

«Ақбілек» романы. Романның тек 1989 жылы жазушы жинағында жарық көруі (негізге қолжазба түрінде сақталған). «Ақбілек» - Ғ: Мүсіреповтың айтуынша - қара сөзден құйылған, дастан – толғау. «Ақбілек» чудесный нәрсе.»

Романның көркемдік ерекшелігі:

а) поэтикалық тілмен, шешен, әдемі шебер, ұйқаспен жазылған қара сөздер айшығы;

ә) романдағы терең психологизм (Ақбілектің жау қолындағы, одан босап, елге келе жатуы);

б) образға құрылған толғауы сипатындағы ғажайып монологтар, ойлы тартысқа құрылған диалогтер;

в) кестелі сөзбен мүсінделген портреттер, адам қайғысымен қабаттаса суреттелінген тағат көріністері. (Табиғаттың да Ақбілекпен бірге зар жылап, Ақбілекпен бірге қан жұтқандай бейнеленуі) [15-248].

Енді қарай зерттеудің негізгі мақсатына көшейік. Ең алдымен стилі деген сөзге тоқтайық. Стилль - белгілі бі тілдегі лексикалық, грамматикалық, фонетикалық тәсілдерін қолданылу принципті айтамыз. Бір ұғымды айтып жеткізу үшін қажеттік тілдік тәсілдері сұрыптап қлдану керек. Стилльдік мазмұны кең, жұмсалатын орны көп. Стилль - Stylus- латынша "жазу құралы". Латын тілінде стилі сөзі жазу мәнері деген мағынада қолданылға. Кейін ұлттық әдеби тілдің қалыптасу дәуірінде кейбір елдерде стилі белгілі бір жанрға тән тілдік құрал деген ұғымда қолданады. Стилистика ең алдымен стилі туралы ғылым. Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары көркем әдеби стиліндегі жазылған шыны, үлгісі.

Көркем әдеби стилі немесе көркем сөз ойды және сезімді образ арқылы бейнелетін айырықша өнер. Тіл көркем шығармада эстетикалық қызмет атқарады. Сөйлеу тілімізде сөздер бұрыннан үйреншікті қалпында қлданылады. Көркем шығармадағы сөздер сараланып, белгілі стилльдік мақсатта жұмсалады. Көркем сөзбен жазылған әдеби шығарма өмір фактілерін жан-жақты терең қамтитын жанды организм. Онда адамда, құста, табиғатта бәрі де қатысады .

Көркем шығарма тілі проблемалық мәселе. Көркем шығарма жасау үшін жазушы шығармадан жазушының өзіндік ерекше стилі байқалап отырады.

Шеберлік - тілге тікілей байланысты, өйткені әдеби шығарманың негізгі құралы тіл. Жазушының стилі-қор. Шығарма жазу үстінде қалыптасатын әр жазушының өзіндік мәнері, сөз қолдану тәсілдері болады.

Жазушының стилі ерекшеліктері жалпы халықтың тілдің жалғасы ретінде дамитын әр тілдік маңызды бөлшегі.

Стилль дегеніміз - ол әр ақынның, әр жазушының тіл ерекшеліктері. Әдеби тіл нормасы жазба тіл арқылы қалыптасып, шындалып отырады. Оның өңделіп жетілуі және халық арасында тарап жалпыға танылуы ұлтық әдебиеттің дамуымен байланысты болады. Әдеби тілмен көркем шығарма тілі екеуі бір ұғымды бідірмейді. Әдеби тіл - ол тек көркем шығарманың ғана тілі емес, жалпы жазба тіл түрлерін қамтиды, әдеби тіл сөйлемде және жазуда пайдаланған,

номаланған тілдік белгілер. Әдеби тілінің көркем шығарма тілінен оның шеңбері тар.

Функциональдық грамматиканың теориялық мәселелерінде (В.Г. Адмоний, А.В. Бондарко, В.Г. Гак, Н.А. Слюсарева, Н.Ю. Шведова, М.А. Шелякина еңбектері), функциональдық – синтаксистік концепциялары, (Г.А. Золотова, Д.Н. Шмелев), функционалды аспектологияның концепциялары (Ю.С. Маслова, А.В. Бондарко, Т.В. Булыгина, М.Я. Гловинский, А.М. Ломова, Д.М. Насилов және тағы басқалар) грамматика мен лексиканың байланысы, ең әуелі, өріс теориясын пайдалануы арқылы қарастырылады. Функционалды грамматика грамматикалық типологиямен тығыз байланыста (С.Д. Кацнельсон, А.А. Холодович, В.С. Храковский, В.П. Недялькова және т.б.) контрастивтік грамматикамен (В.Н. Ярцеваның ғылыми еңбектерінде), грамматикалық семантика бойынша әртүрлі зерттеу бағыттарымен (Н.Д. Арутюнова, Т.В. Булыгина, Е.С. Кубрякова, Е.В. Падучева, О.Н. Селиверстова, Ю.С. Степанова, Н.Ю. Шведова т.б.) мәтін грамматикасы мен психолингвистиканың грамматикалық аспектілерімен тығыз байланыста. Грамматиканың функционалды аспектілері К.С. Аксаков, А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртенэ, А.А. Шахматов, А.М. Пешковскийдің еңбектерінде көрініс тапқан. Грамматикалық зерттеулердің ерекше түрі ретінде функциональдық грамматиканың қалыптасуына Бодуэн де Куртенэнің тілдік ойлау тұжырымдамалары маңызды рөл атқарды. Осыған қоса функциональдық грамматиканың қалыптасуына Ф. Брюноның «Ой мен тіл» атты ғылыми еңбегінің де маңызы зор. Ғалым О.Есперсеннің «Грамматиканың философиясы» атты еңбегі де ұғымдық пен синтаксистік категориялар арасындағы сәйкестікті анықтайды. Кеңес тіл біліміндегі функциональдық грамматиканың теориялық негіздерін қалыптастыруда Л.В. Щерба, И.Мещанинов, В.В.Виноградовтың еңбектері елеулі рөл атқарды. Л.В. Щерба «пассивтік» пен «активтік» грамматикалар арасындағы айырмашылықтардың негіздерін тапты. Осыған орай, сөз формасының грамматикалық функциялары мен синтаксистік құрылым, лексема туралы сөз етуіміз қажет.

Қазіргі кездің соңында зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі-тілдік бірліктерді талдау негізінде олардың функциональдық ерекшеліктерін меңгеруі жатыр. Етісті зерттеу мәселесі ғалым-зерттеушілердің назарынан тыс қалмаса да, бұл категорияның кейбір жақтары, әсіресе, функционалды ерекшеліктері, әлі де болса, толық зерттелген емес. Етіс-тың тақырып. Әсіресе, бұл категорияның функциональдық көрінісі ерекше назар аударарлықтай болып есептеледі. Сондықтан да, етісті функциональдық тұрғыдан қарастыру мәселесі алға қойылып отыр. Себебі, функциональдық сипат арқылы, шын мәнінде, етіс категориясының ерекшеліктері айқын көрініс табады. Функционалды грамматиканың негізгі объектісі – грамматиканың ішінде «мазмұннан – тұлғаға, ұғымнан – үлгіге» сияқты тілдік бірліктерді зерттейтін бағыт болып табылады. Орыс тіл білімінде алғаш бұл бағыт А.В. Бондарко ғалыммен тереңдете, жан-жақты зерттеліп, «ономасиологиялық функционалды грамматика» деп аталған болатын. Функционалды-семантикалық өріс орыс тіл білімі функциональдық грамматикасының негізгі нысаны болып табылады. Олар мағыналық

категорияларға жатады. Алғаш рет «мағыналық категория» термині ғылыми айналымға О.Есперсен ғалымымен енгізілген болатын. Мағыналық категория – адам санасындағы болмыс бейнесі. Адамдардың нақты әлем туралы көріністері бірдей, сондықтан да мағыналық категориялар да, олар үшін бірдей болады. Мағыналық категориялар – ойлау мен тілді, логика мен психологияны тілдің лексикалық материалдарымен байланыстыратын аспап, құрал ретінде болады. Мағыналық категориялар – логикалық пен психологиялық категорияларға негізделіп, тілдік құралдарға ауысады. К. Рысалды функционалды-семантикалық категорияларды «мағыналық категориялардың түрлері» деп атайды [Рысалды, 2007, 120 б.]. Мағыналық категориялар және тілдік функциялар бір-бірімен байланысып, тілдік мағыналық бірлігін құрайды. Жоғарыда айтылған көзқарасты негізге ала отырып, А.В. Бондарко мағыналық категорияларды тілдік құрылым ретінде қарастыру керек деп, оған басқа атауды ұсынған еді. Грамматикалық категориялар өз бастауын логикадан алады. Логикалық пікірлер мен нәтижелер барлық адамзатқа тән болса да, бір тілде ғана болатын категориялар басқа да тілде бола алады. Бұл категориялар әр тілдің грамматикалық жүйесіне бағынып, басқалай көрініс табады. Ғалым З.Қ. Ахметжанованың жетекшілігімен жазған өзінің докторлық диссертациясында М.Жолшаева қазақ тіліндегі «іс-қимыл әрекетінің өту сипатын» орыс пен түрік тілдерімен салыстыра отырып, оны грамматикалық категориялардың ішінен бөліп, лексика-грамматикалық категориялар тобына жатқызады. Профессор А.В. Бондарконың функционалды грамматикасы функционалды-семантикалық өрістер теориясына негізделген. Өзінің жеке әдісі ретінде, А.В. Бондарко «триада» принципінің теориясын қолданып, «функционалды-семантикалық категория теориясының, функционалды-семантикалық өріс, категориялық жағдай» сияқты жақтарын белгіледі. Бұл принциптің жағымды жағы, ол жалпы тілдік семантикалық категорияларын, жүйелілік құрылыс ретінде анықтап, қарастыруында жатыр. А.В. Бондарконың бұл принципі қазақ тілінің функционалды грамматикасын тиісті деңгейде зерттеп, қалыптастыруға зор көмегін тигізеді. Шындығында, етіс аффикстердің функциясы, ең алдымен, олардың жаңа мағыналы сөз, немесе сөз түрін жасайтындығына байланысты анықталады. Мысалы, тілші-ғалым Қинаят Шаяхметұлы қалыптасқан негіздердің одан әрі нақтылы категорияларға орнығуы – екінші кезектегі үдеріс деп түсіндіреді [Шаяхметұлы, 2007, 36 б.]. Жалпы алғанда, етіс мағынасының сипаттамасына субъект пен объектінің арасындағы қарым-қатынастығы енеді: субъект – іс-әрекетті жасаушысы болса, объект іс-әрекетке тап болып, қимылдың бағытын көрсетеді, бұл жайт – етістің анықтамасынан шығатыны, сөзсіз Етіс мәселесі төңірегінде кейбір ғалымдар етісті сөйлем ішіндегі баяндауыштың бастауышқа тікелей қатынасы бар етіп қарастырады. Бұл етістің синтаксистік анықтамасына жатады. Егер де етіс арқылы берілетін қимыл әрекетті субъектіге қатыстырып қарастырсақ, онда етістің анықтамасы семантикалық сипатқа ие болатындығы рас. Сонымен, етісті сөз еткенде, сөйлем көлеміндегі қимылдың тура толықтауышқа бағытталған объектіні ескере отырып, етісті баяндауыштың бастауыш пен тура толықтауышқа қатынастығын айқындау арқылы қарастырған жөн. Осыған қоса,

семантикалық тұрғыдан, бізше, етісті субъект пен объектіге қатынастығы бар қимылды көрсететін етістікке тән категория ретінде қабылдау қажет. Басқа сөзбен айтқанда, етістіктің морфологиялық категорияларына қарағанда, етіс категориясы сөйлем синтаксисімен тығыз байланыста болады. Жүсіпбек Аймауытов шығармасынан келтірілген сөйлемдердегі етіс категориясының синтаксиспен байланысы етістік қайшылықтар мазмұнының, сөйлем мүшерелі мен жағдаят қатысушылары арасындағы әртүрлі біркелкіліктерді көрсетумен анықталады. Етістік – сөз табы ретінде, жағдаяттың негізі болып саналады. Етістіктің айналасында жағдаятқа қатысушылар мен іс-әрекет жасаушылар топтасып, қимыл-әрекет білдіретін етістік сөз табына бағынышты бола келе, субъект пен объектіге бөлінеді. Сөйтіп, етіс сөйлем ішіндегі синтаксистік пен семантикалық деңгей арасындағы тілдік бірліктердің байланыс пен қатыстығын сақтайтын категория есебіне жатады. Етістің жоғарыда көрсетілген сипатына орай, сөйлем ішінде семантикалық пен синтаксистік деңгейлер бірліктерінің сәйкестігін сақтауға да ықпалын тигізеді. Осыған байланысты етіс жүйелі дәрежеге ие категория есебіне жатады. Бастысы – етіс өзіндік табиғатымен тиісті синтаксистік құрылымдар жасауда да ерекше рөл атқарады. Етіс етістікке тән категория болғандықтан, функциональдық тұрғыдан оның лексика-грамматикалық табиғаты сөйлемнің нақты қазығы болатын, тек қана етістік сөз табы шеңберінде ғана айқын ашылады. Мысалы, орыс тіл білімінде етістік туралы ғалым А.А. Потебняның тұжырымдарын алып қарастырсақ, онда етіс формасында субъект пен іс-әрекет объектісінің арасындағы байланыс сөз етіліп, нақтырақ айтқанда, баяндауыштың бастауыш пен толықтауышқа қатынастығы көрсетіледі. Белгілі тілші А.В. Попов етіс мәселесі төңірегінде актив пен пассив конструкциялардың үш мүшелік құрылымын құрастырып, сөйлемдегі субъект пен объектінің бір-біріне өзара тәуелділігін анықтаған. Қазақ тіліндегі етіс категориясының түрлерін белгілегенде, пассив конструкциясына – іс-әрекет жасаушы – субъект жоқ, ырықсыз етісті жатқызсақ, актив конструкциясына іс-әрекет жасаушысы – субъект бар, етістің басқа түрлерін (негізгі, өздік, өзгелік, ортақ) жатқызуды дұрыс деп санаймыз. Жоғарыда етіс жайлы айтылғандарды түйіндей келе, етіс категориясы салт және сабақты етістіктермен тығыз байланыста екендігі рас. А.В. Поповтың ойынша, пассивтік айналымдар, былайша айтқанда, ырықсыз етісті құрылым, сабақты айналымға жатады десе, келесі ғалым-тілші А.В. Исаченко етістің актив пен пассив деген екі формасын белгілейді. Оның ойынша, барлық етістіктер етіс саласының қатынастығына енеді, себебі олардың әрқайсысы сабақтылық пен салттық мағынасына ие болады [Исаченко, 1960]. Етісті сөз еткенде, бұл категорияны етістікке тән екендігін ескере отырып, етістікке қатысты барлық лексика-грамматикалық жақтарымен байланыстыра қараған дұрыс сияқты. Бұндай пікірді өзінің көптеген еңбектерінде ғалым В.В. Виноградов та, грамматика мен лексиканы байланыстыра меңгерудің қажеттілігі туралы айтқан еді. Ал, белгілі тілші А.В. Бондарко етісті субъект пен объектіге қимыл-әрекеттің тілдік семантикалық қатынастығын көрсететін, функционалды-семантикалық категория ретінде қарастырады [Бондарко, 1972, 20 б.]. Етіс өзіндік табиғатын

тек сөйлем ішінде ғана толық ашады. Етіс етістікке тән категория болғандықтан, етістіктің сөз табы ретінде барлық ерекшеліктері де етіс жүйесіне ықпалын тигізетіндігі сөзсіз. Функционалды тіл білімі қазақ тіл білімінде енді ғана қолға алына бастаған сала екендігін ескере отырып, өз тарапымыздан, қазақ тіліндегі етіс категориясының лексика-грамматикалық табиғатын функциональдық тұрғыдан ашуға талпыныс етіп, бағыт алдық. Негізінен, функционалды тіл білімі – тіл табиғатын кешенді сипатта зерделеумен, адамдардың қарым-қатынасында белгілі бір хабарды жеткізуде қолданылатын лексика-грамматикалық бірліктердің қызмет жүйесінің өзара қарым-қатынасындағы заңдылықтарды айқындаумен анықталатындығы рас. Сонымен, «функционалды тіл білімінің басты ерекшелігі – тілдік құралдар қызметі жүйесінің сөйлеу барысында мағына мен мәнді берудегі ортақ заңдылықтарын айқындау, яғни грамматикалық бірліктердің лексикалық жүйе мен контекстің арасындағы ортақ заңдылықтар сөйлеуге қатысты анықталып, талданады» [Қазақстан, 2007, 246 б.]. Жоғарыда айтылғандарға ойымызды дәлірек жеткізу мақсатымен функционалды (қызметтік) таңба деген ұғымға ғылыми анықтама беруді жөн көрдік. Демек, ғылыми анықтама бойынша: «Функционалды (қызметтік) таңба да белгі-таңбаға жатады. Бірақ табиғи таңбалармен салыстырғанда, қызметтік таңбалардың белгілеп тұрған нәрсемен байланысы – олардың объективті қасиеттеріне емес, орындайтын қызметіне негізделеді» [Әлемдік мәдениеттану, 2005, 6 б.]. Жалпы, тіл білімінде етіске қатысты пассив пен актив ұғымдары бар болғандықтан, оның лексика-грамматикалық табиғатын толық функциональдық тұрғыдан ашуды көздей отырып, функционалды-семантикалық өріс аясында пассив, яғни ырықсыз етістің тұжырымдамасын шығаруды жөн көрдік. Әрбір «функционалды-семантикалық өрістің», қысқаша белгілеуін – ФСӨ, деп көрсетпекпіз. Функциональдық тұрғыдан ырықсыз етісті қарастыруымыз – етіс семантикасын функционалды-семантикалық өріс аясында көрсетіп, әртүрлі деңгейдегі элементтермен байланыс пен өзара қатынастық арқылы өтеді. ФСӨ – қазақ тілінің семантикалық функциялары өзара қатынасып, ортақтас негізінде біріккен (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасам, лексикалық, сонымен қатар, қиыстырылып, қосылған лексика-синтаксистік және т.б.) бірдеңгейлік құралдарының жүйесі. Белгілі орыс ғалымы А.В. Бондарконың тұжырымдамалық қағидаларына сүйенетін, «функционалды-семантикалық өріс» - функционалды грамматиканың басты ұғымы ретінде қарастырылады. А.В. Бондарконың тұжырымдамасы бойынша, ФСӨ-тің, негізгі, екі құрылымдық үлгісін шығаруға болады: бірорталықты мен көпорталықты түрлері бар. Біріншісіне – негізінде, грамматикалық категория болатын, қатты күште орталықтандырылған, екіншісінде – негізінде, әртүрлі тілдік құралдарының тиісті жиынтығы болатын, әлсіз орталықтандырылған өріс аялары жатады. ФСӨ-ті, көбінесе, грамматикалық құралдарына аса мән беріп, қарастырып жүрсек те, оның лексикалық жақтары бүгінгі күнге дейін толық зерттелген емес. Осыған байланысты, етісті (ФСӨ) функционалды-семантикалық өріс аясында қарастыру арқылы, бұл категория төңірегінде кешенді зерттеу өткізуі – етістің лексикалық деңгейін ескеруді

талап етеді. Функционалды-семантикалық өріс сатылай құрылым ретінде болып, орта (ядро) мен сыртқы қоршалымға бөлінеді.

Сонымен, ФСӨ-тің орталығында белгіленген семантикалық категорияны көрсететін, тілдің, ең тиісті, құралдары негізделеді. Етістің функционалды-семантикалық өріс ядросы, бір-біріне қарама-қарсы болатын, актив пен пассивтен тұрып, олар, өз тарапынан, актив пен пассивтік екі микроөріске бөлінеді. Етіс категориясын қарастыруда, сөйлемдердің мазмұндық жағына аса мән беру арқылы лексика мен грамматиканың тығыз байланысын айтуға тура келеді.

Тіл білімінде функционалды-семантикалық өріс аясы төңірегіндегі мәселелерді қарастырғанда тілші-ғалым А.В. Бондарко ақпаратты жеткізуде мазмұндық құрылымға ие болатын, категориялық жағдаят ұғымын анықтайды [Бондарко, 1983, 16 б.]. Бұны біз еңбек бетінде КЖ деген белгімен көрсетеміз. Категориялық жағдаят (КЖ), негізінен, төмендегідей жақтармен сипатталады: а) тілдің тиісті ФСӨ-не негізделеді; ә) нақты сөйлеу әрекетінің жалпы жағдаятының бірін көрсетеді. Осындай құрылымды ұсынуда А.В. Бондарко мазмұнның жалпымағыналық (ұғымдық) негізін, сонымен қатар, нақты – тілдік жеткізудің өзгерістерін беретін, олардың баламаларын шығарады. Категориялық жағдаят ұғымымен қатар, тар шеңбердегі, «етіс жағдаяты» - (ЕЖ) ұғымы бар. Етіс жағдаятына – етістің ФСӨ-сі негіз болатын, сөйлеуде тиісті балама арқылы жеткізілетін, типтік мазмұндық құрылым жатады. ЕЖ арқылы етістік қимылының иегеріне қатысты, бағыт сипатын беруге жағдай жасалып, сонымен бірге, жалпы жағдаяттың тиісті бір жағын көрсетеді. Етіс жағдаят ұғымы, етіс семантикасына қатысты, жағдаят элементтерін шығарумен байланысады. Негізінен, ФСӨ құрылымының орталық пен сыртқы қоршалым бөлшектер арасындағы шекаралық шектеулік пен орталықтан сыртқы қоршалымға ауысу қабілеті нақты белгіленіп, сипатталмайды. Кейбір жағдайларда тілдік құралдар өзіндік ерекшеліктері бойынша, ядролық элементтеріне қатысы болса да, басқа ерекшеліктерімен сыртқы қоршалымға жатады, осыған байланысты, белгіленген бөлшектерді құрылымдық аясының қайсыбір сатысына жатқызу керектігінде қиындық туындайды. Етіске қатысты, орыс ғалымы В.А. Богородицкий өзінің ғылыми еңбектерінде сабақтылық пен салттылықты лексика-грамматикалық тұрғыдан қарсылас қойып, етіс байланысты, етістің төрт (негізгі, өздік өзгелік, ортақ) түрін жатқыздық. Шынын айту керек, «актив» ұғымын анықтауда, қайткенімен субъекті қимыл-әрекеттің өтуінде орын алатындығы сөзсіз. Мысалы, негізгі етістің арнаулы көрсеткіштері жоқ. Тіл білімінде: «негізгі етіс деп өзге етіс формаларына таяныш – негіз болатын, солардың түрлерін, мағыналарын, қызметтерін салыстырып айқындайтын форманы – айтамыз» деп көрсетілген [Қазақ тілі грамматикасы, 2002, 283 б.]. Етістің бұл түрінде қимылдың субъектіге мен объектіге қатысы сөйлем көлемінде айқын көрініс табады. Кереку өңірінің ғұлама тұлғасы – Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романын алып қарасақ, шығарманың басталуында жазушы, көбінесе, қимыл-әрекетті жеткізу мақсатында негізгі етісті сөйлемдерді қолданады. Мысалы: «Өскеменнің ар жағасында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар» [Аймауытов, 1989, 146 б.]. «Малын жайлап, шайы

кайнап, ел де орынға отырды» [Аймауытов, 1989, 147 б.]. «Тау күңгірлеп, тас шықырлайды» [Аймауытов, 1989, 150 б.]. «Қане, осыны дауысқа саламын» [Аймауытов, 1989, 151 б.].

Көркем шығармадан алынған сөйлемдердегі негізгі етіс формаларын функционалдық тұрғысынан қарастырсақ, олардың қызметі үш жақтық көрініс табады: - біріншіден, қимыл иесі – субъект, анық көрінбегеннің өзінде-ақ, етістіктің жіктік жалғаулары арқылы беріледі; - екіншіден, субъект бастауыш рөлінде нақты синтаксистік тұрғыдан сипатталады; - үшіншіден, субъект әрі морфологиялық, әрі синтаксистік ерекшеліктермен сипатталады. Негізгі етістегі тұрған етістіктің 3 жақпен салыстырғанда, 1 мен 2 жақта тұрған негізгі етістің субъектісі нақты көрініп, сөйлемдегі қимыл иесі – субъектіге баса назар аударылады. Негізгі етіс қазақ тілі лексикасының жартысынан көбі белсенді қимылды көрсететін етістіктерге тән. Ал көңіл-күйді білдіретін етістіктерде, субъектісі жасырынды тұрған, негізгі етісте субъект қимыл жасаушы емес, тек қимыл иесі болады. Демек, негізгі етісте белсенділік пен көңіл-күй білдірудегі қимылдың субъектік қатынасы теңесіп, көңіл-күй иесі – субъект объекті – агенске айналады. Қимыл мен көңіл-күйді негізгі етісте көрсетудің бір жайты – грамматикалық субъекті – бастауышпен формальдық түрде байланыс пен қатыстықты көрсету. Негізгі етіс, көбінесе сабақты етістіктерден тура толықтауыш қосылу арқылы жасалады, мысалы: «Қазаншы матүшке ас үйде тамақ істеп жатыр екен» [Аймауытов, 1989, 218 б.]. «Сұлу қыз кішкене көк кемзалды тізесіне салып, омырауына ойған тана, күміс қадайды» [Аймауытов, 1989, 262 б.]. Белсенділік қимылды білдіретін салт етістіктен негізгі етіс тұлғасында тұрғандарда тура толықтауыш жоқ. Мысал ретінде мынадай сөйлемді келтіруге болады. «Бауырдан артына таяғын көлденең ұстап, талтандап біреу келеді» [Аймауытов, 1989, 264 б.]. Кейбір жағдайларда негізгі етіс тұлғасында жақсыз етістіктермен қатар, әртүрлі сезімдерді білдіретін етістіктер де, етіс жүйесінде ерекше орын алады. Келтірілген сөйлемдерде етістік 3 жақпен белгіленсе де, субъект болуы мүмкін емес. Мысалы: «Жаңбыр жауды», «Біреудің басы ауырса да, барлықтардың басы ауырмайды». Шынын айту керек, синтаксистік деңгейде етістік лексикасы кең тараған. Негізгі етіс шеңберінде синтаксистік тұрғыдан субъектік қатынастарды құбылмалы түрде көрсетуі – нәтижесінде етістік лексикасын байытып, етістің басқа (ырықсыз, өздік, өзгелік, ортақ) түрлерін дамытуға себеп болды. Көрсетілген мәліметтерден мынадай қорытынды шығаруға олады: сөйлем құрамының пассив (ырықсыз) етіс категориясының семантикалық анықтамасына – субъектінің қимылға қатыстығы жатса, синтаксистік түріне – етістік баяндауышының бастауышқа қатыстығы жатады.

Нақтыланған анықтамалардың басты айырмашылығы – объект күйіндегі толықтауыштың болуында жатыр. Осындай жағдайда, етіс категориясының семантикалық анықтамасы – етісті қимылдың субъект пен объектіге, ал синтаксистік – сөйлемдегі етістік баяндауышының бастауыш пен толықтауышқа қатынасы ретінде қарастырылады. Пассив (ырықсыз) етісі екі деңгейлі грамматикалық категория сияқты болып қарастырылады. Етісті тереңірек зерттегенде, етістік морфологиясы

мен семантикасында қимылдың субъектіге қатыстығы көрініс табады. Бұл деңгей – «диатеза» деп аталады. Етісті, сыртқы жағынан, қарастырғанда, сөйлем ішіндегі етістік-баяндауышының бастауышқа қатыстығы сипатталып, тар мәнінде, «етіс» деп атайды. Пассив (ырықсыз) етіс категориясы активтің өзгеруін көрсетеді, яғни негізгі мен туынды болып қаралатын, актив құрылымдарын тиісті пассив құрылымдарына ауыстыруы. Қимыл мен көңіл-күйді негізгі етісте көрсетудің бір жайты – грамматикалық субъекті – бастауышпен формальдық түрде байланыс пен қатыстықты көрсету. Сөйлем құрамында етістік басты рөл атқарумен қатар, сөйлемнің тірек сөзі ретінде қабылданады, сондықтан да оны функционалдық тұрғыдан қарастыруға тура келеді. Функционалды-семантикалық өріс аясында етіс семантикасын шығаратын (морфологиялық, синтаксистік, лексикалық) тең деңгейлі элементтерінің өзара ықпалы мен байланысын анықтауға мүмкіндік береді.

1.2 Етіс категориясының семантикалық-синтаксистік сипаты

Грамматикалық формаларының көптігі мен мазмұнының байлығы жағынан және қызметтерінің қарымдылығы мен сан-салалығы жағынан етістіктер тіліміздегі сөз таптарының жүйесінде төтенше орын алады. Етістік негізі, қашан да болсын, өзіне лайықты, үйреншікті болып, әбден қалыптасқан арнаулы қосымшалары қосылғанда ғана тиісті киімін киіп, дербес лексика – семантикалық мәніне ие болып, грамматикалық қызметін мүлтіксіз атқаратын формаға айналады. Өйткені етістік қосымшалары әрбір семантика-грамматикалық топтың ерекшеліктерін ашады. Ол формаларда жалпы, жалқы қасиет болады. Осы тұрғыдан қарағанда, оның формаларының жүйесі төмендегі грамматикалық категорияға бөлінеді:

- Етістік негізі.
- Қимыл атау категориясы.
- Салттық және сабақтылық категориясы.
- Етіс категориясы.
- Болымдылық және болымсыздық категориясы.
- Амалдың өту сипаты категориясы.
- Есімшелер категориясы.
- Көсемшелер категориясы.
- Рай категориясы.
- Шақ категориясы.

Бұл категориялардың мазмұны мен формалары баяндалады. Етіс – етістіктің ерекше категориясы. Әдетте етіс қимыл, іс - әрекетті субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық – синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасын білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады. Етіс категориясының семантикалық (лексика- грамматикалық) сипаты қазақ тіл білімінде арнайы зерттелсе де, әлі тұрақты бір пікір жоқ. Зерттеушілердің бір тобы етіс тұлғаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына жатқызады. Академиялық грамматика етіс қосымшаларын былай анықтайды: «Етіс аффиксі қосылған сөздер аффикстердің санына қарамай, туынды түбір

етістіктер құрамына кіреді, сондықтан да бұл категория сөз тудырудың морфологиялық әдісіне жатады». Сөйтіп, етіс қосымшалары жалғанған етістік туынды түбір деп саналады да, етіс қосымшалары етістік негізінде етістік тудыратын жұрнақ деп аталады».

Етістіктің әр түрлі грамматикалық түрлерін лексика – грамматикалық сипатын, әсіресе етіс категориясын арнайы зерттеген А.Қалыбаева (Хасенова) да осы пікірін басқа зерттеулерінде де тұрақты қайталап жүр. Басқаны былай қойғанда, жоғарыда келтірілген пікір яғни айтылуы (түрі) бірдей етістіктердің бір сөз бе, (полисемия ма,) әлде бөлек – бөлек сөз бе, омоним ба, оны ажыратудың критерийі ретінде ол етістіктің салттылық я сабақтылық қасиетін айқындайтын және өзгертетін грамматикалық тәсіл етіс қосымшалары екені белгілі, етіс қосымшаларын лексикалық сипаты негізінде сөзжасам қосымшасы деп анықтау болып табылады.

Бұл пікірді А.Ысқақов та қолдайды: «Сөйтіп, етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты туынды етістік жасайтын қабілет барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы) және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше бұл жағынан қарағанда етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сипаттас келеді де, лексикалық категорияға жатады. Екіншіден, етіс категорияларының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың (әрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады».

Айта кету керек, сөзжасам қосымшаларды сөзге жалғанғанда, оны (сол сөзді) өзгертіп жіберетіндіктен, жаңа мағыналы (лексикалық мағыналы) сөз тудыратындықтан (сөйтіп, тілдің грамматикалық құрылысын емес, сөздік құрылымын байытатындықтан), жаңа лексикалық мағыналы сөздердің жалпы грамматикалық мағынасы да, грамматикалық сипаты да өзгереді, сөйтіп, ол жаңа сөз сөйлемде басқаша грамматикалық байланыстарға түсіп, өзгеше қарым қатынастарды білдіріп, жаңаша қызмет атқаруы таң қаларлық жай емес. Сондай-ақ етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары болса, біріншіден, ол грамматикалық сипаты бар тілдік құбылыс болмай, яғни сөздердің белгілі бір грамматикалық тобының (сөз табының, яғни етістіктің) тұлғалық көрсеткіші болмай, етістіктің шеңберінде ғана қалып қоймай, екіншіден, парадигмалық сипаты болмай, категориялық мәнді білдірмей, басқа да толып жатқан сөзжасам қосымшаларының бірі болып қала берер еді.

Бұл мәселе жөнінде И.Мамановтың пікірі назар аударарлық: «Етіс категориясы–түбір етістіктен туатын грамматикалық форма. Яғни етіс формалары – өзі жасалған түбір етістікпен кореллятивті түрде өмір сүретін және екеуінің лексикалық мағынасы бір болып келетін етістіктер».

Сөз жоқ, етіс жұрнақтары семантикалық сипаты жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын. Кейбір түрлері жаңа сөз жасап, етіс қосымшалы етістік негізгі сөздік құрамнан жеке лексикалық единица ретінде орын алған. Мысалы, таң асыру, қызды айттыру, бір көрген біліс, екі көрген таныс, үйге кіріп

жылынды, үйді жылытты, рұқсат беруді өтінді, бұған екеуі де келісті, екі ұдайға келгенде ол маған болысады, оқуға берілді, ауруынан жазылды, олар бәрібір табысады т.б. қолданыстағы етістіктер етіс қосымшалары арқылы жасалған туынды түбір, негізгі түбірден туған жаңа мағыналы сөздер болып табылады: ас, айт, жылы түбірлерден –ыр, тыр, -т, өзгелік етіс қосымшасы арқылы, біл, таны, кел, бұл түбірлерден –ыс, - іс, -с ортақ етіс қосымшасы арқылы, жылы, от түбірлерден –н, ін өздік етіс қосымшалары арқылы бет, жаз, түбірлерден –іл, -ыл, ырықсыз қосымшалары арқылы жаңа мағыналы сөз жасалған. Сондай – ақ қазіргі кезде түбір және қосымшаға ажырамайтын, өлі түбір деп есептелетін, бірақ тарихи тұрғыдан бір кездегі өзгелік етіс пен өздік етіс қосымшалары деп танылатын, қазір әрқайсысы жеке – жеке сөз, лексема деп қаралатын оян мен оят, үйрен мен үйрет, жұбан мен жұбат, уан мен уат сияқты жеке-жеке паралель сөздердің тілімізден орын алуы етіс қосымшаларының сөзжасамдық сипатының белгісі болса керек. Сондай – ақ бір сөзге етіс тұлғаларының бірінің үстіне бірінің, тіпті өзгелік етіс қосымшаларының өзі бірнеше рет қабаттасып жалғануы да таза грамматикалық немесе категориялық грамматикалық тұлғалар қасиеті шеңберінен шығаратын белгілер болса керек. Бірақ солай бола тұрса да, етіс қосымшалары әр уақытта өзі жалғанған етістік түбірдің мағынасын, лексикалық мәнін өзгертіп жібере ме, әрқашан жаңа лексикалық мағыналы сөз жасай ма? Мысалы, Ол баласына хат жазды. Бұл хат кеше жазылды, Балсына хатты маған жаздырды. Ол екеуі бір – бірімен ылғи хат жазысады.

Осы сөйлемдердегі хатқа байланысты жазу (жазды), жазылу (жазылды), жаздыру (жаздырды), жазысу (жазысады) етістіктері бөлек – бөлек сөздер ме? Тіпті хатқа байланысты болуын арнайы көрсетпегеннің өзінде (кітап, өлең, шығарма т.б.) болып жатқан затқа байланысты жалпы жазу қимылы, іс - әрекеті өзгерді ме? Не өзгерді? Етістіктің (жазудың) жалпы грамматикалық мағынасы яғни жазу қимыл – процесін білдіруі өзгерген жоқ, сөзжасам қосымшасы болса, оны өзгертіп жіберер еді: шеге зат атауы, шегеле оған байланысты қимыл, қара белгіні, түсті білдіретін сын, қарай сол түске айналу процесі (қимыл- әрекеті) т.б. Тек бұл жазу етістігі емес, оқы – оқып – оқып- оқытқыз; айт – айттым – айтыс – айтқыз – айтқыздыр; сөйле – сөйлем – сөйлес – сөйлет – сөйлеткіз; шегеле – шегелес- шегелет- шегелеткіз т.б. етістіктерде етіс жұрнақтары жаңа сөз тудырмайды, етістік түбір білдіретін семантикасын өзгертіп жібермей, лексикалық және жалпы грамматикалық мағынасы сақталып қалады, тек сабақтылық – салттылық мәні өзгеріп, сөйлемде субъект мен объект арасындағы қатынасы ауысуы мүмкін: оқы етістігінен жасалған кітап оқылды дегенде тура объект (кітап) грамматикалық бастауышқа айналып, тура объект керек етілмей қолданылса, ол бізге кітап оқытты (оқытқызды) деген оқу қимылының иесі, іске асырушысы ол болып тұр да, бірақ ол сол қимылды (оқу - әрекетін) тікелей өзі атқармай екінші біреу (субъект) арқылы іске асырып отыр, яғни оқу қимылын тікелей жүзеге асырушы – біз, ол қимыл, іс -әрекетті тікелей орындаушы субъект, агенс деп аталады, бірақ грамматикалық бастауыш (субъект) емес, грамматикалық жанама объект мәні мен қызметінде қолданылған.

Сондай – ақ оқу етістігі (оқытты) тура объектіні міндетті түрде талап етіп отырады (кітапты): ол жуынды дегенде жуу қимылын іске асырушы субъект (ол) сол қимылды өзіне бағыттайды, сөйтіп, қимыл, іс - әрекеттің субъектісі белгілі дәрежеде объектісі де мәні мен қызметінде жұмысалады, бірақ ол грамматикалық субъект болып қала береді; ол екеуі бір – бірімен хат жазысады дегенде қимыл, іс - әрекеттің бір ғана субъекті тарапынан емес (іс-әрекетті орындаушы біреу емес), бірнеше екенін білдіреді. Бұл сияқты етістік түбірге етіс қосымшалары жалғанғаннан кейін пайда болатын мағыналар мен синтаксистік қарым-қатынастар, негізінен алғанда, етістік түбірдің грамматикалық мағынасын өзгертпейді, тек сабақтылық – салттылық мәнін ғана өзгертуі мүмкін. Сондай – ақ етіс тұлғаларының тіліміздегі етістік атаулының бәріне я белгілі бір тобына (ырықсыз және өздік етіс қосымшалары тек сабақты етістіктерге жалғануы) жалғана алуы, яғни әмбебап қасиеті, сөйтіп барып И. Мамановтың көрсетуіндей грамматикалық абстракция жасай алуы, өнімділік - өнімсіздік, құнарлылық – құнарсыздық сипатының болмауы, соның арқасында қосымшалары жалғанған жердің бәрінде жаңа сөз тудыру қатарын құрай алмауы етіс қосымшаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына қосуға болмайтындығын көрсетеді. Ал кейбір етістіктің құрамында келіп, жаңа туынды түбір, демек негізгі түбірден өзгеше жаңа лексикалық мағына білдіретін жоғарыда көрсетілген тәрізді сөздердің ([қыз] айттыру [таң] асыру [бір көрген] біліс, [екі көрген] таныс [үйге кіріп] жылынды, [үйді] жылытты, [рұқсат беруді] өтінді, [бұған екеуі де] келісті, [екі ұдайға келгенде ол маған] болысады, [оқуға] берілді, [ауруынан] жазылды, [олар бәрібір] табысады) айтылудан айттыру, асудан асыру, білуден білісу, танудан танысу, жылудан жылыну мен жылыту, өтуден өтіну, келуден келісу, болудан болысу, беруден берілу, жазудан жазылу, табудан табысу тәрізді жеке лексема болып, сөздік құрамнан бөле-бөлек орын алуы тек қана етіс (өзгелік, ортақ, өзiк, ырықсыз) қосымшаларының жалғану нәтижесі емес, одан да гөре семантикалық процестің сөзжасамның (синтетикалық тәсілінен гөрі семантикалық) тәсілінің басым болуы, ондай процестер тілімізде аз емес. Мысалы, көлемдік септік тұлғасында бір топ сөздердің адвербиалданып, үстеуге айналуы, немесе – у тұйық етістік пен –с, -іс, ыс ортақ етіс я қимыл есімдердің соған қатысты жаңа заттық ұғымдардың тілде пайда болуымен байланысты заттанып, зат атауын білдіретін сөздердің пайда болып тұрақтануы (көсеу, егеу, тұсау, айтыс, соғыс, жарыс т.б.) яғни ішкі мағына дамуының нәтижесі деп қараған жөн. Етіс тұлғаларының тағы бір ерекшелігі бар. Ол етіс қосымшалары етістік түбірге жалғанып, түбірдің грамматикалық сипатын өзгертпейді, яғни етіс тұлғалы етістіктер түбір (негізгі, туынды) етістіктерше 1) сырттай бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы, түрімен сәйкес келеді; 2) тікелей жіктелмейді, тек рай, шақ (көсемше, есімше) тұлғаларын үстеп барып жіктеледі және сол тұлғалар (рай, шақ) жалғануға негіз, бола алады. 3) сондықтан да сөйлемде сол етіс тұлғасында қолданылмайды. Осы сияқты қасиеттерінің негізінде И.Маманов жалпы етістік атаулыны негізгі етістіктер және функциялық етістіктер деп екі топқа бөліп, негізгі етістіктер оның грамматикалық категорияларын жасауға негіз болады

дей келіп, оның өзін екі түрге бөліп, бірін түбір етістіктер, екіншісін модификациялы етістіктердің қатарына етіс, болымсыз етістік, күшейтпелі етістік және күрделі етістікті (көсемше формаларының көмекші етістіктермен тіркесуі) ерекше бөліп жатқызады. Етістікке тән грамматикалық формаларға да, етістіктен жасалатын барлық басқа сөз топтарына тән туынды формаларға (есім және басқаларға) да түп таяныш, я түп негіз есебінде қызмет ететін етістік-тұлға болады. Тілімізде осындай грамматикалық формаларының бәріне де, сондай-ақ етістіктен жасалатын басқа да сөз топтарына тән формаларға да түп нұсқа таяныш болатын ерекше тұлға бар. Осы тұлға етістіктің негізі деп аталады. Бұл тұлға тек лексикалық негіз ғана емес, грамматикалық тұлға ретінде саналады. Бұл тұлға қашан да болсын, сөйлеуші адамның тыңдаушы адамға амал-әрекетіне жүзеге асыруды нұсқай, сұрай, екінші сөзбен айтқанда, бұйыра өтіне айту семантикасын білдіреді. Мысалы: айт, оқы, жаз. Сыртқы құрылысы мен құрамы жағынан етістіктердің негіздері жалаң да, күрделі де болады. Мысалы: ал, аш, бар, бас, күл, күт, көр, қос, қоры, нан, тер, сал дегендер - жалаң түбір негіздер де, абайла, арала, ақылдас, бағала дегендер-жалаң туынды негіздер. Ал кемі екі я онан да көп сөздерден құралатын күрделі негіздерге: абай бол, айғай сал, жәрдем ет, алып бер дегендер жатады. Етістіктің салттық, сабақтылық семантикасы да осы негіздерге қарап анықталады. Мысалы: ал, айт, ая, арала, орна, күл сияқты негіздер кімді? нені? деген сұрауға жауап беретін табыс жалғаулы сөздерге сабақталып тұрады. Ал, бар, күл, қажы, көз жібер сияқты негіз табыс жалғаулы сөзге сабақталмай, салт ұстайды.

Аш, айт, бақ, бер, ек, ем, жаз, жай, сеп, сыз, тап, тер, үз, үй, ыл, іл етістіктерін алсақ бұлардың бәрі де қолдана қалсаңыз кімді? нені? деген сұрауларға жауап беретін табыс септіктегі сөзге сабақталады. Сөйлеу тілінде табыс септікті сөзді демек, тура толықтауышты керек ететін семантикасы бар осындай етістіктер сабақты етістіктер деп аталады. Етістіктердің ішінде кімді? нені? деген сұрауларға жауап күтпейтін, табыс септіктегі сөзге сабақталмай-ақ жұмсала беретін етісіктер де көп. Мысалы: ау, бар, бұқ, жат, жур, тол, тоң, қажы, қуан т.б. Мұндай табыс септіктегі сөзге сабақталмайтын етістіктер әдетте, салт етістіктер аталады. Етістіктердің бәрі бірдей я салт, я сабақты бола бермейді. Олардың ішінде әрі салт, әрі сабақты болатындары да бар. Әдетте, мұндай қасиеттер не омоним етістіктер не полисемиялы етістіктерде болады. Мысалы: арт, жүр, тара етістіктерін қолдана қалсақ, олардың әрқайсысынан жүкті арттық, және ақылы артты деген сөйлемдер құрауға болады. Ал мұндай етістіктердің әрқайсысы әрі салт, әрі сабақты болып қызмет атқарады. Сөйтіп, етіс тұлғалары сөзжасам қосымшалары емес, жоғарыда көрсетілген сипаттары (және тұлғалар жүйесінің сөз жасамға қарама – қайшы барлық етістік түбірлерге жалғана алу мүмкіндігінің арқасында) негізінде етістіктің лексика-грамматикалық категориясы болып табылады.

Етіс категориясының семантикалық сипаты, етіс қосымшаларының қызметі жайында бірізді пікір көпке дейін қалыптаспады. Ол 1967 жылы шыққан академиялық грамматиканың өзінде «етіс аффикстері қосылған сөздер аффикстердің санына қарамай, туынды түбір етістіктер құрамына кіретін

журнақ» қатарында келтіріп, етістік негізден етістік тудыратын жұрнақ ретінде танылғанынан көрінеді. Бұл пікірді морфология оқулығының авторы профессор Ахмеди Ысқақов та қолдаған. Оған «Етістіктен етістік тудыратын, өздерінше морфологиялық және синтаксистік сипаттары басқашалау болып келетін, бір алуан жұрнақтардың жүйесі, әдетте, етістер я етіс категориясы деп аталады. Етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшелендіріп тұратын сипаттары мынадай: Ол одан жөн *сұрады*; Олар бір-бірінен жөн *сұрасты*; Ол онан жөн *сұратты*; Одан жөн *сұралды*; Ол өзі *сұранды* деген сөйлемдердегі етістік (*сұрады*, *сұрасты*, *сұратты*, *сұралды*, *сұранды*) формалардың соңындағы өткен шақгың қосымшасын (-ды, -ты) алып тастағаннан кейінгі *сұра*, *сұрас*, *сұрат*, *сұрал*, *сұран* етістіктерін бір-бірінен салыстырғанда, олар бір түбірден өрбіген түбірлес негіздер екені айқындалады. Етіс формаларының бұл ерекшелігінен, біріншіден, басқа жұрнақтар сияқты, туынды етістік жасайтын қабілеті барлығы (айырмасы тек етістіктен етістік тудыратындығы) және сол етіс жұрнақтары арқылы туған формалар етістік негіздері есебінде қызмет ететіні айқындалады. Ендеше, бұл жағынан қарағанда етіс жұрнақтары сөзден сөз тудыратын жұрнақтармен сәйкес келеді де, лексикалық категорияға жатады. Екіншіден, етіс категориясының формаларында субъекті мен объектінің амалға қатысын, керісінше, амалдың (өрекеттің) субъекті мен объектіге қатысын білдіретін грамматикалық сипаты күшті. Демек, етіс формалары сөйлемнің грамматикалық құрылысына өзгеріс енгізіп отырады» - дегені дәлел. Бұл пікірден автордың етіс қосымшаларын әрі сөзжасам, әрі грамматикалық мағына беретін қосымша тұрғысында танығаны анық көрінеді. Ал, И.Маманов етіс категориясын түбір етістіктен туатын грамматикалық форма ретінде таныған. Бұл пікірді профессор С. Исаев қолдап, етіс қосымшаларын форма тудырушы тұлға қатарына қосады. Ғалым «етістіктерде етіс жұрнақтары жаңа сөз тудырмайды, етістік түбір білдіретін семантикасын өзгертіп жібермей, лексикалық және жалпы грамматикалық мағынасы сақталып қалады, тек сабақтылық- салттылық өзгеріп, сөйлемде субъект пен объекті арасындағы қатынасы ауысуы мүмкін» -дейді [20].

Етістік түбірге етіс қосымшалары жалғанғанда, етістіктің түбірінің жалпы грамматикалық мағынасы өзгермей, тек түбірдегі салттылық-сабақтылық мән ғана өзгертін болса, етіс жұрнақтары тек салт етістікті сабақты етістікке, сабақты етістікті салт етістікке айналдыру қызметін ғана атқара алады. Ендеше ол (етіс қосымшалары) сөзжасам қосымшаларына жатпайды, сөз түрлендіруші қосымшалары қатарына қосылады. Етіс қосымшалары етістік түбірге жалғанғанда түбірдің грамматикалық сипатын өзгертпейді. Ол етіс тұлғалы етістіктің түбір етістіктер сияқты ерекшелігі екенін көрсетеді. Яғни етіс тұлғалы етістіктер түбір етістіктер сияқты тек сырттай бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрімен сәйкес келгенімен тікелей жіктік жалғауларын қабылдамайды, сонымен бірге сөйлемде етістік етіс тұлғасында қолданылмайды.

Етіс жұрнақтары түбір етістіктерге де, арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған туынды етістіктерге де, күрделі етістіктердің түр-түрлеріне де жалғана береді. Оқулықтарда етіс - негізгі етіс, ортақ етіс, өзгелік етіс, ырықсыз

етіс, өздік етіс, - деген бес түрге бөлініп, негізгі етіске мынадай түсінік берілген: «Негізгі етістің арнаулы көрсеткіші болмайды. Оған әрбір түбір я туынды етістіктердің де, күрделі етістіктердің де негіздері жатады. Әдетте етістік негізінің субъекті мен объектіге қатысы я субъекті мен объектінің етістік негізіне (амалына) қатысы сол негіздің бастапқы лексикалық семантикасына қарай анықталатындықтан, оның семантикалық ерекшелігі, грамматикалық (синтаксистік) қызметі туралы да арнайы сипаттама беру қажет болмайды». Бұл түсініктің өзінен анық көрінетіндей, негізгі етіс деп аталатын етіс түрінің етістік түбірі деген ұғымнан, мейлі негізгі түбір, мейлі туынды түбір болсын, не семантикалық жағынан, не формалық жағынан, не синтаксистік қызметі басқа сөздермен қарым-қатынасы жағынан ешбір айырмашылығы жоқ және грамматикалық я лексикалық категория (түрлеріне) негіз болатын тұлға, яғни негізгі етіс деп аталған, дұрысында етістік түбірі деген тұлға ол категорияның бір түрі бола алмайды, категория шеңберіне енбейді, сол категория түрлеріне негіз ғана болады. Сондықтан негізгі етіс деген етіс категориясының түрі жоқ, етіс категориясына, түрлеріне негіз болатын негізгі, туынды, күрделі етістік түбір деген ұғым ғана бар» - деген пікір негізгі етіс етістіктің етіс түрінің бірі бола алмайтынын көрсетеді. Сол себептен де етіс түрлері төрт түрге бөлінеді, яғни етіс категориясының өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс түрлері ғана бар.

1.3 Модальділік категориямен етістің ұштасуы

Негізгі сөз таптары сөйлеу процесінде сөздердің белгілі сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалу барысында біртіндеп жасалып қалыптасқанын көрсетеді. Әрине, бұл процесте сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, орналасу тұрғысының да әсері бар. Өйткені сөздер, бір жағынан, сөйлемдегі орын тәртібі арқылы, (бұл сөздердің белгілі тәртіппен орналасуының, қолданыла-қолданыла келіп тұрақталуы негізінде қалыптасады), екінші жағынан, белгілі сөздерінен тұрақты синтаксистік қатынас жасап, грамматикалық сипаты айқындалу арқылы белгілі грамматикалық мағыналарға ие бола бастайды. Сол жалпы грамматикалық мағыналарының негізінде сөздер жеке-жеке грамматикалық топтарға яғни сөз таптарына жіктеле бастайды. Тілдің көне балаң шағында сөз таптары бүгінгідей бір-бірінен грамматикалық тұлғалары арқылы да, семантикалық сипаты арқылы да онша ажырап тұрмаған. Ол кезде грамматикалық тұлғалардың деривациялық қызметінің өзі дамымаған, тіпті грамматикалық тұлғалар қалыптаспай тұрғанда сөздер бір-бірімен орын тәртібі арқылы таза аналитикалық жолмен ғана байланысқан. Жіктеу есімдіктерінің Орхон-Енисей жазбаларының тілінде баяндауыш қызметіндегі сөзбен қайталанып тіркесуі, бір жағынан, олардың әлі жіктік жалғауға толық айналып бітпегенін, екінші жағынан, белгі бір сөздің жалпы грамматикалық мағыналарын қалыптастыруда сөздердің қосымшасыз, орны арқылы белгілі қызметте қолданылғанын көрсетеді.

Сөз жоқ, алдымен саралана бастаған – есімдер тобы мен етістіктер. Бұл топтардың өзі сөйлеуде қызметтері, орын тәртібі арқылы ажырап отырған. Есімдер субъект (субстант), объект есебінде, сөйлемнің соңындағы сөздер предикат қызметінде жұмсалып, көпшілік жағдайда бір сөздің өзі әрі есім ұғымында, әрі қимылдық ұғымды орын тәртібіне қарай білдіріп жұмсала берген. Тілімізде қазір омоним деп танылып жүрген, түркі синкретизмі деп аталатын құбылыс яғни есім-етістік негізгі түбірлер осының айғағы болса керек: *көш (керуен) - көш (бір жаққа көшу), той (думан, ас беру) - той (тойып тамақ ішу), тон, (қатқан жер, кесек) - тоң (қалтырау, тоңу), ық (жел тимейтін жақ) - ық (желдің ағымымен кету), ой (төмен, ойпаң жер) - ой (жерді қазу), жау (май, көздің жауын алды немесе жаубұйрек, жау жұмыр дегенде, көне түрі: йағ-май) -жақ (майлау, сөз соңындағы ғ дыбысы есім сөзде у дыбысына айналған, етістікте қатаң қ дыбысына ауысқан) соз, (ақырын, жайлап: тез байығаннан соз байыған қайырлы деген мәтелде) – соз (тарту, ұзарту), т.б.*

Демек, сөйлемдегі қызметі мен орын тәртібінің тұрақталуы арқасында ең алдымен есім (негізінен зат есім) және етістік сөз топтары қалыптаса бастаған. Сөйлемнің бірінші позициясындағы сөздер зат атауы мен оның алуан түрлі сипаттарын белгілейтін жалпы грамматикалық мағыналарға ие болып, сөйлемнің соңындағы сөздер сол есім сөздердің әр түрлі қимыл, іс-әрекеттерін білдіретін жалпы грамматикалық мағыналарға ие бола бастаған. Көне жазбалардағы сөйлемдердің қазіргі тілмен әсіресе жазба тілмен салыстырғанда өте қарапайым, құрылысы жағынан көбіне жалаң, жай болып келетіні осымен байланысты болса керек.

Есімдер тобы мен етістіктердің сыртқы түр-тұлғасы ерекшелене бастайды да, түркі синкретизмі құбылысына алып келеді. Кейін келе грамматикалық түр-тұлғалар (олар көбіне көмекші сөздердің негізгі сөздер шылауында тұрақты қолданылу негізінде қосымшаларға айнала бастайды) есімдерге де, етістіктерге де жалғана бастайды: кейбір жағдайда есімге де, етістікке де ортақ жалғанса (жоғарыда айтылған қосымша, омоним қосымшалар талдауын қараңыз), енді біразы заттық ұғымға, зат атауының алуан түрлі қасиеттерін білдіретін ұғым атауларына бір түрлі қимылды білдіретін сөздерге басқа түрлі болып жалғанып қалыптасады. Тіл дамуының келесі бір сатысында есімдердің өздері өз ішінде саралана бастайды: зат атауын білдіретін сөздер бір грамматикалық топ болып қалыптасып, өзіндік түрлену жүйесі, парадигмалық сипаты қалыптаса бастайды, сонымен бірге заттың әр түрлі белгісін сындық қасиетін білдіретін сөздер (сын есім) бір бөлек, сандық белгісін білдіретін сөздер (сан есім) бір бөлек, қимылдың әр түрлі белгісін (амалын, сынын, мекенін, мезгілін, мақсатын, себебін т.б.) білдіретін сөздер (үстеу) бір бөлек, негізгі сөздердің орнына жүретін орынбасар сөздер (есімдік) бір бөлек қалыптасады.

Сондай-ақ жеке сөздердің әрі сын есім (*жаңа үй*), әрі үстеу (*жаңа келді*) болуын немесе әрі зат есім (фильмнің соңы, әрі үстеу (*соң келді*) және оның септеулікке, одан қосымшаға айнала бастау процесін көруге болады: *барғаннан соң – барған соң – барғасын т.б.* Сонымен бірге сын есім мен сан есімнің

прономилданып, есімдікке, адвербилданып үстеуге айналуы (*бір, біреу, бірге: бір адам, бірге-бірді қос т.б. және бір қара көрінді, біреудің кісісі өлсе, қаралы ол, бірге жүреді*), етістіктің, бір жағынан, сын есімге (*құттықтау сөз, жанар май, сүзеген сиыр, қабаған ит т.б.*), екінші жағынан, үстеуге (*айнал-а, лық-а, әдей-і, жорт-а, өт-е, ас-а т.б.*) айналып отырғанын көреміз және бұл процестің тіл дамуының барысында әмән болып отыратынын да байқаймыз [12, 290-293].

Тілдің сөздік қорының баюы, молаюы түрлі тәсілдер арқылы болса, солардың көне түріне семантикалық даму жатады. Семантикалық даму бойынша сөз дыбыстық, морфемдік құрамын өзгертпей-ақ бірте-бірте өзіне жаңа мағыналарды қосып отырады. Соның нәтижесінде тілде бір сөз бірнеше лексикалық мағына білдіреді, тілдегі қызметі артады. Семантикалық даму арқылы сөз саны көбеймегенімен, сөздердің мағыналық мүмкіндігі әлдеқайда өседі.

Түркі тілдерінде етістік семантикасы біршама зерттелген. Атап айтқанда, Э. Р. Тенишев (1961), Н. З. Гаджиева, А. А. Коклянова (1961), Б. И. Татаринцев (1987), И. К. Кучкартаев (1977), А. К. Алекперов (1980), А. А. Цалкаламананидзе (1973), М. Оразов (1983) т.б.

Қазақ тілінде грамматикатанушы ғалымдар етістікке қатысты арнайы зерттеулер жүргізіп, монографиялар жариялаған. Етістікті әрі сөз табы ретінде, әрі мағыналық сипатын қоса талдаған зерттеулерден А. Қалыбаева (Хасенова), Ы. Е. Маманов, А. Ысқақов, Н. Оралбаева еңбектерін ерекше атаған жөн.

А. Хасенова «Қазақ тілі грамматикасында» түбір етістік дейтін межеге сыйдыруға келетін сөздерді *іс-әрекет, амал, қалып* процесінің динамикасын білдіруі жағынан қарастырып, оларды бірнеше лексика-семантикалық топтарға бөлуге болатынын атап көрсетеді. *Ұйымдастыру, жорғала, мияула, шырылда* сияқты туынды етістіктер де лексика-семантикалық топтардың құрамына енгізілген. Жұмыста басқа түркі тілдерінде қалыптаспаған жаңа үлгіде топтастыру да ұсынылған, алайда бөлудің принциптері ашып көрсетілмеген [9, 127 б.].

М. Оразов 1983 жылы «Семантика казахского глагола» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясында етістіктің 12 лексика-семантикалық тобын көрсетеді. Ғалым етістіктерді мағыналық топтарға бөлуде сөйлесу етістіктерін семантикалық жағынан бөлгенімен, морфологиялық белгілерін де негізге алып отырған.

А. Ысқақов оқулығында етістіктер лексика-семантикалық топтарға жіктелгенімен, оларды бөлудің ғылыми принциптері көрсетілмеген (1991).

Ы. Мамановтың етістіктерді басты ерекшеліктері жағынан бірнеше топқа бөлуінде басқа ғалымдармен салыстырғанда алшақтықтар бар. Ғалым түбір етістіктерді семантикалық топтастырудағы ұстанған принципі Г. А. Золотова, А. В. Бондарко, З. Ахметжанованың функционалды грамматика теориясына байланысты теорияларымен үйлесіп жатыр. Әсіресе, ғалымның «негізгі түбір етістіктерді семантикалық жақтан мағыналық топтарға жіктеуге келмейді, морфологиялық және синтаксистік тәсілдерінің белсенді қатысуының

арқасында ғана түбір етістіктерді мағынасына қарай бөлуге болады» деген тұжырымы қазіргі функционалды семантиканың негізгі принципі.

Ы. Маманов қазақ тілінде етістікті лексика-семантикалық топтарға жіктеп көрсеткен ғалымдардың бірі. Қазіргі кезде етістіктің жекелеген лексика-семантикалық тобы арнайы зерттелуде.

Етістік Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, М. Балақаев, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаевтардың авторлығымен жарыққа шыққан «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында, сонымен қатар бұл еңбектерге дейін жарық көрген Қ. Жұбанов (1936), С. Аманжолов (1938), І. Кеңесбаев пен С. Жиенбаевтың «Грамматикаларында» (1942) етістік бөлімі сабақты етістік пен салт етістік, болымды және болымсыз етістік, етіс категориясы, рай, шақ, жақ категориялары, есімше мен көсемше формалары үзілмей берілумен бірге, кейбір толықтырулар мен лингвистикалық атаулар тиянақталып, өзгерістер енгізіліп отырса да, белгілі бір дәстүрлі жүйе берік сақталып келеді деуге әбден болады.

Қазақ тілінде етіс категориясы, негізінен, морфологиялық тәсіл арқылы жасалады. Әрбір етіс түрі арнайы аффикстермен сипатталады және барлық етістіктен етіс формасын жасауға болады. Алғашқы грамматикалардан бастап, 30 жылдарға дейінгі еңбектерде етіс түрліше бөлініп келді. Бұл категория 50-жылдардан бастап арнайы зерттеу нысанына алынып, ғылыми негізде қарастырыла бастады. Оған Н. А. Баскаковтың «Залогі каракалпакского языка» (1951), А. Қалыбаеваның «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» (1951), өзбек тілінің етістері жөнінде С. А. Фердаустың, түркімен тілінің етіс категориясы туралы Б. Чарыяровтың, башқұрт тілінің етістері жөнінде А. Х. Фатыховтың диссертацияларын атауға болады.

Етіс қосымшалары түркологияда үш түрлі бағытта (сөз тудырушы, форма тудырушы, екі функциялы) зерттелгендігі байқалады. Өз зерттеуінде Н. А. Баскаков сөз тудырушы деп анықтаса, қазақ тіл білімінде етіс категориясын арнайы қарастырған А. Қалыбаева сөз тудырушы қосымша деп қарастырады. Дегенмен, түркологияда етіс қосымшаларын форма тудырушы деп анықтаушылар саны өте көп. Олардың қатарында А. Щербак, Б. А. Орузбаева, Ф. А. Ганиев т.б. атауға болады.

Қазақ тіл білімінде етісті Ы. Маманов грамматикалық категория ретінде қарап, етіс формаларын форма тудырушы қосымшалар қатарына қосады. Бірақ бұл қосымшалар туралы даулы пікір әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Етіс қосымшалары жалғану мүмкіндігі жоғары қосымшалардың қатарынан орын алады. Етіс жұрнақтарының сөзге жалғану жиілігіне 10 томдық түсіндірме сөздік бойынша статистикалық зерттеу жүргізген С. Мырзабеков сөздіктегі етіс формаларының саны 22 мыңнан асып кетеді. Бұл сөздіктегі барлық сөздің 33 пайызына тең деп көрсетеді. Демек, етіс қосымшаларының сөзге жалғану мүмкіндігі мол, олар Ы. Маманов көрсеткендей, грамматикалық абстракция жасай алады.

Етіс қосымшаларының сөзжасам мен формажасамға қатысын зерттеген А. Жаңабекова етістердің жоғарыда аталған ерекшеліктерін ескере келе, «етіс қосымшалары барлық кезде сөз тудыру қатарын құрай бермейді, тек объектілік-субъектілік қатынасты білдіріп, грамматикалық категория құрай алады.

Екіншіден, етіс категориялары белгілі бір етістік тобына түгелдей жалғанып, грамматикалық абстракция жасайды. Ал оның кейбір сөздердің құрамында келіп, лексикалық дербестікке жетуі етіс қосымшаларының сөзжасамдық қабілетінің емес, сөзжасамның семантикалық тәсілінің, яғни мағына дамуының нәтижесі деп қараған жөн», - деп Ы. Маманов, С. Исаев пікірлерімен орайлас тұжырым жасайды [6].

Ы. Маманов қазақ тіліндегі салт, сабақты етістіктер мен етіс категориясын бір-бірімен тығыз байланыста қарастырады. Өздік, өзгелік, ырықсыз етіс мағыналары салт, сабақты етістіктердің грамматикалық формаларынан туатын семантикалық ұғым деп түсіндіреді [13, 36 б.].

Қазақ тіл білімінде етіс құрылымдық аспектіден етістіктің грамматикалық категориясы ретінде қарастырылса, функционалды грамматикада етіс (залоговость) функционалды-семантикалық категория болып табылады. Функционалды-семантикалық категориялар көбінесе етістік категорияларына негізделгендігі байқалады. Мысалы, аспектуалдылық категориясы құрылымдық грамматикадағы – қимылдың өту сипаты (вид) категориясына, темпоралдылық шақ категориясына, модалдылық – рай категориясына, персоналдылық – жақ категориясына негізделген.

Ы. Маманов зерттеулерінде етіс, негізінен, объектілік, субъектілік және көпмағыналық қатынастармен сипатталады. Етіс категориясын функционалды грамматика тұрғысынан зерттеу болашақтағы іс деп білеміз.

Қатынас бір заттың екінші бір затқа қандай да бір қатысын, тәуелділігін білдіреді. Яғни қатынас мазмұнының негізгі белгілерінің бірі байланыс, тәуелділік болып табылады. Логика-гносеологиялық тұрғыдан алғанда, қатынас екі немесе одан да көп затты қандай да бір белгісі бойынша өзара салыстыру нәтижесінде пайда болады. Бұл орайда қатынастың бірнеше түрі түзіледі: заттардың арасындағы қатынас, ұғымдар мен пайымдаулар арасындағы қатынас, кеңістіктегі, уақыт, көлемі бойынша қатынас, туыстық қатынас, себеп-салдарлық қатынас, салыстыру, қайшылықты қатынас, тәуелділік қатынас т.с.с. қатынас сан алуан түрлі болғанмен, логиктер мен математиктердің есептеуі бойынша, қатынастың ортақ сипаттары бар: олар симметриялы, рефлексивті, өзара байланысты, қолданыс ұқсастығы, біркелкі, әркелкі т.с.с. болып келеді. Ішкі қатынастармен қатар, сыртқы қатынастар болуы мүмкін. Сыртқы қатынас түрлі заттардың арасында бола береді. Олар алуан түрлі болуы мүмкін, сол себепті адам оны түрліше концептуалдайды: уақыт, кеңістік, себеп-салдарлы қатынас, бүтін мен бөлшектің қатынасы, мазмұн мен форманың қатынасы, сыртқы және ішкі қатынас т.с.с. Әмбебап сипаттағы қатынас негізгі (ядролық) концепті морфология деңгейінде етіс пен септік категориялары арқылы көрінеді. Етіс – субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы болып табылады. Сол себепті етіс концепті қалыптасуы үшін қатынас концепті негізгі концепт ретінде сипатталады. Бұл концепт жалпылау (дерексіздену) когнитивті механизмінің әсерімен түзіледі. Жалпылау арқылы қатынас негізгі концептінің мазмұнында субъектілі-объектілі қатынас үшін маңызды болып табылатын «іс-әрекеттің субъекті мен объектіге қатынасы»

сипаты ерекшеленеді. Бұл сипат етіс концептіне негіз болады. Етіс – тілде қатынас идеясын репрезентациялайтын, субъектілі-объектілі қатынасты білдіретін етістіктің морфологиялық категориясы. Сондықтан қатынас концепті етіс концепті қалыптасуының басты шарты болып табылады. Қатынас концепті жалпылану (дерексіздену) арқылы негізгі концептінің мазмұнында субъектілі-объектілі қатынас үшін маңызды болып табылатын «іс-әрекеттің субъекті мен объектіге қатынасы» сипаты түзіледі. Етіс концептінің мазмұнын құрайтын мәндер мен морфологиялық көрсеткіштер арасында «фон-фигура» ұстанымына негізделген репрезентация орнайды. Морфологиялық репрезентация арқылы етіс тұлғалары концептіні активтендіріп, оның мазмұнындағы белсенділік және белсенсіздік сипаттарын актуалдандырады, ол сөйлем-сөйлесімде қосымша лингвистикалық факторлардың (синтаксистік және семантикалық) көмегімен әрі қарай нақтылана түседі. Қосымша факторлардың әсерімен қатынас негізгі концептінің мазмұнында етіс концептімен қатар қосымша сипаттар да пайда болады. Олар концептімен бірге концептуалды мазмұн құрап, соның негізінде нақты грамматикалық және лексика-грамматикалық мәндер түзіледі. Етіс категориясы белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастарының сипаты туралы тілдік білімдерге негізделеді. Жіктеуші сипатта болумен қатар ол тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады. Сөйлеуші түрлі етіс тұлғаларын қолдана отырып, жағдаятты қалай қабылдағанын білдіре алады, зат не адамды бастауыш мәнінде не белсенді субъекті ретінде көрсетеді. Яғни іс-әрекеттің бағытын (бастауышқа бағытталған немесе бастауыштан бағытталған) білдіре алады. Бір ғана жағдаят түрліше сипатталуы мүмкін: *үйді тазалады – үй тазаланды*. Мұнда бір нәрсе баяндалғанмен, олардың берілуі екі түрлі. Бірінші сөйлемде белсенді субъектінің үйді тазалағаны туралы сөз болса, екінші сөйлемде субъект мүлде көрінбейді, істің нәтижесі ғана белгілі. *Үйді тазалады* деген сөйлемде сабақты етіс (*етіс атауын мақсатты түрде қолданып отырмыз. – О.Ж.*) тұлғасы бастауыш тұлғалы субъектіден бағытталған қимылды білдіреді:

Мұндағы S_1 – іс-әрекетті орындаушы белсенді субъект S_2 – іс-әрекетке қатысы жоқ, пассив субъект, тыңдаушы, ақпаратты қабылдаушы. **О** – нысан. *Үй тазаланды* деген сөйлемде ырықсыз етіс тұлғасы жағдаятты басқаша сипаттайды. Мұнда нысан ғана, істің нәтижесі ғана көрінген, яғни екінші субъектіге, іс-әрекетке қатысы жоқ, белсенсіз субъектіге ақпарат беріледі. Ол әрекетке бірінші субъектінің қатысы байқалмайды. Іс өзінен өзі орындалғандай болады. Бұдан сабақты етіс пен ырықсыз етіс тұлғалары арқылы концептуалдау түрлі сипатта болатынын аңғаруға болады. Ырықсыз етіс тұлғасы етіс концептінің мазмұнындағы белсенсіздік сипатын актив қолданысқа түсіріп, морфологиялық мән қалыптастырады. Сол арқылы «сөйлемде бастауыш қызметінде жұмсалатын затқа бағытталған қимыл» мәні түзіледі. Етіс мәндеріндегі белсенділік және белсенсіздік сияқты жалпыланған морфологиялық мәндер сабақты және

ырықсыз етіс тұлғалары арқылы актив қолданысқа түседі. Әрі қарай қосымша лингвистикалық факторлардың көмегімен мәндері нақтыланып, қатынас негізгі концептінің сипаты түзіледі. Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгей бірлігі болып табылады. Сонымен қатар ол осы категорияға негіз болып, белсенділік және белсенсіздік мәндері ретінде көрінеді. Сабақты етісті қалыптасқан тұжырымдарға сәйкес етістік деп атамай, **етіс** деп атауымыздың өзіндік себебі бар. Себебі сабақты етістің етіске тән мағынасы бар. Сабақты етіс те, басқа етістер сияқты, қатынас концептін репрезентациялап, субъектілі-объектілі қатынасты білдіреді. Сабақты етіс тұлғалары етіс концептінің мазмұнында белсенділік сипатын активтендіреді. Сол арқылы белсенділік морфологиялық мәні түзіліп, бастауыш қызметіндегі субъект қимылдың иесі екенін білдіреді. Бұл мән жалпылық сипат алып, субъектінің бастауыш қызметінде, объектінің толықтауыш қызметінде жұмсалатынын білдіреді. Ол семантикалық, синтаксистік және мәнмәтін факторлары сияқты қосымша лингвистикалық факторлардың көмегімен нақтылана түседі. Екіншіден, оның өзіндік көрсеткіштері (**-т, -қыз, -тыр, -р**) бар. Бүгінгі таңда өзгелік етіс қосымшалары ретінде танылып жүрген бұл қосымшалар сабақты етіске жалғанған жағдайда ғана өзгелік етіс тудыра алады. Ал салт етіске жалғанса, ол өзгелік етіс емес, сабақты етіс тудырады. Мысалы, *үйді азарт, көлікті жүргіз, ағашты сындыр, жерді қаздыр, хабарын сұрат* т.с.с. Келтірілген етістіктер өзгелік етіс қосымшаларын қабылдағанмен, өзгелік етіс бола алмайды. Себебі өзгелік етіс болу үшін іс-әрекетті субъектінің өзі орындамай, басқа біреуге істетуі керек. Яғни сөйлемде тура толықтауышпен қатар барыс септік тұлғалы жанама толықтауыштың да болуы шарт. Ал бұл етістіктерде субъект іс-әрекетті өзі орындап тұр. Бұл етістіктер өзгелік етіс болуы үшін оларға өзгелік етіс қосымшалары үстемелене жалғануы керек: *азарттыр немесе азартқыз, жүргіздір, сындыртқыз, қаздырт, сұраттыр* т.с.с. Ендеше, сабақты етіс етіске тән өзіндік мағынасы мен арнаулы көрсеткіштері болуына байланысты етіс категориясынан өз орнын алуы керек сияқты. Ал сабақты етіс етіс ретінде танылатын болса, онымен оппозиция құрайтын, яғни тура толықтауышты (объектіні) керек етпейтін салт етіс те осы категория шеңберінде қарастырылуы қажет. Салт етісте белсенді субъектінің әрекеті нысанға бағытталмайды. Ол қалып-күйді өзі қабылдайды. Олай болса, түркітануда көп жылдар бойы талас тудырып жүрген негізгі етістің орнына салт, сабақты етістерді етіс қатарында тануға әбден болады. Салт-сабақты етістіктердің бұл ерекшелігін ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде А.Байтұрсынұлы [10], Қ.Кемеңгерұлы [18], Қ.Жұбанұлы [2] еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Ғалымдар етіс категориясының табиғатын терең түсінгендіктен, салт, сабақты етістікті етіс категориясына қатысты сөз етеді. Алайда ғалымдардың репрессиялануына байланысты еңбектеріне тыйым салынған кезеңнен, яғни 1939 бастап салт, сабақты етістер оқулықтар мен грамматикаларда етіс қатарынан ығыстырылды. **Өздік етісте** қимыл іс-әрекет орындаушысына (иесіне), субъектіге қарай бағытталып, сабақты етістікке-**ын/-ін** қосымшасы қосылып жасалады: *ки — ки-ін-ді, көр (дәрігерге) — көр-ін-ді,*

шеш — шеш-ін-ді, тара — тара-н-ды, сұра -сұра-н-ды, сұрт — сұрт-ін-ді т.б. Осы мысалдан көрінетіндей, біріншіден, қимыл, іс-әрекет іс иесі субъектіге қарай бағытталады, сөйтіп, субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады. Ол өзіне өзі субъекті әрі тура объекті мәнінде қызмет атқарады [16, 509]. **Ырықсыз етіс** деп қимыл, іс-әрекеттің өздігінен орындалатын мән үстеп, қимыл, іс-әрекеттің тура объектісі оның грамматикалық бастауышы болу қызметін атқарып, тек сабақты етістіктерден **-ыл/ -іл** қосымшасы, түбір құрамында-л дыбысы болса, **-ын/-ін** қосымшасы арқылы жасалатын етістің түрін атаймыз [16, 509]. Ырықсыз етіс баяндауыш қызметінде жұмсалған сөйлемде қимыл иесі айтылмайды, яғни ол сөйлемде қимыл иесінің кім екені белгісіз болады. Бастауыш қызметінде жұмсалған қимыл иесі өзі қимыл-әрекет істемейді, керісінше, ол басқа біреудің қимыл-әрекетінің объектісі болады. **Өзгелік етіс** қимыл, іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір субъекті арқылы істелінетінін, іске асатынын білдіріп, сабақты етістіктен (кез келген етістіктен емес) белгілі бір қосымшалар арқылы жасалатын етіс категориясының түрі болып табылады. Демек, өзгелік етісте қимылды, әрекетті іске асырушы субъекті бір емес, екеу болады: бірі – іс-әрекетті, қимылды орындатушы, сөйлемде ол грамматикалық бастауыш қызметінде болады, яғни бұл логикалық субъекті әрі грамматикалық субъекті болады, екіншісі, іс-әрекетті, қимылды тікелей орындаушы субъекті (агенс). Ол сөйлемде берілмеуі де мүмкін, берілсе, барыс септік тұлғасында тұрып, ол сөз сөйлемде жанама толықтауыш қызметін атқарады. Бұл – бір. Екіншіден, өзгелік етіс тек сабақты етістікпен жасалады, сабақты етістікке өзгелік етіс қосымшасы үстелгенде, ол баяндауыш болып тұрған сөйлемде тек іс-әрекет, қимылды тікелей атқарушы барыс септіктегі екінші субъект (агенс) қана пайда болады, [16, 510]. Өзгелік етісті схема түрінде былайша беруге болады:



Яғни мұнда іс-әрекетке екі субъект те қатысады: оның бірі – тура толықтауыш тұлғалы субъект, екіншісі – барыс септіктегі жанама толықтауыш тұлғалы субъект. Бірінші субъект (S₁) екінші субъектінің (S₂) істі орындауына түрткі болады, қозғау салады. Мысалы: *Астыма жорғамінгізді. Үстіме торқа кигізді, Оқытып білім білгізді, Қызық дәурен сүргізді. Ақ тұйғын беріп қолыма, Көлінен аққу ілгізді. Бай мен ханның баласы Бәрімен бірге жүргізді* (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). Мұнда қимыл-әрекетке қатысушылар өзара тәуелді, бағынышты деңгейде болады. Ол бағыныштылық әлеуметтік немесе жас ерекшелігіне байланысты болуы да мүмкін [16]. **Ортақ етіс** қимыл, іс-әрекеттің

бір емес, бірнеше субъекті арқылы іске асатынын білдіріп, **-ыс/-іс** қосымшасы арқылы жасалады. Біріншіден, ортақ етісті қимыл, іс-әрекеттің субъектілері қимылға ортақтығы бірдей де, бірдей емес те болуы мүмкін (субъект көптік тұлғадағы бір зат атауы, немесе бірыңғай бастауыштар немесе біреуі грамматикалық субъект те, екіншісі грамматикалық жанама объекті болуы мүмкін т.б.), екіншіден, ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғанып, ортақ етіс жасай береді: *олар хат жаз-ыс-ып тұрады* [16, 511]. Ортақ етісті схема түрінде былайша беруге болады. Мұнда іс-әрекетке қатысушы субъектілер өзара тең дәрежеде (қызметі, лауазымы, жасы т.с.с.) болуы мүмкін немесе жасы үлкен адам іш тарту, жақын тарту мақсатымен ортақ етіс қосымшаларын мақсатты түрде қолдануы мүмкін.

2 Етістің және функционалды грамматика ұғымдарының ұштасуының негіздемесі.

2.1 Ортақ етістің жақтылық категориямен арақатынасы.

Қазақ тілінде жазылған еңбектердің ішінде етіс туралы алғаш айтылған пікірді Ахмет Байтұрсыновтың «Тіл-құрал» оқулығынан табамыз. А.Байтұрсынов етістіктің етіс түріне ереже бермей, бірден «Етістікте он түрлі етіс бар», - дей келе, оның сабақты етіс, салт етіс, ортақ етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, беделді етіс, ырықсыз етіс, шығыс етіс, дүркінді етіс, өсіңкі етіс - деген түрлері барын келтіреді. Етіс түрлері ішінде салт етіс пен сабақты етісті етістің түрлері қатарында атайды. Салт етістік пен сабақты етістікті етіс категориясымен бірге қарау, бұдан кейінгі жылдары шыққан мектепке арналған оқулықтар мен жоғары оқу орнына арналған грамматикаларда да орын алып келді. Етіс категориясын ғылыми тұрғыда лексика-грамматикалық сипаты жағынан арнайы зерттеген ғалым профессор А.Қалыбаева (Хасенова). Ғалым Аққал Қалыбаева етіске берген сипаттамасында етіс категориясының етістікке қатысы жайында және сабақты етістік пен салт етістіктердің етіс категориясы мен байланысы жөнінде, етістің түрлері, олардың жасалу жолдары, етіс категориясының мағынасы мен тұлғалық ерекшеліктеріне ғылыми талдау жасап, «Етіс мәселесін дұрыс шешу үшін, сөйлем мүшесі (баяндауыш) мен сөз табының (етістік) ерекшеліктерін байланыстыра салыстырып, бірінен бірін бөлмей тұтас қарау қажет» - деген құнды тұжырым жасайды. Ғалым басқа сөз таптарының грамматикалық категориялары сияқты етістіктің етіс категориясының қалыптасуы сөйлем мүшелері мен сөз таптарының дамуымен байланысты екенін дұрыс бағдарлайды. Өзінің қалыптасу дәуірінде түрлі заңдылықтарды басынан өткізген етіс категориясының синтаксистік қызметіне сай беретін мағынасы, өзіне тән тұлғалық ерекшеліктері, ол тұлғаларды жасайтын қосымшалары бар. Етіс жасайтын қосымшалар етістіктің сабақты түріне де, салт түріне де жалғанып, етістіктің етіс тұлғасын жасайды. Салт етістіктерден қимыл мен қимыл иесі арасындағы қатынастан туып, субъектінің ішкі мәнін түрлендіретін өзгелік, ортақ етіс түрлері жасалса, сабақты етістіктерден етіс қосымшалары қосылу арқылы барлық етіс түрі жасала береді. Қазақ тіліндегі етіс қосымшаларының осындай бір-бірінен мағыналық ерекшеліктерімен қатар, етістіктің басқа қосымшаларынан ажырататын өзіндік тағы бір ерекшелігі бар. Ол-етіс тудыратын жұрнақтардың етістіктің түбіріне тікелей жалғанатын болымсыз -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарынан бұрын жалғанатындығы. Мысалы: кел-тір-меді, кел-тір-іл-меді, кел-тір-т-кіз-беген, ойла-н-бады, ойла-т-пады, ойла-н-дыр-т-қыз-бады, әкел-ін-беді, әкел-т-тір-меді, өкел-іс-педі т.б. Бұл мысалдардан етіс қосымшаларының тағы бір ерекшелігі етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне тікелей жеке де, және бірінен соң бірі үсті-үстіне жалғана беретін қасиеті бары көрінеді. Етістік етіс қосымшаларынан соң өзінің басқа категорияларының қосымшалары ретімен қабылдайды. Яғни, етіс қосымшаларынан кейін түбірге етістіктің басқа

категорияларының есімше не көсемше, рай, шак, жақ тұлғаларынның көрсеткіштері қосылады. Осындай етістіктің ерекше мағыналық құбылуынан, тұлғалық түрленуінен етістің жасалуы, немесе субъекті мен объектінің өзара қатынасына сай семантикалық және модальдық құбылуынан етіс категориясы туады. Сөйтіп, етіс жұрнағы жалғанған етістік сөз етістіктің грамматикалық категорияларын кезегімен қабылдау арқылы түрлене келе, сөйлемнің белгілі мүшесі баяндауыштың қызметін атқарады. Етіс деп қимылдың объекті субъекті қатысын білдіретін етістіктің категориясы аталады. Етіс 5 түрге бөлінеді: 1) негізгі етіс, 2) ортақ етіс 3) өзгелік етіс 4) ырықсыз етіс 5) өздік етіс.

Негізгі етіс. Етістің түрлеріне құбылмай тұрғандағы оларды салыстырып тұлғасы мен мағынасындағы айырмашылықты айқындайтын етістіктің түбір қалпы негізгі етіс деп аталады: *жат, оқы, ойла, әзірле, келіп кет, кіріп шық т.б.*

Ортақ етіс. Негізгі етістен -ыс, -іс, -с жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың бірнеше субъектіге ортақ екенін білдіретін етістің түрі ортақ, етіс деп аталады: *айт + ыс, - айтыс, кел + іс - келіс, жақ + тас -жақтас т.б.* Мысалы, *Қазір олармен сөйлеспек* (сөйлесу - оларға ортақ қимыл). *Ол адамдармен танысып жүр* (танысу - бірнеше адамға ортақ қимыл).

Өзгелік етіс. Негізгі етістен -тыр, / -тір, -дыр, / -дір, -ыр, / -ір, -т, -қыз, / кіз, -ғыз, гіз жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың бөгде адам арқылы жасалуын білдіреді: *айт + тыр - айттыр, сөйле + т - сөйлет, жаз +ғыз - жазғыз т.б.*

Ырықсыз етіс. Негізгі етістен -ыл,)-іл, -л), -ын (-ін, -н) жұрнақтары арқылы жасалып, қимылдың жасаушысы белгісіз болып, қимыл өзінен өзі жасалғандай болып көрінуін білдіретін етістің түрі ырықсыз етіс деп аталады: *(орындық) қой+ыл - қойыл(ды), (су) құй + ыл(ды) - құйыл(ды), (киім) іл + ін(ді) - ілін(ді) т.б.* Мұнда орындықты кім қойған, суды кім құйған, киімді кім ілгені белгісіз.

Өздік етіс. Негізгі етістен -ын, -ін, -н жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың субъектінің өзіне жасалатынын білдіретін етістің түрі өздік етіс деп аталады: *жу + ын - жуын, ки + ін - киін, тара + н - таран, сыла + н - сылан т.б.* Мұнда жуыну, киіну ,тарану, сылану қимылын жасайтын да, сол қимылға түсетін де -субъекті.

Көркем шығармада олай емес стильдік мақсатта жалпы халықтың тілдегі қарапайым, тұрпайы және жергіліктіерекшеліктерін сипатындағы сөздердің бәріде қолданады. Әр тілден оның аясы кең. Стилистика грамматиканы да өзінің зерттеу объектісі ете алады. Ол грамматикалық құбылыстарға стильдік талдау жасайды, бірақ грамматикалық талдау мен стильдік талдау бірдей емес.

Морфология сөздердің тұлғалық зерттесе, стилистика ойды мәнергігі жеткізу үшін морфологиялық формаларда қандай жағдайда қалай қлданатының қарастырады.

Синтаксис - сөйлем, сөйлемнің құрылысын зерттейді. Ал стилистика ойды білдіретін сөйлеудің қолданылуына, айтылу тәсіліне қарай және сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібін қарастырады.

Стилистиканың объектісі лексикология да болады, бірақ стилистика сөздің қолдану заңдылықтарын, сөздермен сөз тіркістерінің экспрессивті тұрғыдан дұрыс пайдалану принципін зерттейді.

Енді Ж. Аймауытовтың шығармаларында жазушы не үшін ортақ етісті қолданғаның қарайық және жасалу жолдарына тоқтайық. Ш. Бектуров, М. Серғалиева ортақ етіске өз еңбектерінде анықтама береді. Істі істеуші нақты айтылмай, біреу емес, бірнеше адам істегенін көрсететін етістікті ортақ етіс дейміз. Мысалы: төгісті, алысты санасты, күресті т. б.

Ортақ етіс етістіктің түбіріне -с, -ыс, -іс жұрнақтары қосылу арқылы сабақты салт етістіктің екеуінен жасала береді.

Ортақ етістің мағынасы өзінің субъектісімен бірге келгенде айқындалады: Мысалы: сен айтыс, айтыс басталды. Сондықтан ортақ етістің жұрнағы зат есім тудыратын (-ыс, іс, -с) жұрнақтарымен омонимдес келетіндігін де ескеру керек [16-112].

Шындығында, бұл етістіктен ортақ етіс те, қимыл есімі де -ыс, -іс жұрнағы арқылы жасалатындықтан жеке тұрғанда дербес мағынасы аңғарылмайды. Оны тек контексте ажырату мүмкін.

Сондықтан қимыл есімі мен ортақ етіс формасының өзгешеліктеріне тоқтала кету орынды болмақ.

- Ортақ етістің грамматикалық мағынасы әрқашан іс иесі екі не одан да көп екенін білдіреді. Ал қимыл есімінде іс иесінің санына қатысты мағына болмайды.
- Ортақ етіс формасы рай, көсемше, есімше формасында қолданылады, Қимыл есімі тек есімдерше тәуелденіп, септеліп қолданылады.
- Ортақ етіс формасында қолданылып тұрған сөзді -у қосымшалы қимыл есімімен ауыстыруға болмайды. Ал қимыл есімдерінің жұрнағы өзара алмаса береді.
- Ортақ етіс формасына қимыл есімінің -у, -мақ жұрнағы жалғана береді, ал – ыс жұрнақты қимыл есіміне бұл жұрнақтар үстемеленіп жалғанбайды.

Ортақ етіс -ыс, -іс, -с жұрнағы арқылы жасалады , істі екі не одан да аса субъекті қатысып жүзеге асыраттындықты білдіретін мән үстейді , яғни бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатын амалды білдіреді. Мысалы: әкеліс, құшақтас т. б. -Ла +с тұлғаларынан біріккен құранды -лас - лес,

-дас -дес, - тас- тес - жұрнағы арқылы есімдерден жасалған туынды етістіктері де ортақ етіс семантикасын білдіреді.: тату-лас, сыр-лас, т. б.

Етістіктің бұл түріне орыс тілінің возвратный залог взаимно - возвратного значения деп аталатын түрі сәйкес келеді, олар сабақты етістіктерден мынадай жолдармен жасалады:

а) -ся постфиксі арқылы тек сабақты етістіктерден: обняться, целоваться т.б ;

ә) аналитикалық тәсіл арқылы : вместе рисовать - сүрет салысу, помочь сделать- істеу т.б [17-117/]. Ортақ етістің негізгі морфологиялық көрсеткіші болып саналатын -с аффиксі дауыссыз дыбысқа аяқталған түбірлерге -ыс немесе -іс болып қосылады. Көптеген туынды түбір етістіктерде бұл аффикс - ла // -ле формантымен ажыратуға келмейтіндей -лас// -лос; -дас//-дес; -тас//-тес болып күрделене қосылып қолданылады: Мұндас-у , сыр-ла-у (сыр айтысу д-м), ақыл- дас-у , тату-лас-у , араз-дас-у т. б. Осы тәрізді етістіктердегі -лас//- лес аффиксі - ла// -ле және -с аффикстерінен құралғанымен бұл келтірген түбірлер -с аффиксінсіз, ақыл-да, тату-ла болып толық мағыналы дербес сөз есепті айтылмайды.

Бөліп қолдануға келмейтін бұлөмас // -лес- күрделі аффиксін қазіргі қазақ тілінде -ла// лк және -с деп жігін ашып айтуға болатын түбірлермен шатыстыруға болмайды. Өйткені ымдас, қалтықтас, жұлқылас тәрізді етістіктер бұл арада -с -да, және ым-да-с, қалтық-та және қалтық-та -с, ара-ла және ара-ла-с тәрізді салыстыра берген мысалдардан айқын көруге болады.

Ортақ етіс жасайтын -с аффиксі бір ғана мін деген түбір етістікке -гес болып қалыптасқан түрінде қосылып қолданылады.

-с, - ыс//іс, аффиксі етістік түбірлерінің бәріне бірдей дерлік қосылып қолданыла береді. Бірақ бұл аффикспен тұлғаланған түбірлердің беретін мағыналары, атқаратын қызметі әр келкі болып келеді. Олай болатын себебі бастапқы түбірлердің лексикалық мәнімен, сондай-ақ салт немесе сабақты етістік болуымен де тікілей байланысты. -с, ыс//іс- аффиксі қосылған сабақты етістіктердің басым көпшілігі субъектелерге ортақ етіске айналаса, салт етістіктен жасалғандар етістік пен көп субъекті арасын қиыстырушы грамматикалық тұлға есепті қолданады. Өзгелік етіс аффиксі қосылу арқылы салт етістіктен сабақты етістікке айналған түбірлерге де -ыс// -іс аффиксі үстеліп, қиын-дір-іс, отыр-ғыз-ыс тәрізді етістіктер жасайды.

Бірақ бұл етістіктерді субъектілердің бір біріне жалғаса, жәрдемдесе істеген бірлестік мәнді іс-- әрекетін білдіреді. Сөйтіп, -е, -ыс//іс және -дас//дес аффиксті етістіктерді мағыналық өзгешіліктеріне сәйкес төмендегіше топтап көрсетуге болады:

- 1) а) Көптік жалғаулы бастауыш арқылы
 - ә) бірыңғай бастауыш рақылы.
 - б) бірі-бастауыш, екіншісі-көмектес не барыс, кейде табыс септіктегі толықтауыш арқылы.
 - в) екеуі не үшеуі, бәрі т. б. осындай жалпылау сөздердің бастауыш болып келуі арқылы.

2) -ыс//іс аффиксті сабақты етістіктердің бір тобы екі немесе бірнеше субъектінің ортақ объекті арқылы іске асатын бірлестік процесі болып қолданылады: Апар-ыс-у, әкел-іс-у, т.б. тәрізділерді де осы топқа жатқызуға болады. -ыс//іс аффиксі кез келген салт етістікке қосыла бермейді. Бұл формант қосылған жағдайда ондай етістіктер субъектінің көптігін белдіреді, бастауыш пен баяндауышты үшінші жақта да көпшеде қиыстырып, сөздерді байланыстырушы жалғау есепті қызмет атқарады. Етіс аффикстері күрделі етістіктің толық мағыналы негізгі компонентіне қосылса, бұл соңғы функциясында -ыс//іс аффиксі көмекші етістікпен де қолданыла береді.

3) -с, -ыс//іс аффиксті етістіктердің жоғарыда санап өткендегідей т.б мағыналық және грамматикалық айырмашылықтары бар екенін өзгелік етіс аффиксі үстелген -стыр//стір күрделі аффиксінен де байқауға болады. Мектеп директоры оқушарды жаңа оқушымен таныстырды деген сөйлемдегі таны-с-тыр етістігі мен ол келген қонақтардан ел жаңалығын сұрастырды дегендегі сұра-с-ты-у етістігін салыстырып қараңыз. Екеуі де сабақты етістік мәнінде айтылып тұрған бұл сөйлемдердегі етістіктердің алғашқысында ортақ етіс толық өз мәнінде айтылып тұр. Соңғы сөйлемдегі етістік (сұрастыр) ортақ етістің, бірлесе жүзеге асырған қимылдың да мағынасында айтылып тұрған жоқ. Өйткені мұнда ел жаңалығын сұраған бір ғана субъект. Мұнда-дүркін-дүркін, елденеше рет қайталанған процесс беріліп тұр. Сұра-с-тыр тәрізді ізде-с-тір, қара-с-тыр т.б етістіктердегі күрделі -стыр//стір форманты өздері қосылған түбірге белгілі вид мағынасын (бұл арада дүркінділік) үстеп, негізінен грамматикалық қызмет атқарады [18-173-175].

С. Исаев өз еңбегінде ортақ етістің ерекшелігіне тоқтайды: "Ортақ етіс қимыл, іс-әрекеттің бір-емес бірнеше субъекті

арқылы іске асатының білдіріп, -ыс -іс -с қосымшасы арқылы жасалады. Біріншіден, ортақ етісті қимал, іс-әрекеттің субъекттері қималға ортақтығы бірдей де, бірдей де емес болуы мүмкін (субъект көптік тұлғадағы бір зат атауы немесе біріңғай бастуыштар немесе біреуі грамматикалық субъект те, екіншісі-грамматикалық жанама объекті болуы мүмкін. екіншіден, ортақ етіс қосымшалары салт етіске де, жасай береді: олар хат жазыс - ып тұрады, қонақтар жайғасып отыр - ыс -ты, ол бізге үй сал-ыс -ты т. б.

Сөйтіп, ортақ етіс мағынасы мен қосымшалары етістің басқа түрлерінен сабақтылық салтылық сипатқа бейтарап болуы негізінде де ерекшеленеді. Ортақ етістің тағы бір ерекшелігі - қимыл атауын білдіруге бейім тұрады да, кейбіреулері сол арқылы заттық ұғымның пайда болуымен зат есім болып кеткен: соғыс, айтыс, жүріс, байланыс т. б.

Ортақ етіс пен өзгелік етістің семантикасында мынадай бір ұқсастық бар: екеу де, іс - әрекеттің бір субъекті емес, бірнеше субъекті арқылы орындалатынын білдіреді, бірақ өзгелік тек сабақты етістіктен жасалып, онда екінші субъект - агенс міндетті түрде болады да, ол- қимыл іс-әрекетті тікелей орындаушы, ал ортақ етісте бұлар жоқ. Сондай-ақ етіс қосымшалары бірінің үстіне екіншісі де жалғана береді. Оның тәртібі:

- өздік етіс + ортақ етіс : желпі -н -іс, көр-ін-іс т.б
- ортақ етіс + өзгелік етіс: сөйлес -тір, жина -іс -ір [19-283].

Осының бәріне осындай қортынды жасайық :

Ортақ етіс - қимыл -әрекеттің бірнеше субъектінің қатысы арқылы жүзеге асатындығын білдіруі және тұлғалық - ыс / -іс /-с жұрнақтары арқылы көренеді. Зерттеу барысында Ж. Аймауытовтың "Қартқожа" романынан алпыс сегіз сөйлем тауып, сол сөйлемдердің ішінен алпыс тоғыз ортақ етіс шығарылды. Оның арасында бірнеше рет қолданған және сөйлемдерде қайталанып отырған ортақ етіс бар. Мысалы, айтысып, айтысты деген ортақ етістерді, - ыс жұрнақ арқылы құралған романда жазушы жеті рет қолданады. Ал сөйлесті, сөйлесіп деген ортақ етістерді он бес рет қайталайды. Бұл етістің формалары -с жұрнақ арқылы жасалған. Десті деген ортақ етіс - с -жұрнағы бар бес рет қайтаналады, кірісті - төрт рет (іс- жұрнағы бар). Сөйлесті деген ортақ етістің синонимдері жиі кездеседі . Мысалы, әңгімелісті, сырласты. Айтыс деген ортақ етіс бірнеше рет кездеседі. Етіс мағынасында бұл сөз жектеледі, септеледі, рай түрленеді, ал есім мағынасында септеледі, тәуелденеді. Соғыс деген ортақ

етіс формасы жиі кездеседі, бұл сөз есім сөз болып қалыптасып кеткен. Жазушы неге осылай жиі ортақ етістерді қолданған деген сұрақ туады. Ортақ етіс жазушыға ойын жеткізу үшін керек. Ортақ етіс көпшілік оқиғалар, көпшілік мәселелерді көрсеткенде ең қолайлы, ұтымды форма, тұрақтылық-ыс/іс/с жұрнақтары арқылы көренеді.

Ортақ етіс жазушының идеясын жеткізуге қызмет етеді деп айтуға болады.

1916 жылғы ұлт -азаттық қозғалысының басталуы мен оның 1917 жылы февраль революциясына ұласуы, қазақтардың ел ішіндегі әлеуметтік күрестерге аралысуы, "Алаш орданың" құрылуы мен ақ әскерлерінің большевиктерге қарсы күресі, Октябрь революциясы мен азамат соғысының жеңісті оқиғалары роман сюжетіне негізгі желі боп кіреді. Шығарма қаһарманы Қартқожа да, оның елі, жұрты да осы оқиғалар фонындағы тартыста есеіп, есін жинап, ілгері басады, болашаққа қарайды.

Автор кейделер ортасынан шыққан жас Қартқожаны, елі үшін күйген, еңбекті сүйген, ер жүректі, жұртшылық көсемі - жалынды жастырдың (автордың арнау сөзінен) қатарынан көргісі келеді. Оның халықтық ойлары Қартқожа бейнесі арқылы өрібіп дамиды. Бұл "Қартқожаның" жалпы қазақ романның тарихындағы маңыза қоса тақырыптық, идеялық жаңалығында көрсетеді [12-10].

Сонымен, ортақ етіс арқылы жазушы ойын, шығарманың идеясын жеткізу үшін қолданып, ортақ етіс бірлікті қолдайтының топшылауды жақсы көретінін көрсетеді.

Болашақта адамдардың үлкен істі атқару үшін бір ауздықты қолдау керектігін автор мезгейді. Қорта айтқанда: бірлік бар жерде тірлік бар.

Осы сөздерді дәлілдеу үшін "Қартқожа" романның мысалдар келтіруге болады: Біреу шын ұрысып жатыр екен деп ойлар [20-26].

Былай таман шықан соң Қартқожа шәкіртпен әңгімеге кірісті [20-31].

Құбыла жағына келіп тізіліп ақсақалдар да отырысты [20-47].

Шеткері отырған жамау, жаман тымақтылар сәлем берісті [20-47].

Оларды кимелеп, қамшысын білеп ұмырлауы жігіттер ақырысты [20-49].

Осы не білуші еді...- десті жұрт [20-50].

Дереу жігіттер алқа -қотан отырысты [20-51].

Тіпә-тіпә деп, азан-қазан болып, түкірісті [20-51].
Шу , қара құйрық! Кеткенен келме! -деп тағы шуласты көп [20-51].
Енді Нығманды әкел ! Басқаңмен күреспейді [20-61].
Жүген издесіп атқа жүгірісті [20-66].
Бәрі де бір адамның баласындай, біріне-бірі сүйеніскен, айқансқан, құшақтасқан [20-67].
Біреу жылқы баққанын, біреу сасқанын, біреу ұялғанын айтысты [20-69].
Ұмтыл! Шап ! деген жаң-жұң, қарбалас, жанталас, жүгіріс [20-87].
Баратын үйіне ауылдың кісілері жүгірісіп кіріп жатыр [20-92].
Дәретсіз алақанын топыраққа соғып, дембі қағысты. [20-95].
Қартқожа башқұртпен әңгімелесіп жүріп, оқытатын бір орыс тауып алды [20-99].
Қайтарды, патша түскен соң соғыс бола ма? [20-100].
Әжеммен ақылдасам ба, ақылдаспайым ба? [20-105].
Әйтсе де сөйлесейін деп, өшетілге барды [20-108].
Балалар үйлерінен жаялығын ала келуді ұйғарысты [20-114].
Касен олармен сырласатын [20-116].
-Бүгін түні ар жаққа шығып, жастар соғысамыз деп сөз байладық [20-117].
Қатқожамен жампайдап, амандасып кетті [20-117].
Айтыс болғалы жатыр- деседі [20-117].
Қазақ азаматтары қырдан қайта келіп, қызметке кірісіпті [20-118].
Ақтар қашып келеді... деп гулесті [20-119].
Айғай-ұйғай жүгіріс [20-120].
Жастар жұмысқа кірісіпті [20-122].
Олар бұ күнде ұсталды. Бірақ көп алыстық [20-121].
Қартқожа соларға ілесіп кетті [20-127].
Тұрмыс-күнкөріс тартысы [20-133].
"Нар жолында жүк қалмайды" десіп, жолдастары Қартқожанын жүгін сиістырып таратып алды [20-136].
Жүрісі шабан, митын аяң [20-136].
Қатын әуелде көнбесе де, артынан еркегімен ақылдасып, қызып Қартқожаға берді [20-137].
Бір сабынға сөйлесіп, келісе алмады [20-138].

Ал енді ортақ етістің сөйледегі қызметіне тоқтасақ, бұл тұлға сөйлемдерде бастауыш ролін атқаратын мысалдарды келтруге болады:

Атыс болғалы жатыр - деседі [20-117].

Бұл сөйлемде атыс - бастауыш ролін атқарып отыр, атыс-бұл есім мағыналы ортақ етіс, - ыс жұрнақ арқылы жасалған.

-Қайтарады, патша түскен соң, соғыс бола ма? [20-100]. -бұл сөйлемде де соғыс - ортақ етіс, бастауыш қызметін атқарып тұр.

Ортақ етіс романда көбінесе баяндауыш қызметін атқаратын мысалдар өте көп:

Тұрмыс - күнкөріс тартысы [20-133] - бұл сөйлемде тартысы есім мағыналы етіс, бірақ сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Балалар үйлерінен жаялығын ала келуді ұйғарысты [20-114] - бұл сөйлемде де ортақ етіс баяндауыш ролінде.

Касен олармен сырласатын [20-116] - бұл сөйлемде ортақ етіс сырласатын дара + баяндауыш қызметіде.

Сонымен романнан алған мысалдар арқылы осындай қортынды жасауға болады:

Ортақ етіс «Қартқожа» романында бастауыш, көбінесе баяндауыш қызметін атқарып жүреді.

«Қартқожа» романы- көркем шығарма, мында жалпы халықтың тілдегі қарапайым, тұрпайы және жергілікті ерекшеліктерін көреміз.

Ж. Аймауытов - шығарма тілдің шебері, осы романда тілінің байлығын, кереметтілігін, көркемділігін көруге болады.

Ортақ етіс -грамматикалық форма, ал грамматикада стилистиканың объектісі деп үстінде айтқандай ортақ етіс арқылы жазушы ойды мәнерлі жеткізу үшін қолданғанын мүмкіншілігіміз келгенше дәлелдедік .

Енді Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романдағы ортақ етіс тұлғалардың стильдік сипатына тоқтайық.

Зерттеу барысында жазушының «Ақбілек» романынан жүз отыз сөйлем тауып, сол сөйлемдердің ішінен жүз елу ортақ етіс шығарылды. Арасында бірнеше рет сөйлемдерде қолданған ортақ етістер қайталанады.

Мысалы, ең жиі қайталанатын ортақ етіс тұлғалары - сөйлесіп, сөйлесті. Олар шығармада жиырма төрт рет кездеседі.

Романда кейіпкерлер ішкі монолог, диалог арқылы көп сөйлеседі.

А. Зейнуллинаның айтуынша: Ішкі монолог көбіне үшінші жақтан, яғни әңгімелеуші тарапынан баяндалады. Кейіпкер ойы мен жазушы сөзі бір-бірін толықтырып, сезімдері бір арнаға түскендей болады. Ж. Аймауытұлы ішкі монологты орнымен ұтымды пайдаланады [13-26].

Тағы жиі кездескен ортақ етіс тұлғасы - айтысқан (он рет қайталанады), мағынасы жағынан үстеңгі сөзге жақын, тек ол ішкі монологта кездесе, айтқан деген сөз көбінесе диалогта, үнсіз диалогта кездеседі.

Ортақ етіс диалог тәсіліне көмек беріп тұрғандай. Демек ол көпшілік оқиғалар , көпшілік мәселелерді көрсетуге лайық форма.

А. Зейнуллинаның пікірі бойынша: «Диалог тәсілі арқылы жазушы шығармаларында кейіпкердің арманы , мақсаты белгі береді» [13-30].

Соғыс, соғысты деген ортақ етіс тұлғалары жиі кездеседі (8 рет). Бұл сөздердің қолданғаны романның тақырыбымен байланысты.

С. Қирабаевтың айтуынша: «Ақбілек» тақырыбы жағынан «Қартқожа» романымен үндес. Егер «Қартқожада» жазушы ескі қоғамдық құрылыс жағдайында теңсіздікте күн кешкен қазақ кедейінің Социалистік революциядан соң құлдықтан құтылып, азаттық күрес жолына шыққанын сүретесе, «Ақбілекте» де осы идеяны жалғастырады. Мұнда феодалдық - рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының жаңа шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы тең праволы азамат болуы бейнеленеді [14-10].

Тағы да романда кірісіп, көрісіп, ұстасып, құшақтасып, сүйісетін деген ортақ етіс тұлғалары бірнеше рет кездеседі. Бұл сөздер шығарманың идеясын ашуға көмектеседі деп айтуға болады: алай - түлей қаранғы қара күндер барса келмеске біржола кеткендей, анау-алыста, етекте біржола қарасы өшкендей көренеді. Ақбілек бейнеттен , қорлықтан , күнәдан тазарып сонау жетіқат көктегі ғарышқа барып жүрегін алтын легенге салып тұрғандай, анадан жаңадан туғандай тазарады [20-339].

Қорыта келгенде - бұл романда жазушы қазақ ауылының жаңаруын көрсету үшін ортақ етіс тұлғаларын шеберлікпен қолданады. Жаңа ауылдың өмірі тек қана көпшіліктің арқасында өзгереді.

Осыны дәлілдеу үшін мысалдар келтірейік:

Қашанғы өзді -өзіміз боқтасып , керісіп, төбелесе берейік [21-155].

Тіршілік - деген арпалысып күнелту деген сөз [21-155].

Орыспен де қазақпен де сөйлесе кетем [21-157].

Алыс-жұлыс, ауыр күйік, аттың соққысымен Ақбілектің сілесі қатып, аттан түсіргенде өлген адамша сылқ ете түскен [21-159].

Өзге орыстар жирен орысты мазақтағандай қарқ-қарқ күлісті [21-160].

Жасасын Совет өкіметі ! -деп әр кімнің стаканына бір шағылыстырды [21-229].

Бұл айтысты естіп отырған Бекболаттың кімдікі дұрыс, кімдікі теріс екеніне ақылы жете алмады [21-233].

Ертеңінде шайдан кейін ақсақал қораның бұрышында Әлдекей екеуі отырып, бір қыдыру сөйлесті [21-261].

Әйнек алдында бастары түйісе жаздап, шүңкілдесіп екі жас әйел іс тігеді [21-262].

Емен бе, қарағым ? - деп әуелі Ақберген амандасты [21-271].

"Құр, жауарым, құр!" - деп атқа енсесін салысты [21-287].

Ағаындары қуанысқан болып, "қайырлы болсын" айтысты [21-287].

Ас ішіп тараған соң , қатындар төрге төсек салуға кірісті [21-287].

Жар дегенде Өрік, Ұрқиямен ұстасты [21-294].

Күлян күнде еке үш серіктесімен сенекте қолтықтасып, сөйлесіп, сұңқылдасып, жүруші еді [21-321].

Енді ортақ етіс тұлғалардың сөйлемдегі қызметіне тоқталайық.

Зерттеу барысында шығарманың ішенен ортақ етіс тек қана бастауыш пен баяндауыштың қызметін атқарған сөйлемдер ғана кездейспей, тұрлаусыз мүшелері де болған сөйлемдер жиі кездесті.

Мысалы:

- Көріп, мауқын басқан соң, екі жас әйел бірне-бірі таянасып, аяқтырын айқастырып, телмендеп отырып әңгімеге кірісті [21-311] - бұл сөйлемде баяндауыш - *кірісті* (-іс жұрнақ арқылы жасалған ортақ етіс), ал ортақ етістер пысықтауыш қызметін атқарады.
- Мен қайтып кележатқанда Күлян мен Жаңыл сөйлесіп, күлісіп келе жатты [21-320] - бұл сөйлемде де ортақ етістер *сөйлесіп, күлісіп*, пысықтауыш ролін атқарады(қалай келе жатыр?)
- Біз соғысқа барамыз, сен қайтесің? [21-176] - бұл сөйлемде *соғысқа* мекен пысықтауыш ролін атқарады. *Соғыс*- есім сөз болып қалыптасып кеткен сөздердің бірі.

Қорыта келгенде «Ақбілек» романының тілі таңқылдырады, сүйсендіреді, әсересе табиғатты суреттеу үстінде қандай өрнекті бейнелі, көркем сөздер табылған!

Жазушы өз ойын жеткізу үшін ортақ етіс тұлғаларын шеберлікпен қолданады, өйткені ортақ етіс көпшілік қатысы арқылы жүзеге асатын амалды ғана білдіреді.

2.2 Етісті оқытудағы инновациялық технологиялар

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өскелең өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға - әрбір ұстаз міндетті. Қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да – абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат өсіп келе жатқан жас ұрпақты өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ. Оқу үрдісінде инновациялық технологияны тиімді пайдалану еліміздегі түрлі сала бойынша білім алып жатқан оқушылардың болашақ бәсекеге қабілетті ертеңгі маман ретінде дайындап шығаруға мүмкіндік береді. Педагогтар инновациялық технологияны тиімді пайдалану арқылы оқушылардың өз ойларын жеткізе білуін, творчестволық ойлау қабілетін арттыруды, бір-бірімен оқушы ретінде емес, іскерлік қарым-қатнаста болашақ маман ретінде қызмет барысында туындаған өзекті мәселелерді бірлесіп шешу жолдарын, ақпаратты тиімді пайдалану әдістерін үйретеді. Білім беру әдістеріне педагогика теориясында: «...Білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысынқалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орын далатын тәсілі» деген анықтама берілген. Әдіс - белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу тәсілі немесе мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы, ал тәсіл - әдісті құрайтын элементтер. Оқыту әдісі - оқытудың мақсатын, міндеттерін, шет тілін оқытудың мазмұнын тудыратын және оларға жетудің оқыту кезеңдері мен шарттарына сәйкес тәсілдерін айқындайтын оқытудың бағыты. Әдіс – ілім, зерттеу жолы, көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі. Оқыту әдістері білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, уәждемелік қызмет атқарады, сондықтан әдістерді сабақтың дидактикалық мақсаттарына сәйкес тиімді қолдана білудің маңызы зор. Жалпы тілді оқыту мен үйретуде бір ғана әдісті қолдану мүмкін емес. Бұл жөнінде Қ.Жақсылықова: «Қазақ тілін оқыту – көп факторлы және әр жақты құбылыс. Сондықтан тілді оқытудың жалғыз әмбебап бір ғана тірек әдісін қолдану мүмкін емес. Шынтуайтына келгенде жалпы оқытудың

ешқандай да бір әмбебап әдісі жоқ және бұл да мүмкін емес екенін тәжірибе дәлелдеп тұр», - деп жазды. [26].

Соған байланысты қазақ тілін оқыту әдістемесінде ғалымдарымыз әдістердің тұтастығы, бірлігі, жиынтығы мәселесін көтере бастады. Олар тілді оқытуда бірнеше амал-тәсілдерді аралас қолдану оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға, білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге ықпал ететіндігін атап көрсетті.

Әдіскер ғалым К.Назарғалиева оқыту процесіндегі негізгі мақсат - таным-білімді меңгеру және меңгерту, оқытушы мен оқушының әрекеттерінен тұрады, сондықтан оқыту әдістерін саралауға өзге емес, осы қағида басшылыққа алынуға тиісті деп, оқыту әдістерін екі топқа бөліп топтастырады.

- Оқыту әдістері: ауызша баяндау, информациялық хабарлау, түсіндіріп оқыту, әңгімелеу, демонстрациялау, экскурсия, тексеру, жүйелеу, бағалау.
- Оқу әдістері: әңгімелесу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалмен жұмыс, жоспарлау, тапсырманы орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану - біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден – оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Оқытудың интерактивті әдісі оқу – ағарту саласындағы жаңа ұғым емес. Бұл әдіспен көптеген оқушылар мен оқытушылар таныс. Оқытудың бұл әдісінің тиімділігін қазіргі таңда көптеген оқу орындары мойындап отыр. Оқытудың интерактивті әдісінің мақсаты, оқушылардың тек жеке және ұжымдық қабілетін арттыру емес, сондай-ақ, олардың ақпараттарды дұрыс қабылдап, оларды бағалау, ақпараттарды талқылауға қатысу, толғандырған мәселелер бойынша шешімдер шығару, өз ойын өзгелерге жеткізу арқылы көздеген бір мақсатқа жету болып табылады.¹ Оқытудың интерактивті әдісі. Интерактивті әдісте оқушы да, оқытушы да бір мезгілде оқытудың субъектісі болып табылады. Оқытушы тек оқыту үрдісінің ұйымдастырушысы ролін ойнайды. Оқу үрдісінің барлық қатнасушылары бір-бірімен тығыз байланыста болады, сондай-ақ бір-бірі мен ақпарат алмасып, өзекті мәселелерді бірлесіп шешеді. Оқушылар өз ойларын ашық түрде жеткізіп, өзге оқушылардың атқарған жұмыстарына баға береді. Оқушылар бір-бірімен іскерлік байланыста болып, болашақ маман ретінде алға қойған тапсырманы бірлесіп шешеді. Интерактивті оқытуда сабақ өткізу кезінде мұғалім кеңесші, серіктес ролін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып бірін-бірі қолдау толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісіде араласа алады. Ол қарсы топтың оқушысы да болуы мүмкін. Қарсы топтан болғандықтан ол сұхбатқа өзінің сұрағымен немесе екі оқушының сұхбатында айтылмаған тақырыпқа қатысты тың дерегімен де кіре алады. Мұны полилог дейді. Бұл білім алуды жеделдетеді

және кездескен қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады»,—деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім беруіне жағдай жасап отыр. Оқытушы баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, т.б. таным әрекеттерін жасайды. «Жүз рет естігеннен, бір рет көрген артық» деген сөздерді ескере отырып, сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай мультимедиялық проекторды пайдаланып отырсақ оқытушының ұтары мол деп ойлаймын. Тек оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану оқытушының шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы технологияны пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этнопедагогикалық тәрбие береді;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.
- Мультимедиялық проекторды пайдаланудың оқытушыға береріне келсек:
- барлық баланы оқыту;
- оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектесу;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену.

Яғни, әр қазақ тілі сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушыларды тілге деген қызығушылығымызбен баурап алатынымыз сөзсіз.

Әр саланың өз жаңалық-жасампаздығы болса, біздің тіліміздегі тілдік талдауларға қажетті жаңалықтың бірі – сатылай оқыту технологиясы. Тіл білімінің қай саласы болмасын сатылап талдануға бағынады. Сатылай комплексті талдаудың маңызы зор деп ойлаймын:

- оқушы материалды қалай меңгергендігі байқалады
- оқушы білімін тұрақтандыруға көмектеседі
- ізденуге жетелейді, қызықтырады
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады
- өзіндік пікірі қалыптасады.

Біз ұстаздар қауымы қандай да болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретініміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Соның бірі – «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігіне тоқталсам. Мұнда әр оқушының ойы шындалып, өз даму деңгейіне

сай жетістіктерге жетуге болады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой-толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал, соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойланып-толғануға уақыт берілуі керек, ойын айтуға оқушы шығармашылығын қалыптастыратынын атап өту керек.

«Мағынаны тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Кубизм» стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларымен жауап бере отырып, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастырылған немесе сұрақтардың өзін сұрыптауда «Жуан және жіңішке сұрақтар» стратегиясын оқытушы жүзеге асырады. Осы кезеңде «Түртіп алу кестесі» бойынша да жұмыстану арқылы қорытынды шығаруға болады:

Бұл технологияның келесі бір кезеңі – ой-толғаныс. Мұнда «Венн» диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсетуге болады. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «Дебат» яғни, пікір-сайыс өткізуге немес «5 минуттық эссе» жаздыруға болады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білгеніміз.

Ұстаз үшін ең негізгі мақсат – әр сабақты тартымды, тиімді, түсінікті етіп өткізу. Оны жүзеге асырудың бір жолы – заман талабына сай ақпаратты технологияларды қолдану. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы негізгі мақсат – оқушыларды қазақ тілінде оқи, жаза, түсіне, сөйлесе білуге үйрету, дағдыландыру; қазақ халқының әдеби мұрасының озық үлгілерімен басқа тілді оқушыларды таныстыру. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін оқытудың инновациялық әдістерін қолдану тиімді.

Профессор Н. Оралбаева, К. Жақсылықова «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» оқулығында қазақ тілін оқытумен байланысты мына әдістерді көрсетеді: баяндау, түсіндіру, ойландыру, жалқылау, жалпылау, әңгімелесу, еліктеу, жаттығу, ана тілімен салыстыру, көрнекілік, топ, экскурсия әдісі.

Ж. Сүлейменова әдістерді жалпыдидактикалық және жеке пәндік деп екі топқа бөліп қарастырады: Жалпыдидактикалық топқа ауызша хабарлау немесе сөз әдісі (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, дәріс); көрнекілік әдісі (иллюстрациялау, демократиялау), бейне әдіс (электронды оқулық), практикалық әдіс (жаттығу, тәжірибе жасау, экскурсия), кітаппен жұмыс жасау әдісін жатқызады. Жеке пәндік топқа ана тіліне сүйену немесе салыстыру (еліктеу, аударма, грамматикалық талдау, коммуникативті-ситуативтік, драматизациялау);

лингвистикалық сөздіктермен жұмыс (сан әдісі); аппроксимация, грамматикалық ойын әдісін жатқызған.

Модульмен оқыту – жеке бағдар, жеке нысана. Әрбір оқушының жеке басының дамыуына кәсіби біліктілігін көрсетуге, оқу үрдісін жекелендіруге, білім деңгейін саралауға бағытталған оқу жүйесі. Модульді оқыту 1960 жылдардың аяғына қарай шет елдерде пайда болады. Американ ғалымы J.N.Poslethwait оқу материалының мазмұнын аз порциямен (единицамен), дербес тақырыптармен беруді ұсынады. Алғашында ғалым бұл единицаны «микрокурс», кейінен «миникурс» деп атады.

Бұл курстардың мазмұны мен көлемі пәнді оқытудың дидактикалық мақсатымен анықталады. Оқытудың жаңа үрдісі педагогтік тәжірибеге ене келе «модуль», «модульді оқыту» болып қалыптасты.

Кесте 2 - Қазақ тілін оқытуда қолданылатын инновациялық белсенді әдістер.

Оқу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық буындары	Оқытудың инновациялық белсенді әдістер мазмұнының жалпылама сипаты
Мақсаты	Мамандыққа баули оқыту; Кәсіби жағымды уәж тудыру; Сапалы нәтижеге қол жеткізу; Шығармашылық белсенді тұлға қалыптастыру; Тілдік тұлға қалыптастыру; Ақпараттық, қатысымдық құзыреттерін қалыптастыру
Оқыту әрекеті	Кеңесші, ақылшы; Көмекші, ұйымдастырушы; Бақылаушы, бағалаушы; Жетекші, сыншы; Демеуші, жанашыр; Коммуникативтік тренажер
Үйренуші әрекеті	Белсенді субъект; Белсенді қатысымға мұқтаж, бейім тілдік тұлға; Өзін-өзі дамыту; Шығармашыл, жасампаз тұлға; Әрекет субъектісі; Өзін-өзі тексеру; Өзін-өзі басқару
Өзара әрекет	Ізгілік; Ынтымақтастық; Өзара көмек; Еркіндік; Психологиялық микроклимат;

	Субъект-субъектілік қарым-қатынас әрекеті; «Компьютер – студент» диалогы
--	---

жалғасы - Кесте 2

Оқу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық буындары	Оқытудың инновациялық белсенді әдістер мазмұнының жалпылама сипаты
Оқытуды ұйымдастыру формасы	Интерактивтік дәріс; Бейне дәріс; Ақпарат-семинар; Қатысымдық ойындар; Жағдаяттық тапсырмалар; Интерактивті өзара әрекеттер; Сергіту сәттері
Оқыту әдістері мен технологиялары	Коммуникативтік (қатысымдық) әдіс; Жеделдете оқыту әдісі; Сүңги оқыту әдісі; Натуралдық әдістің тиімді элементтері; Суггестопедиялық әдістің элементтері; Миға шабуыл; Интерактивті; Проблемалық-зерттеушілік; Пікірталас; Дидактикалық оқу ойындары; Эвристикалық, жобалау Деңгейлік оқыту; Ақпараттық коммуникациялық технологиялар; Модульдік оқыту технологиясы; Дамыта оқыту технологиясы; Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы
Оқу формасы	Жұптық, топтық; Ұжымдық; Тұлға аралық қарым-қатынас
Оқытудың техникалық жағынан қамтамасыз етілуі	Компьютерлер желісі; Мультимедиалық проектор; Интерактивті тақта; Бейне-дыбыстық таспа жазулары; Мультимедиалық оқыту бағдарламалары; Электронды оқу құралдары; Интернет желісі; Электронды білім беру порталы; Электронды оқытушы парағы; Ір-Хелпинг;

Оқу үдерісінің құрылымдық-мазмұндық буындары	Оқытудың инновациялық белсенді әдістер мазмұнының жалпылама сипаты
Білімді тексеру, бағалау	Үздіксіз тексеру, объективті бағалау; Өзара тексеру, Өзіндік тексеру, Тест; Білім деңгейін анықтау компьютерлік бағдарламалары; Аралық және қорытынды сынақтарды ұйымдастыруға арналған компьютерлік оқу бағдарламалары
Нәтижесі	Өте жоғары, материалды толық меңгеру. Ақпараттық, қатысымдық, кәсіптік құзыреттердің қалыптасуы

Модульді материалының бір единицасын қамтитын «оқу пакеті» деп те атады. Модульді оқыту жүйесі ТМД елдерінде ең алғаш рет Литваның, Вильнюстің жоғары оқу орындарында оқу ғылыми мектебінің негізін салған ғалым – П.Юцявичене.

Ғалымның «Теоретические основы модульного обучения» атты ғылыми еңбегі модульді оқытудың методологиялық негізін салуда, принциптерін айқындауда, теориялық және практикалық мәнін көрсетуде, оқытуды ұйымдастыруда ең алғашқы іргелі зерттеу болып есептеледі.

Модульді оқытудың практикалық тұрғыдан тиімді екендігін Н.Д.Никандаров, Л.А.Толкачева, Л.М.Твердин, Г.Овено, В.Оконь, т.б. ғалымдар арнайы зерттеулері мен ғылыми мақалаларында атап көрсете бастады.

Модуль – латынның «өлшем», «шама», «мөлшер» деген сөзі. Модуль – іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік. Ол зерттеліп отырған педагогикалық құбылыстың мәнін сипаттайтын ғылыми білім жүйесін өзара функциональдық байланыстармен қоса ашып көрсетеді. Әрбір сабақ модуль материалды қисынды графикалық түрде түсіндірумен, мәліметтермен қамтамасыз етуімен, білімді мәндендіретін әдістермен сипатталады. Сонымен модуль дегеніміз – ірі блок, бөлшек, дидактикалық бірлік, шама, мөлшер. Яғни оқу үрдісіне енгізудің негізгі мақсаты:

- оқытудың тиімді жолдарын қарастыру,
- пән мазмұнын тереңірек меңгерту;
- білім алушылардың өз бетімен іздену қабілетін қалыптастыру, т.б.

Оқу үрдісіне модуль жүйесін енгізу үшін оны дұрыс ұйымдастыру қажет. П. Юцявичене модуль жүйесін ұйымдастыруда екі нәрсеге көңіл бөледі. Оқытуды жекелендіру (индивидуализация обучения).

Білім алушылардың дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік жасау. Оқытуды жекелендіруді білім берудің мазмұнына, меңгеру темпіне, меңгерудің жолдарына, тексеруге, педагогтің қарым-қатынасына қарай қарастырады. Оқытуды жекелеу - әр оқушы бір-біріне байланыссыз жеке білім алу емес. Әрбір жеке тұлға – ұжымның бір бөлшегі. Жекелеу материалдың мазмұнын білім алушылардың жеке бастарынан ерекшеліктеріне: ойлауы, білім, дағды, іскерліктеріне, жұмыс істеу қабілетіне белсендігі мен пәнге қызығушылығына негіздеу; оқытудың мазмұнын белгілі бір жеке мақсатқа құру; оқытудың темпін студенттің жеке басының игеру қабілетімен байланыстыру; т.б. Модульдің мазмұнын құрастыру. Модуль мазмұнын құрастыруда модульдік, әдістемелік және информациялық материалдардың тиімді берілу принципі басшылыққа алынады. Мұндай модуль материалдарының логикалық жалғастығы, пәнаралық байланыс ескеріледі. Модульдің мазмұны логика-құрамдық схемаға негізделіп құрастырылады. Модульдің мазмұнын құрастыруда білімнің берік болу принципі де басшылыққа алынады. Бұл мақсатта қайталау материалдары беріледі. Қайталау – оқу арқылы алған білімді бекіту, толықтыру, жүйелеу болады. Сонымен қатар оқу тапсырмаларына да көңіл бөлінді. Модульде қатар оқу тапсырмаларының (үй тапсырмасы деп бердік) мақсаты – оқушының пәнді тереңірек меңгеруіне, кәсіптілігін арттыруға, педагогтік шеберлігін қалыптастыруға мүмкіндік жасау. Оқу – оқушының білім алудағы әрекеті. Бұл әрекетті В.П.Беспалько екіге бөледі: репродуктивті және өнімді (продуктивті). Үй тапсырмаларын орындауда әрекеттің екі түрі де қолданылып отырады. Негізгі көңіл бөлгеніміз - өнімді әрекет. Өнімді әрекет оқушы жаңа информация алады, жұмысты орындауда жаңа әдіс – тәсілін үйренеді. Өнімді әрекет материалды игеруді 3(аңғару), 4 (практикада қолдану), 5(творчествоға айналдыру) деңгейлеріне негізделді. Оқу процесін басқару және оны әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Модульді оқытуда оқу әрекетін басқару және оны әдістемелік жағынан қамтамасыз ету маңызды орын алады. Модульді оқытуда оқытушы мен оқушы субъект – субъектілік қатынаста болады. Оқытушы негізінен кеңесші, ұйымдастырушы қызметін атқарады. Оқытушы өзінің басқарушылық қызметін модуль бағдарламасы арқылы іске асырып отырады. Модуль бағдарламасы арқылы оқытушының басқарушылық қызметі өзіне - өзі басқаруға айналады. Яғни басқару дами келе өзін - өзі басқаруға ұласады. Материалды меңгеру, игеру екі жақты процесс. Мұнда білім беруші (басқарушы) және білім алушы (басқарылушы) жақтар бірлесіп жұмыс істейді, әрекеттенеді. Өзін - өзі басқарумен оқу процесін жүйелеп отыру үшін оны әдістемелік жағынан қамтамасыз етіп отыру қажет. Әдістемелік қамтамасыз ету дегеніміз:

материалды тереңірек игеруге бағытталған иллюстрациялық материалдардың берілуі.

- теориялық материалдың нақтылығы, мақсатының айқындығы,
- қосымша әдебиеттердің қамтылуы, т.б.

Модульді оқытуда кері байланысты іске асыру үшін 3 түрлі міндетті шешу керек (П. Юцявичене).

- Кері байланыстың мазмұнын анықтау, яғни тексерілетін оқу элементтерінің жиынтығын анықтау.
- Меңгерудің сапасын көрсететін диагностика жасау.
- Кері байланыстың жиілігін анықтау

Біріншісі модульдің дидактикалық мақсатымен байланысты. Дидактикалық мақсатты ашатын барлық оқу элементтері тексерілуі тиіс. Диагностика оқушыдан талап ететін білім, дағды, іскерліктің көлемін, тереңдігін өлшеу, соған орай бағалаумен байланысты.

Модульді оқыту – оқу процесін активтендіретін, оқушылардың білім, дағды, іскерліктері мен кәсіби шеберлігін қалыптастыратын оқытудың тиімді бір нысаны. Модульді оқыту өз мақсатына жетуі үшін оған қажетті жағдайлар жасалуы қажет. Ол үшін, ең алдымен, оқу процесін модульге құру. Ал әр модульдің сапасы, мазмұнды құралуы үшін:

- модульдің мазмұны жалпы дидактикалық мақсаттан шығуы;
- әр оқу элементтерінің мақсатының айқындылығы;
- әр оқу элементтерін тексерудің формасының нақты берілуі;
- оқу әрекетін басқару жүйесі;
- тексеру нысандары анықталуы тиіс.

Модульді оқытуда ең қиын да, маңызды мәселе әр модульдің мазмұнын құрастыру, элементтерін анықтау. Ол үшін мынадай бірізділік сақталынады: нақты мақсат айқындалып, соған орай модульдің аты белгіленеді, жеке дидактикалық мақсаттар анықталып, модульдің логика –құрылымдық схемасы жасалады, оқытудың нәтижесі айқындалады; қайталау элементтері беріледі, ол әр модульдің алдында орналасады, оқытудың мазмұны құрастырылады; әр оқу элементін тексерудің сипаты анықталады; басқару жүйесі салынады.

Модульді оқытуда тексерудің тест әдісі кеңінен қолданады. Осы модульдік оқытудың теориялық түсініктері мен оқытушы үшін қажет жақтарын ескере отырып 6-сыныпта етістіктің етіс категориясын оқытудың бір сағаттық үлгісіне талдау жасадық.

Қазақ тілін оқыту – қиын да қызық жұмыс. Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау, оқытушының жеке басының интелектісін, оқу әрекетін, өтетін тақырып мазмұнын аша білу. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, қай кезде болмасын, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Технология мен әдістеменің мақсаты бір – «қалай оқыту мәселелерін қарастырады». Интерактивтік әдісі – оқыту әдісінің өзара қатынасқа батып кетуі (оқушы белсенділігінің мұғалім белсенділігінен жоғары болуы). Интерактивтік әдіс – мұғалім мен оқушының қарым-қатынасының мейлінше артуы. Қазіргі таңда оқыту технологиясы туралы екі пікір қалыптасып отыр. Бірінші, «технология – өнер, шеберлік» деген ұғымның синонимі ретінде аталады, яғни «педагогикалық шеберлік» деген ұғымды білдірсе, екіншіден, «білім беру ісін технологияландыру сол арқылы жоғарғы сапалы өнім алу, ғылым мен өнердің

синтезі» деген мағынаны білдіреді. Өндірістегі технология сапалы жаңа бір нәрсе жасап шығаруды нақты мақсат етіп соған жақсы материал, шикізат іздейді, оның жобасын конструкциясын жасайды, жоғары сапалы құрал-жабдықтарын әзірлейді. Педагогикалық технология үшін баланың жеке бас ерекшелігін білу, білімді соған қарай бағыттай беру ең басты мәселе. Білімді тұлғаға қарай бағыттау, белсенді, жан-жақты дамыған өзіне сенетін, өмірге икемді тұлға қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияларды қолданысқа енгізуде оқу-тәрбие үрдісінің қолайлық жағдайын туғызу оның базалық қорын жасау – жұмыс сапасының негізі болып табылады. Біздің бүгінгі мамандық жұмысымызда – морфологияға тиісті сөз таптарының бірі етістіктің етіс категориясын теориялық түсініктерімен қатар, жаңаша сабақ өту жолдары көрсетіліп берілді. Бұл жұмыста етістіктің етіс категориясы туралы толық теориялық түсінік бере отырып, оны оқушы ұғымына жеткере алу әдістерін сөз еттік. Кіріспеде зерттеліп отырған жұмысымыздың мақсаты мен міндеттері, зерттеу объектісі, қазіргі таңдағы жаңа педагогикалық технологияның сабақ барысындағы тиімділігі, маңызы, тілдік ерекшелігі, тіл біліміндегі орны, олардың қолданылу аясы жайлы кең сөз етілді. Бірінші тараудың бірінші бөлімінде етістіктің етіс категориясын, оның өзіне тән болған белгілері, өзгешеліктері теориялық мәліметтермен берілді. Етіс – етістіктің ерекше категориясы. Әдетте етіс қимыл, іс - әрекетті, субъекті мен объекті арасындағы (семантикалық – синтаксистік сипаты) әр түрлі қатынасын білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын етістік категориясы деп анықталады. Етіс категориясы деп амалдың субъекті мен объектіге қатысын, сондай-ақ керісінше субъекті мен объектінің амалға қатысын білдіретін формалардың жүйесін атаймыз. Бұл формаларда сөз тудыру қабілеті де, сөйлемдегі сөздердің синтаксистік құрылысын өзгерту қабілеті де болады. Етіс категориясының семантикалық (лексика – грамматикалық) сипаты қазақ тіл білімінде арнайы зерттелсе де, әлі тұрақты бір пікір жоқ. Зерттеушілердің бір тобы етіс тұлғаларын сөзжасам қосымшаларының қатарына жатқызады. Етістіктің етіс категориясы жайлы зерттеушілер А. Хасенова, А. Қалыбаева, И. Маманов, А. Ысқақовтың пікірлері көрсетіліп берілді. Екінші бөлімінде етістіктің етіс категориясының бөлінуі көрсетілді. Етістер жұрнақтарының түрлеріне, олардың мағыналары мен қызметтеріне қарай төмендегідей бес түрге бөлінеді: негізгі етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс, өздік етіс.

1) Негізгі етістіктің арнаулы көрсеткіші болмайды. Оған әрбір түбір я туынды етістіктердің де, күрделі етістіктердің де негіздері жатады. Бар, кел, сөйле, шөлде, ақта, арала, қарайла, оян қуан т.б.

2) Ортақ етіс -с, -ыс, -іс жұрнағы арқылы негізгі етіс формасынан жасалады. Мысалы: айтыс, әкеліс, апарыс, қарас, таныс, көмек, көрсетіс т.б.

3) Өзгелік етіс -т, -тыр, -тір, -дыр, -дір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз жұрнақтары арқылы және сол жұрнақтардың қабаттаса жалғануы арқылы негізгі етіс формасынан жасалады.

4) Ырықсыз етіс -ыл, -іл, -л жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: қой камалды, үй жиналды, жіп үзілді.

5) Өздік етіс -ын, -ін, -н жұрнағы етістік негізіне жалғану арқылы жасалыды. Мысалы: тара-н, жу-ын, ор-ан ки-ін.

Етіс категориясының төрт немесе бес түрінің жасалу жолдарына тіл біліміндегі зерттеушілердің таласты пікірлеріне салыстыру негізінде талдау жасалды.

Екінші тараудың бірінші бөлімінде қазіргі таңдағы заманға сай білім саласындағы сабақ өтудің жаңа интерактив әдістері, инновациялық технология жайлы сөз етілді. Қазіргі таңдағы заманагөй технологиялардың әдістері мәтін тануда «Ой шақыру», «Инсерт», «ББҮ», «Сахналық қойылым», «Диалог», «Монолог», «Авторға хат жазу», «Кластер», «Венн диаграммасы», «Кубизм», «Семантикалық карта», «Тірек сызба», т.б. элементтерінен пайдаланып сабақ өту жолдары көрсетілді. Етіс категориясын өтуде ұстаздың түрлі әдісті қолдана отырып сабақ өту жолдары ізбе-ізділігі сараланып берілді. Бұл әдістерде оқушыларға теориялық білімді толық түсіндіріп болғаннан кейін, оларды жаттығулар, тест тапсырмалары арқылы бақылау үлгілері көрсетіліп берілді. Етістің бес түрі бар екендігіне байланысты топардағы оқушыларға сол етіс түрлеріне арналған жұмбақтар шештіру, етіс түрлеріне байланысты сұрақтарға әрбір топтың оқушысы жауап беріп, білімдері сыналады. Теориялық сұрақтарға толық жауап алғаннан соң сергіту кезеңін өткереміз. Сергіту кезеңінде етістің бес түріне байланысты Абай өлеңдерінен қатарларды табу, жаттығулар орындау. Осылайша тақырыпқа байланыстыра отырып жаңа әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдаланып, айтар ойымызды оқушылармен бірлесе отырып шешіп отырсақ, сабақтың құны артады. Екінші бөлімінде етістіктің етіс категориясын оқытудағы жаңа педагогикалық технологияға сай модульдік жүйе әдісінен пайдалана отырып жарыс сабақ жолдары көрсетілді. Ең алдымен модульдік жүйенің не екендігіне түсінік беріліп, одан соң оның орындалу кезеңдері көрсетілді. Модульдік сабақ түрінде қарлы кесек, брейн-ринг, өрмекші, сиқырлы сандықша ойын түрлерінің сабақ өтуде қолданылу жолдары көрсетілді. Сабақ нәтижесінде оқушының теориялық білімдері толығып, оны практикалық түрде тапсырмалар орындау нәтижесінде меңгеруге ие болады. Бұл әдістерде оқушыларға жаттығулар, тест тапсырмалары арқылы бақылау үлгілері көрсетіліп берілді. Үшінші бөлімінде етістіктің етіс категориясының бір түрі болған өзгелік етісті деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушы ұғымына жеткере білу жолдары көрсетілді. «Халықаралық тәжірибелерге сүйіне отырып, қазақ тілін оқытудың қазіргі заманғы озық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеп, енгізу қажет. Мемлекеттік тілді тиімді меңгерудің ең үздік, инновациялық әдістемелік, тәжірибелік оқу құралдарын, аудио-бейнематериалдарын әзірлеу керек», - деген болатын Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі –«интерактивті оқыту әдісі» Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Интерактивті оқытудың мәнісі – кластағы барлық оқушы таным үрдісімен қамтылады, олар өздерінің

білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Таным үрдісінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді: әр оқушы өзіне тән еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерімен алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл үрдіс мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады. Интерактивті әдіс қолдану кезінде мыналар ескерілуі керек:

- тұлғаның еркіндігі мен құқықтары сақталуы;
- өзін көрсете алуына жағдай жасау;
- педагогикалық қолдау көрсету.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады: проблемалық шығарма әдістері, презентациялар, пікірталастар, топпен жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, сын тұрғысынан ойлау әдісі, зерттеулер, іскерлік ойындар, рөлдік ойындар, «инсерт» әдісі, сахналау, тест сынағы әдісі, дебат, т.б.

Интерактивті әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды: тақта, кітаптар, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, постерлер, компьютерлер және т.б. пайдалана отырып, таныстырулар жатады. «Миға шабуыл» («ми шабуылы», «ми штурмы» немесе «дельфи») әдісі бойынша берілген сұраққа әр оқушы жауап бере алады. Маңыздысы – айтылған көзқарасқа баға қоймау керек, барлық жауап қабылданады және әр пікір тақтаға немесе қағазға жазылғаны дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері тиіс. Бұл әдісті кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Қорыта айтқанда, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімнің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Өйткені жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге таярлау – мұғалімнің кәсіби білімін көтеруге таярлау аспектісінің бірі және педагогтің жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Егер өткізілген жұмыстар бойынша мысал келтіретін болсақ, төмендегідей болады:

1-деңгейлік тапсырмасы. Шағын мәтін беріледі. Сөйлемдердің құрамынан өзгелік етісті теріп алып, олардың түбірі мен жұрнақтарын дефис арқылы ажыратып жазыңдар.

«Қобыз сазы» тақырыбы әңгімесінен етістік категорияларының түрлерін табыңыздар.

... Қобыз үні бейнебір жортқан аттың аяқ дыбысына түсіп, созыла беріпті. Бір кезде үрген ит, ыңыранған әлдеқандай үн елестеп, күңгірт қуаныш, әлдекімнің наразылығы байқалып, байлаулы ат босанғандай, құбылып ұйтқыған үн бір еркіндікке шығып самғаған қырандай қалықтап біраз отырды да, барынша үнін жіңішкертіп, алуан түрлі құбылтып, айрықша көркем бейнені елестете отырып, ... ботасы өлген нардай боздап, иесіз қалған иттей ұлып, алуан түрлі құбылып, үн қайғы мұхитына малыныпты да кетіпті. Бебеу қаққан қыл сыңсып жылағанда әкем де, тоқым төсегінен тұрмай отырған жолдасы да езіліп, көз жастары тамшылап жүре береді. (Қ. Әбдіқадыров).

2-деңгейлік тапсырмасы. Терме диктант. Берілген мақал – мәтелдерден өзгелік етістерді теріп жаз.

- Ер өтірік айтпайды,
Жоқтық айтқызады.
- Ер асылық айтпайды,
Тоқтық айтқызады.
- Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.
- Өзен, су көлге жеткізер,
Соқпақ жолға жеткізер,
- Жол молға жеткізер.
- Ақылды адам айтқызбай білер,
Ақ сұнқар қаққызбай ілер.
- Ашу шабыстырады,
Ақыл табыстырады.
- Елдестіркем елшіден,
Жауластырмақ жаушыдан.

3-деңгейлік тапсырма. Өлең шумақтарынан өздік етісті тауып, өзгелік етіске айналдырып, сөйлем құраңдар.

- 1) Ағашқа қонып, қаранып,
Қанатын, жүнін таранып,
Болмақшы еді мәз-мейрам.
- 2) Ісіндің, кебіндің,
Сонда да не пайда?
Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда?
- 3) Төсі төмен салынған,
Бауыры ішке алынған,
Шоқтығы озат көрінген
Қатар тұрған нарыннан.
Құлан дерсің мүсінін
Қарап тұрсаң алдынан.
Отан қорғар ұлымның
Мінеріне осы ат
Лайық деп танылған.

4-деңгей. 1. Етістерді қатыстырып «Адамгершілік – асыл қасиет» тақырыбына ой-толғау жаз.

Ортақ етіске мысалдар

- 1) Абай да, Жұмабай да қызығып **тыңдасты** (6-б.).
- 2) Тонтекеңнің жиенімін деп тұр ғой! – десіп, Абайдың нағашыларын **есіне алысты** (14-б.).
- 3) Іштей Құнанбаймен **андысып** қалған сияқты (22-б.).

- 4) Биыл да, бұл отырған барлығының кеңес Шыңғыс сыртындағы Бақанас, Байқошқарға шейін **көшіп барыспақ** (23-б.).
- 5) Жиренше басқа да бірдеңелер **сөйлеспек боп**, бөгемек еді, қайырылған да, үндеген де жоқ (26-б.).
- 6) Үндемей иіндері тиісіп, көздерін алмай, ұзақ-ұзақ **отырысады** (31-б.).
- 7) Жалма-жан аттарына тегіс міне сап, күншығыс жақтағы Қарашоқыны беттеп, тұмсық ала **шаба жөнелісті** (32-б.).
- 8) Соған қолы ұзын Жексен **қарайласа** нетуші еді? (33-б.).
- 9) Тақырдың ортасынан шұқыр қазып, соған бір қу сүйекті әкеп бейітше томпайтып көміп қойып, жан-жақтан аңдыздап «ат қойып», ұзақ **шуласқан** (47-б.).
- 10) Кейін Түсіпке талай рет зығыры қайнап, шынды **айтысқанда**: - Құнанбаймен сөз біткен... – дей беретін (58-б.).
- 11) Құнанбай кеп түскенше жапырлап сөйлеп, **күлісіп, әзілдесіп** жатқан әйелдер Құнанбайға Майбасар кеп есік ашқанда жым-жырт бола қалды (59-б.).
- 12) Әр ауылдың өш иттері бір-біріне **арсылдасады** (61-б.).
- 13) ... Омыраулап, баса-көктеп көшпей-ақ **хабарласып, тілдесіп** алсаң нетуші еді? (67-б.).
- 14) Құнанбай қазір солардың бар руын бір араға жиып ап, соның бар қауымымен бетпе-бет **кінәласып, жүгінісіп** тұрған кісі тәрізді (67-б.).
- 15) Ырғызбай жағынан шыққан қалың қолды көрісімен, ауылдағы барлық жиын аттарына қарай асыға **жүгірісті** (83-б.).

Өзгелік етіске мысалдар

- 1) Аса тілеулес ағасы Абай оның алдынан шықпайды және ешкімге бетін де **қақтырмайды** (109 бет).
- 2) Аялдамастан Абайға кеп, өзгеше бір қызғын жайын көңіл мен жүзден танытқан (109 б.).
- 3) Әмір Біржанмен ел шетінде кездесіп, екі-үш күн бірге болып, өз ортасына шақырып қойып, өзі үй **тіктірмек** боп және сал жөнімен, баппен қарсы алмақ боп, алдымен келген (109 б.).
- 4) Біржанға оларды танытып, көп қызық мәжілістер құрған (109 б.).
- 5) Өздері әнін үйретіп, сыйластық, құрметтестікке жеткен соң, көп ауылдардың жастары Біржан мен Абайды өз ауылдарына шақырып, үзілмеген ұзақ сауық күн-түндерін **өткізген**.
- 6) Одан қайтар жолда Базаралы, Оралбайлар Жігітек ішінде көп күндер қыдыртып, қонақ еткен-ді (110 б.).
- 7) Сонымен қазір Біржандар қайтатын шақ жеткен соң, Абай осы тұрған төрт үйді әдейі қонақтарды шығарып салу тойына арнап **тіккізген** (110 б.).
- 8) Тоңазыта діріл **қақтырған** бір толқынға бой бергендей (111 б.).
- 9) Ақша маңдайлы, кең сұлу жүзді Үмітей ашық үнмен сыңқ-сыңқ етіп, үй ішіне естірте күледі (111 б.).
- 10) Тек Жиренше шыдай алмай қозғалақтап:

- 11) Жаным-ау, Әйгерімнің үні осы қызыл көмейінің үні ме, жоқ бейіс үні ме? – деп үй ішін күлдіргенде, Біржан ақырын ғана Базаралы жаққа үн қатып:
- 12) Ән салса, Әйгерім ғана салсын да!-деді.
- 13) Қонақтар да осы орайда желпініп келмек боп есікке беттеді.
- 14) Әйгерім тұрып, қымыз ыдыстарын жиғызуға белгі берді (114 б.).
- 15) Ол үйге келісімен, соңғы қымыздарын ішісіп болған қонақтар ырза-қоштарын айтысып, Абай, Біржанға соңғы алғыстарын да білдіріп, қимас жүзбен жүрмекке беттеді (115 б.).
- 16) Жан-жаққа топ-топ боп тарап кетіп жатқан жиынды Абай, Біржан, Ербол, Әйгерімдер тысқа шығып тұрып, аттандырып жатыр (115 б.).
- 17) Осы топ сол күні кешке Құнанбайдың үлкен әйелі Күнкенің ауылында, Әмір тіккізген үйде болды (117 б.).
- 18) Ақыры Абай бастаған барлық Біржан достары, еркек-әйел боп тысқа шығып, сал-серілерді қолтықтап тұрып аттандырған кезде, Біржан ең соңғы бір ағалық тілекті жас әншілерге жолдады (118 б.).

Өздік етіске мысалдар

- 1) Жөнелтуге Құртқаны
- 2) Көктім Аймақ **ойланды.**
- 3) Алтынмен ішін безеген
- 4) Сырты күміс ақ отау
- 5) Келістіріп түзеген,
- 6) Арттыруға **сайланды.**
- 7) Қобланды батыр
- 8) Ер салды атқа батырлау,
- 9) Алтынды тұрман **тағынып.** (21 бет, Қобланды батыр)
- 10) Құрсаулы қара нар келіп,
- 11) Қарсы қарап **шабынды.** (38 бет, Алпамыс батыр)
- 12) Бір арыстан өзіме
- 13) Шабатұғын **көрінді** (38 бет, алпамыс батыр)
- 14) Жазым болып кетер деп,
- 15) Үстінде бала **бекінді.** (51 бет, Алпамыс батыр)
- 16) Тағы Шұбар **бұлқынды,**
- 17) Үстінде бала **жұлқынды.** (51 бет, Алпамыс батыр)
- 18) Дұшпандарым **күйінді,**
- 19) Жалаңашым **киінді.** (60 бет, Күлтегін)
- 20) Жазғы шыққан бүлдірген
- 21) **Сұғынсаң** тояр ма екенсің? (65 бет, Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас»)
- 22) Сен де бір кірпіш дүниеге
- 23) Кетігін тап та, бар **қалан!** (73 бет, А. Құнанбаев «Әсемпаз болма әрнеге»)
- 24) Теңізге пәрменінше құя салып,

- 25) **Мақтанды** мырзасынып тауға барып.(81 бет, А.Байтұрсынов «Қара бұлт»)
- 26) Айнала **қаранады**, қаланы іздейді.(134 бет, Ғ.Мүсірепов «Жапон балладасы, Тастың әңгімесі»)
- 27) Рай бұл сұрақтың біріне жауап таппай, ойы тұйыққа тіреліп келе жатыр еді; өкпе тұсынан ат **оқыранды**. (161 бет Ә.Нұрпейісов «Балықшылар»)
«Көксерек» әңгімесі бойынша ырықсыз етістерге мысалдар.
 - 1) Жаз шөптер басылып,тапталып қалған.(101)
 - 2) Қозы екі Қомағай ауыздың кергісінде қан жоса болып дар-дар айырылды. (101)
 - 3) Күшіктер бірі үйіліп,бауырын көтеріп қыбырлай алмай,жақын жерде жатыр еді .(101)
 - 4) Қой жараланды.(102)
 - 5) Қозы алып қашылды.(102)
 - 6) Бұзаулар өлтірілді.(102)
 - 7) Бауырын көтеріп ,тырбанын жүруге айналған соң,мойнына жіп тағылды.(102)
 - 8) Бірнеше рет шағырмақ жақсы күндер болып,әр жердің қары тесілді.(108)
 - 9) Жазғытұры көкпен көбең семірген желқұйрық айғырлар қайта мінілді. (109)
 - 10) Бәрі бірдей соның сонына қарай үнілді.(109)
 - 11) Кей-кейде ара-түнде жарқа етіп, күрс беріп мылтық та атылады. (110)
 - 12) Үстіне гүрілдеген қасқыр төніп келгенде, көзі бір ашылып, бір жұмылды. (113)
 - 13) Ол болса, осы Ақсораңның айналасынан табылады. (115)
 - 14) Жарап жүрген бедеу биелер мен жүйрік айғырлар түн ортасында ұсталып, тоғын қашырып алып еді. (115)
 - 15) Құлағына алыстан бір сарын естілді. (116)
 - 16) Жотаға шыға бере Аққасқа да көріп, атылып, секіріп кеп кетті.
 - 17) Ауыздары бір-бірінен айырылған жоқ. (118)
 - 18) Жұрттың бәрі айнала үйіріліп, соны күтті. (115)
 - 19) Бірақ Аққасқа жығылған жоқ: тік етіп барып төрт тағандап тұра қалды. (117)
 - 20) Содан бері қысқы жүні жетіліп, өңі ажарланып, қатты құлпырып алған. (113)

Жоғарыда аталған мысалдардан етіс категориясының қазақ тілінде әлі толықтай зерттелмегенін көріп отырмыз. Қазақ тілін автоматтандыру барысында осындай көптеген кедергілерге кездесеміз. Әр етістің етістіктерге жалғану заңдылықтарын, статистикасын, жиілігін зерттеу ұзақ уақыт пен қажырлы еңбекті қажет етеді. Бұл мәселе тек тілді автоматтық тұрғыдан тану үшін ғана емес, аударма саласы үшін де, қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту үшін де өте маңызды. Сондықтан қазақ тілі лингвистерінің алдында атқарар жұмыс әлі өте көп.

2.3 Етістің функционалды грамматика ұғымдарымен ұштасуы бойынша эксперимент

Етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметін айқындау, сөйлеушілердің қабылдау ерекшелігін, етіс семантикасының тілдік санадағы көрінісін, түсінік деңгейін анықтау мақсатында арнайы дайындалған кестені толтырту арқылы оқушылар, студенттер, аудармашылар, оқытушылар және маман емес адамдар арасында эксперимент жүргізілді.

Информанттардың жалпы саны — 60, олардың 54-і қазақ тілін еркін меңгерген, ана тілім деп есептейді. Ал алтауы қазақ тілін үйреніп жүр.

Информанттардың жас мөлшері — 13 жас пен 56 жас аралығы.

Эксперимент жүргізілген уақыт: 2014 — 2015 жылдар аралығы.

Эксперимент материалдары — қазақ тіліндегі етіс тұлғалары.

Эксперимент мақсаты — етіс тұлғаларының қызметі мен мағынасын ажырату арқылы осы тұлғаларды информанттардың тілдік санасындағы қызметін анықтау. Сол арқылы сөйлерменнің тілдік санасына көңіл бөлу, қазақ тілін ана тілім деп есептейтін, еркін меңгерген сөйлермендер мен қазақ тілін жаңадан үйреніп жүрген сөйлеушілердің тілдік санасындағы, сондай-ақ қазақ тілін үйретіп, қазақ тілі бойынша дәріс беріп жүрген мұғалімдер мен орыс тілінен қазақ тіліне аударма жасап жүрген аудармашылардың тілдік санасындағы етіс тұлғаларының қызметін айқындау.

Эксперимент тапсырмалары бірнеше бағытта жүргізілді:

1) етіс тұлғаларын ажырату үшін формаларын беріп, информанттарға ол тұлғалардың қай етіске тиесілі екенін ажырату, сонан соң мысал келтіру;

2) етіс тұлғаларын қатыстырып, сөйлем құрату, сонан соң оның қай етіс тұлғасы екенін анықтау;

3) етіс тұлғаларын қатыстырып, сөйлем құрату, ол сөйлемдерді орыс тіліне аударту, сонан соң етіс тұлғасының қай етіске тиесілі екенін анықтау;

4) етіс тұлғаларының қай етіске тиесілі екенін көрсетіп, сонан соң мысал келтіру.

Эксперимент қорытындысы бойынша, ортақ етіс пен өздік етіс қосымшаларының мағынасы мен қызметі 100% дұрыс көрсетілді. Ырықсыз етіс тұлғаларының мағынасы мен қызметін анықтауда информанттардың 10% жауап беруге қиналған. Бұл орайда экспериментке мамандарды ғана тартуды мақсат етпедік. Сол себепті қарапайым сөйлерменнің тілдік санасындағы көрінісін айқындау мақсатымен тілді меңгергенмен, мүлде басқа салада жұмыс істеп жүрген информанттар қамтылды. Информанттар арасында едәуір қиыншылық тудырған етіс тұлғалары — өзгелік етіске қатысты болды. Мұнда мектеп оқушылары мен мұғалімдер бірауыздан — **-т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде таныған. Бір қызығы — алдымен тұлғаның қай етіске тән екенін анықтап, кейін мысал келтіру тапсырылған информанттардың барлығы да аталған жұрнақтарды (**-т, -қыз, -тыр, -р**) өзгелік етіс қосымшасы ретінде көрсеткен. Ал алдымен мысалын келтіріп, кейін тұлғаның қай етіске қатысты екенін анықтау тапсырылған информанттар, аудармашылар мысалды

дұрыс келтіргенмен, бұл жұрнақтардың қай етіске қатысты екенін анықтауда жауап бермеген. 2 аудармашы аталған қосымшаларды «басқа етіске» жатқызған. Сол сияқты орыс тілді, қазақ тілін еркін меңгермеген 3 информант та мысалды дұрыс келтіргенмен, жұрнақтардың қай етіске қатысты екенін көрсете алмаған. Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік:

1) информанттар үшін ортақ, өздік етіс тұлғалары ешқандай қиындық тудырмаған, барлық информант бұл етіс тұлғаларын дұрыс көрсеткен;

2) қосымшалары ұқсас (**-ыл/-іл; -ын/-ін**) болғанмен, информанттардың 90% өздік етіс пен ырықсыз етіс тұлғаларын ажыратқан;

3) өзгелік етіс қосымшаларының қызметі мен мағынасын талдауда информанттар біраз қиналғаны байқалады. Мұнда қазақ тілі пәнінің мұғалімдері (2) мен мектеп оқушылары —**т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде көрсеткен. Бұл жұрнақтардың өзіндік ерекшеліктерін аудармашылар байқаған. Сондай-ақ қазақ тілін толық меңгере қоймаған информанттардың «жауап беруге қиналғанын» да аталған қосымшалардың мағыналық ерекшеліктерін байқағаны деп бағамдауға болады. Сондай-ақ 15 информант —**т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтарын өзгелік етіс көрсеткіші ретінде көрсетіп, мысалдары да соған сәйкес келді. Эксперимент нәтижелерін талдай отырып, қазақ тілін ана тілім деп санайтын, тілді еркін меңгерген, тіпті қазақ тілі пәні бойынша сабақ беріп жүрген мұғалімдердің тілдік санасында —**т, -қыз, -тыр, -р** жұрнақтары өзгелік етіс көрсеткіштері ретінде әбден қалыптасып, сіңіп қалғанын, ал аудармашылардың екі тілді салыстыру негізінде ол жұрнақтардың өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқағанын аңғарамыз. Сондай-ақ алдымен тұлғаның қай етіске тән екенін көрсетіп, кейін мысалдар келтірген информанттардың дені бұл жұрнақтарды өзгелік етіс қосымшасы ретінде көрсеткен, ал алдымен мысалдар келтіріп, кейін ол тұлғаның қай етіс көрсеткіші екенін анықтаған информанттар бұл жұрнақтың қай етіске тән екенін ажыратуда қиналған. Яғни информанттардың тілдік санасында олар өзгелік етіс көрсеткіші ретінде толық қалыптаса қоймаған, нақты тілдік деректер оған мүмкіндік бермеген. Сонымен, қатынас тілде түрліше көрініс тауып, түрліше концептуалданады. Морфология деңгейінде ол етіс категориясы арқылы көрінеді. Бұл концепт, басқа концептілер сияқты, жіктеуші сипатта болады. Ол адам санасында тіл арқылы түзіліп, белгілі бір жағдаятқа қатысушылардың субъектілі-объектілі қатынастары туралы тілдік білімдерге негізделеді. Жіктеуші сипатта болумен қатар ол тіл жүйесі мен сөйлеушіге бағытталады. Яғни етіс концепті етіс морфологиялық категориясы мен оның көрсеткіштері арқылы көрініс табатын концептуалды деңгей бірлігі болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Өнер алды - қызыл тіл», - дейді халқымыз, сол өнердің де білімнің де, алды адамдар қарым-қатынасында, басты құралы тілде талай – талай қызық бар. Пайымдап қарасақ, ана тіліміздің сөздік қоры мол орлымыз екенін көреміз. Тіліміздің сан алуан сырын, қызық құбылысын оқушыларға грамматиканы оқып үйрету арқылы меңгере аламыз. Ал қазақ тілінің грамматикасы екі үлкен саласыдан тұрады: морфология сөздің құрамын, сөз тұлғасы ерекшеліктері мен сөз табы қасиеттерін зерттесе, синтаксис сөздерінің байланысу заңдылықтарын, сөз тіркесі және сөйлем синтаксисін қарастырады.

Әр сөз табын қазақ тілі сабағында нақты оқушыларға түсіндіру барысындағы ең қиыны – етістік және тікелей етістікке қатысты етіс категориясы. Етіс категориясы тіл білімінде аз зерттелген. Орыс ғалымдары XIX ғасырдың жартысынан түрік тілдерін зерттей бастады. Сол кезден бері жазылған еңбектерде тілдің басқа салаларымен бірге етіс категориясы да сөз етілді.

Бұл мәселе жөнінде қазақ тілін зерттеушілер түрік жүйелі тілдерді тексеруге алғашқы қадам болағн бұл ғалымдардың, олардың ішінде «Алтай тілі грамматикасының» авторы А. Архангельский мен П. Мелоранский кейін шыққан «Қазақ тіліндегі етіс категориясы» авторы С. Шкуриден тағы басқалардың кейбір пікірлеріне сүйеніп, күні бүгінгі дейін пайдаланып келеді. Бұл жерде етіс категориясын беруде С. Аманжоловтың ролі ерекше, өйткені етіс саласындағы басқа зерттеулерге қарағанда С. Аманжолов негізінен етістің үш түрін қаыптастырды. Бұлар осы күнге дейін кеңінен қолданылуда.

Тіл мәдениетті мен сауаттылық – тіл дамыту жұмыстарының басты міндеттерінен саналады. Айтылатын ойды екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуде, жүйелі жазып, негізгі ойды нақты жазып беруде сөз дәлігін сақтау, тіл тазалығын ұстану, қарадүрсін сөйлемей, сөз әсерлігін арттыру мәселелері қарастылуы керек.

Оқушылардың тілін дамыту үшін қазақ тілі сабағында Ж. Аймауытовтың шығармаларынан ортақ етіс тұлғаларын жинап, оның стильдік сипатын көрсету бұл жұмыстың өзекті мәселесі.

Жұмыстың бастапқы бөлімінде етіс категориясының қолдану аясы қарастырылды. Негізгі бөлімінде Ж. Аймауытовтың шығармаларындағы ортақ етіс тұлғалардың стильдік сипаты зерттерлінген.

«Күміс кездік қап түбіне жатпайды» - дейді халық даналығы. Бұл оймен сөздің түпкі сырына деп қойсақшын асыл, қымбат қазына қилы кезең, шытырман уақытта да сыны мен сипатын өзгертпейді. Біз мұны қоғамдық - саяси, мәдени - рухани өмірімізде демократиялық бағыт кең өріс алған бүгінгі шақта айқын аңғарамыз.

Бұған төл әдебиетіміздің барлық жанрында өнімді еңбек еткен «ел үшін күйген» Ж. Аймауытұлының өмірімен шығармашылығы жан-жақты дәлел.

Жүсіпбек Аймауытұлы 1989 жылы қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қызылтау болысының бірінші ауылында туған, өлеңді 13 жасынан бастап жаза бастаған, екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне орналасады, 1919 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірді. 1931 жылы репрессияға ұшырап, Сталиндік режимының құбаны болып, атылды.

Жүсіпбек Аймауытұлының тағдыры ауыр, өмірі қысқа болғанымен, шығармашылық мұрасы өте бай.

Қазақ әдебиетіндегі жекелеген қаламгерлер өмірі мен шығармашылығы әр кез сөз етіліп, зерттеу нысанасы болғаны белгілі. Осы орайда Жүсіпбек Аймауытұлының есімі мен еңбегі 1920-1930 жылдары әр қилы, сөз етіліп, бағаланғаны болмаса арнайы зерттеу жүйесіне айналмаған еді.

Бұл зерттеудің негізі мақсаты Ж. Аймауытовтың шығармалары арқылы ортақ етістің жасалу жолдарын көрсету, жалпы морфологиялық, синтаксистік мағынасын, стильдік сипатын көрсету. Осы негізі мақсатты айқындау үшін алдымызға мынадай міндеттер қойдық:

- Аймауытовтың «Қартқожа», «Ақбілек» романдарынан етістерді жұнақтар арқылы тауып, стильдік сипатын зерттеу тұлғаларының мағыналық ролін көрсету.
- Осы шығармаларда жазушы не үшін ортақ етісті қолданды, ортақ етіс
- Осы міндеттерді орындау үшін 1988 жылы ақталған Ж. Аймауытовтың

100 жылдығына орай 1989 жылы Алматыда «Жазушы» баспасында жарық көрген, соның ішінде «Ақбілек» романы тұнғыш рет баспадан шыққан және «Қартқожа» романдағы ортақ етістерді теріп 200 карточкалар жасалды. Қажетті теориялық негіздер А.Байтұрсынов, С.Аманжолов, А.Аманжолов, А.Қалыбаева, С.Исаев, А.Ысқақов, С.Қирабаев, Ш.Бектуров, М.Серғалина, Қ.Бітібаева, А.Зейнулинна, Ғ.Имамбаевалардың еңбектерінен алынып, көркем әдебиет тілі мен жекелеген ақын-жазушылар шығармаларының тілі

бойынша жазылған зерттеу жұмыстарының ғылыми тұжырымдамалары басшылыққа алында.

Жұмыс барысында тарихи – саластырмалы, бақылау объективті – аналитикалық сипаттау, статистикалық әдіс – тәсілдері қолданылды. Бұл жұмыста жерлес ақын жазушының шығармаларындағы ортақ етіс тұлғаларының стильдік сипатына тұжырымдар жасалды.

Диссертация жұмысын орындау барысында онда шешілуге тиісті төмендегідей тұжырымдар ұсынылып отыр:

- Роман жанрының ауқымды мәселері.
- Ж.Аймауытовтың романдарындағы ортақ етістің лексика-симантикалық құрылымы.
- Шығармалардағы ортақ етіс тұлғалардың стильдік сипаты. Зерттеу нәтижелерін мектептерде факультатив сабақтарында, арнай курс қазақ тілі және әдебиетіе тереңдетіп оқыту сыныптарда, жас ғалымдарға немесе филология факультетіндегі қазақ бөлімі студенттері үшін арнай курстар мен семинарлар жүргізуге қосымша құралы ретінде пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Байтұрсынұлы А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. Құрастырған Р.Нұрғалиев. – Алматы, Жалын, 1991. – 464 б.
- 2 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.
- 3 Ахметжанова З.К. Ядерные концепты казахской культуры как основа казахской языковой картины мира //Этнос және тіл атты академик Ө.Қайдардың 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – Б. 175-179.
- 4 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, Рауан, 1998. – 304 б.
- 5 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: 10.02.19. –Алматы, 2004. – 54 б.
- 6 Постовалова, В.И. Картина мира в жизнедеятельности человека //Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М., 1988. – С. 8-69.
- 7 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы, Қазақ университеті, 2005. 140 б.
- 8 Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. — М., 1998. – 296 с.
- 9 Уәлиев Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил.ғыл.докт. дисс.:10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
- 10 Байтұрсынов А. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том. Тіл құралы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы, Алаш, 2005. – 352 б.
- 11 Кубрякова Е.С. Когнитивные аспекты морфологии //Язык: Теория, история, типология. – М., 2000. – С. 22-27.
- 12 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. –Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.
- 13 Айдарбек Қ. Қазақ терминологиялық аталымының ономазиологиялық негіздері. – Алматы, Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 384 б.

14 Садирова К. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері. Филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты: 10.02.02. –Алматы, 2008. – 48 б.

15 Бондарко А.В. О структуре грамматических категорий (Отношения оппозиции и неоппозитивного различия) //Вопросы языкознания. –1981. –№ 6.– С. 17-28.

16 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.

17 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, Ана тілі, 1991. – 384 б.

18 Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 2-том. Оқу құралы. Құрастырған О.Жұбаева. – Алматы, Алаш, 2005. – 336 б.

19 (Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: «Жазушы» 2009. – 376 бет. – «Қазақтың 100 романы» сериясы)

20 Маманов Ы.Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың тексттері.- Алматы, 1973.– 89 б.

21 Маманов Ы.Е. Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991, №7. -17-19 б.

22 Гвоздев А.Н. Современный русский язык. Часть 1, 1961. – 118.

23 Виноградов В.В. Русский язык. 1944. – стр. 25.

24 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 303 б.

25 Жаңабекова А.Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. Канд. дисс. – Алматы, 2001.-160 б.

26 Маманов Ы. Қазақ тіліндегі көптік форма // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2-шығуы. – Алматы, 1973.-31-36 б.

27 Омарова А. Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. Ф.ғ.док.дисс. – Алматы, 2006.-281 б.

28 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967. – 264 б.

29 Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистико-лингвистикалық талдау. КД, 1973. – 242 б.

30 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

31 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

32 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.

34 Бондарко А.В. Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. – Ленинград, 1983. – 208 с.

35 Түймебаев Ж. Өткен шақ формаларының транспозициясы // Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983.-94-101 б.

36 Ы.Мамановтың етістік түбірінің семантикалық, грамматикалық өзгеруі туралы көзқарасы //Оқытушылардың, аспиранттардың және ізденушілердің ғылыми мақалаларының жинағы, 4-шығыуы, Алматы, 1999 жыл, 82-85 б.

37 Қ.Жұбанов пен Ы.Маманов еңбектеріндегі қалып етістіктерінің көрінісі // Қ.Жұбановтың туғанына 100 жыл толуына арналған «Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 1999 жыл, 202-209 б.

38 Қазақ тілі морфемалар жүйесі. А., 2001.

39 Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 2000.

40 Хасенов Ә. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. А., 1971.

41 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А,1956-1993.

42 Сауранбаев Н. Қазақ тілі . А, 1953.

43 Төлеуов Ә. Сөз таптары. А; 1982.

44 Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі . А., 2001.

45 Қазақ тілі (фон.лек., морф., синт.) М.Қараев, А. “Ана тілі” 1993

46 Қазақ тілі сөздерінің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін қатар талдау. М.Дастанов. А. “Рауан” 1991

47 Сөздің морфологиялық құрылымы. А.Ибатов. А. 1983

48 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. І.Кеңесбаев, Ш.Ахметова, Т.Жанұзақов. А. 1959

49 Абай Құнанбаев, Шығармаларының толық жинағы, 1-2-томдар. Алматы, 1995.

50 Ұлттық энциклопедия, Алматы, 1999, №1

51 И.А.Каримов. Жоқары мәнаұйят – жеңілмес күш. Ташкент. 2008. 60 б

52 Қазақ тілінің грамматикасы. І. Морфология.; II синтаксис. Алматы. 1967.

53 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы. 1971. 210-211 б.

54 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.Алматы. 1984. 296 б.

55 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986. 36 б.

56 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986. 33-34 б.

57 Қазақ тілінің грамматикасы. І. Морфология.; II синтаксис. Алматы. 1967. 169 б.

58 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.Алматы. 1984. 297 б.

59 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986. 36 б.

60 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986. 37 б.

61 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986. 40-41 б.

62 Қазақ тілінің грамматикасы. І. Морфология.; II синтаксис. Алматы. 1967. 174-175 б.

63 Маманов И. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. Алматы. 1986. 49-52 б.

- 64 Қазақ тілінің грамматикасы. 177-178 б.
- 65 Ахметов А.К. Принципы технологии и содержание образовательной программы. Алматы. 1995.
- 66 А; Дайрабаева Г. Педагогика пәнінің негіздері. - Алматы. 2005
- 67 Аймауытов, Ж. Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар // Шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- 68 Бондарко, А. В. К теории поля в грамматике – залог и залоговость [Текст] / А. В. Бондарко // Вопросы языкознания. – 1972. - № 3. – С. 20-35.
- 69 Бондарко, А. В. Категориальная ситуация: к теории функциональной грамматики [Текст] / А. В. Бондарко // Вопросы языкознания. – 1983. - № 5. – С. 20-32.
- 70 Исаченко, А. В. О грамматическом порядке слов [Текст] / А. В. Исаченко. – М. : Просвещение, 1960. – 364 с.
- 71 Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 688 б.
- 72 Қазақ тілі грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.– Астана, 2002. – 784 б.
- 73 Рысалды, К. Актуальные проблемы казахской грамматики [Текст] / К. Рысалды. – Алматы, 2007. – 481 с.
- 74 Шаяхметұлы, Қ. Қазіргі қазақ тілі (Сөзжасам – дериватология, сөзөзгерім – морфология). – Семей-Новосібір : Талер-Пресс, 2007. – 334 б.